

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрінің 2014 жылғы 2
желтоқсандағы № 862 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2015 жылы
5 қаңтарда № 10056 тіркелдіМинистерство внутренних дел Республики
Казахстан

**Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының
жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік
құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші
куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы**

"Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі
Заңының 10-бабының 24-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Көлік құралының сәйкестендіру
нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және
есепке алу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Механикалық көлік құралдарын
жүргізушілерді даярлау қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Емтихандар қабылдау және жүргізуші
куәліктерін беру қағидалары бекітілсін.

2. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың
полиция департаменттерінің (бұдан әрі - ПД), Қазақстан Республикасы ІІМ-нің
(бұдан әрі - ІІМ) Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің бастықтары:

1) осы бұйрықты ішкі істер органдары жеке құрамының зерделеуін, сондай-
ақ Қағидаларда көзделген қызметтік құжаттаманы дайындауды қамтамасыз етсін;

2) ішкі істер органдарының жұмысын осы бұйрықтың талаптарына сәйкес
ұйымдастырсын.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.02.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.

6. Осы бұйрық 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларының 17-тармағының 14), 15) және 16) тармақшаларын қоспағанда, алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр полиция генерал-лейтенанты

Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер Министрінің м.а.

_____ Р. Жошыбаев

2014 жыл "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2014 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 862 бұйрығына
1-қосымша

**Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының
жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарын тіркеудің және есепке алудың бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Қағидалар халықаралық қозғалысқа қатысатын, басқа мемлекеттің құзыретті органында тіркелген және Қазақстан Республикасына бір жылдан аспайтын мерзімге әкелінген көлік құралдарына және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрылымдарының механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне қолданылмайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) дипломатиялық корпуспен жұмыс жөніндегі ұйым – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық өкілдіктермен, халықаралық ұйымдармен және/немесе олардың өкілдіктерімен, консулдық мекемелермен және Қазақстан Республикасында аккредиттелген олардың қызметкерлерімен жұмыс жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйымы;

2) жоғары сұранысқа ие мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері (бұдан әрі – МТНБ) – жеке және заңды тұлғалардың автомобильдеріне арналған:

010, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 077, 080, 090, 707 цифрлық белгідегі;

бірдей әріптік белгілері бар 010, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 077, 080, 090, 707 цифрлық белгідегі;

100, 111, 200, 222, 300, 333, 400, 444, 500, 555, 600, 666, 700, 800, 888, 900, 999 цифрлық белгідегі;

бірдей әріптік белгілері бар 100, 111, 200, 222, 300, 333, 400, 444, 500, 555, 600, 666, 700, 800, 888, 900, 999 цифрлық белгідегі;

001, 002, 003, 004, 005, 006, 007, 008, 009, 777 цифрлық белгідегі;

бірдей әріптік белгілері бар 001, 002, 003, 004, 005, 006, 007, 008, 009, 777 цифрлық белгідегі;

бірдей әріптік белгілерімен;

3) жол қозғалысының шетелдік қатысушылары – 1961 жылғы "Дипломатиялық қатынастар туралы" Вена конвенциясына және 1963 жылғы "Консулдық қатынастар туралы" Вена конвенциясына сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерге ие, Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық өкілдіктер, халықаралық ұйымдар және/немесе оның өкілдіктері, консулдық мекемелер және Қазақстан Республикасында аккредиттелген олардың қызметкерлері, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ шетел қатысуымен заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасында тіркелген шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

4) көлік құралын тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – КҚТК) – көлік құралының жол қозғалысына қатысуға жіберілгенін растайтын құжат;

5) көлік құралын мемлекеттік тіркеу, оның ішінде көлік құралын бастапқы тіркеу – құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексергеннен, КҚТК мен МТНБ бере отырып, көлік құралының сәйкестендіру нөмірлерін салыстыра тексергеннен кейін уәкілетті орган жүзеге асыратын, көлік құралының жол қозғалысына қатысуына рұқсат беру рәсімі;

6) көлік құралын бастапқы тіркеу – Қазақстан Республикасының аумағында алғаш жүзеге асырылатын, көлік құралын мемлекеттік тіркеу.

Қазақстан Республикасына уақытша әкелінген, сондай-ақ басқару органдары сол жақта орналасқан, Армения Республикасының уәкілетті органдарында Қазақстан Республикасының азаматтарына тіркелген және Қазақстан Республикасына 2020 жылғы 1 ақпанға дейін әкелінген көлік

құралдарын мемлекеттік тіркеу көлік құралын бастапқы тіркеу болып табылмайды;

7) көлік құралын есептен шығару – көлік құралын жоғалтумен, басқа адамның иелігіне шығарумен, сондай-ақ кәдеге жаратумен немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты болуға әкетумен байланысты немесе өзге де мән-жайларға сәйкес көлік құралын мемлекеттік тіркеуді тоқтатумен байланысты іс-әрекеттер;

8) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеудің бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – БАЖ) – «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабының 1-тармағында көзделген, сондай-ақ тіркеу әрекетінде жасалған көлік құралын міндетті тіркеу деректері бойынша көлік құралдары және олардың иелері туралы мәліметтерді орталықтандырылған есепке алуды қамтамасыз ететін, уәкілетті органның мемлекеттік ақпараттық жүйе;

9) көлік құралдарын тіркеудегі өзгерістер – көлік құралының міндетті тіркеу деректеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

10) көлік құралының сәйкестендіру нөмірі – БАЖ-да көлік құралын сәйкестендіруді жүргізуге мүмкіндік беретін, көлік құралын шығарушы берген, тізбектелген әріптік-цифрлық символдар түрінде көрсетілген көлік құралының жеке сериялық нөмірі;

11) көлік құралының иесі – көлік құралының меншік иесі, сондай-ақ көлік құралын шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не өзге де заңды негізде (жалға алу құқығы, көлік құралын басқару құқығына сенімхат, көлік құралын осы адамға беру туралы тиісті органның өкімі) иеленетін адам. Көлік құралын өзінің қызметтік немесе еңбек міндеттерін орындау үшін, оның ішінде көлік құралының меншік иесімен немесе өзге де иесімен еңбек және азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде басқаратын адам көлік құралының иесі болып табылмайды;

12) қайта жабдықтау – жол жүрісі қауіпсіздігіне ықпал ететін, көлік құралының конструкциясында көзделген құрамдас бөліктер мен жабдық бұйымдарын алып тастау немесе көзделмегендерді орнату;

13) МТНБ – мемлекеттің меншігі болып табылатын және жеке әріптік-цифрлық белгіні қамтитын, механикалық көлік құралына берілетін және ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес жасалған бұйым. Бұл түсінік "Транзит" МТНБ-ге таралады;

14) нөмірлік агрегат – көлік құралының шанағы, шассиі, рамасы, оларға өндіруші сәйкестендіру нөмірін басқан;

15) алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

15-1) тіркеу әрекеттері – көлік құралдарын тіркеумен, оларды есептен шығарумен, көлік құралдарының тіркеу деректеріне өзгерістер енгізумен, сондай-ақ тіркеу әрекеттерін жасауға тыйым салулар мен шектеулерді тіркеумен және шешумен байланысты қызмет;

16) алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

17) МТНБ телнұсқасы – бұл белгіленген тәртіппен тіркелген көлік құралына МТНБ орнына берілетін МТНБ;

18) жеткізуші – жүргізуші куәліктерін, КҚТК, МТНБ дайындау бойынша қызметтерді, жұмыстарды, тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындаушы»;

19) кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау мақсатында кәдеге жарату төлемі енгізілгенін растайтын электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

20) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба арқылы жасалған және электрондық құжаттың түпнұсқалығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.12.2015 № 999 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 26.01.2016 № 73 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.09.2017 № 646 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі); 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.05.2020 № 427 (01.06.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Көлік құралдары жеке тұлғалардың атына олардың Қазақстан Республикасында тіркелген заңды мекенжайы (бұдан әрі – тұрғылықты жері) бойынша тіркеледі.

Көлік құралдарын заңды тұлғалардың атына тіркеу олардың тіркелген заңды мекенжайы бойынша, ал филиалдар мен өкілдіктерінің атына – олардың Қазақстан Республикасында тіркелген жері бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне сәйкес Көлік құралын тіркеуге құжаттарды қабылдау және дайындарын беру көлік құралы иесінің жүгіну орны бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Көлік құралының иесі бірлескен меншік құқығы туралы куәлікті ұсынған жағдайда КҚТК-нің «Ерекше белгілер» бөліміне: «Тең иесі» деген жазба енгізіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 26.09.2017 № 646 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көлік құралдарын тіркеу және есептен шығару, оның меншік иелері он төрт жасқа жетпеген кәмелетке толмаған азаматтар болған жағдайда олардың атынан заңды өкілі, ал меншік иелері он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған болған жағдайда жазбаша түрде рәсімделген және нотариуспен куәландырылған немесе ЭЦҚ куәландырылған электронды құжат үлгісінде заңды өкілдің келісімімен осы адамдар жасайды.

Кәмелетке толмағанның меншігіндегі көлік құралын тіркеуді оның заңды өкілдерінің бірі жүзеге асырады.

Егер заңды өкілдері бірнеше болған жағдайда, онда олардың біреуінің атына көлік құралын тіркеу жазбаша түрде рәсімделген және нотариуспен куәландырылған немесе ЭЦҚ куәландырылған электронды құжат үлгісінде басқа заңды өкілдердің келісімімен жүзеге асырылады.

КҚТК арнайы белгілерінде көлік құралының иесі болып табылатын кәмелетке толмағанның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі және «Иесі» деген жазба көрсетіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Дипломатиялық өкілдіктердің, халықаралық ұйымдардың және/немесе оның өкілдіктерінің, Қазақстан Республикасында тіркелген консулдық мекемелердің және Қазақстан Республикасында аккредиттелген олардың қызметкерлерінің көлік құралдарын тіркеу және есептен шығару дипломатиялық корпуспен жұмыс жөніндегі ұйым арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көлік құралдарын, ондағы жеңіл автокөліктерден (өтімділігі жоғары автокөліктерден басқа) және мотороллерлерден басқа тіркеу және есепке алу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 155 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы аумағында мобилизация, әскери жағдай және әскери уақыттағы мерзімде әскери-көліктік міндеттеме қағидаларының 7-тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 33362 болып тіркелген) жүргізіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.11.2023 № 799 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9. Көлік құралдарын тіркеу, тіркеуге өзгерістер енгізу, есептен шығару кезінде барлық қажетті деректер БАЖ-ға енгізіледі. Еуразиялық экономикалық одаққа кіретін елдерден келген көлік құралдарын тіркеген кезде КҚТК-ның ерекше белгілерінде жазба көрсетіледі: Ресей Федерациясынан – РФ КҚ, Армения Республикасынан – АР КҚ, Беларусь Республикасынан – БР КҚ, Қырғыз Республикасынан – Қырғыз Республикасы КҚ.

Басқару органдары сол жақта орналасқан, Қазақстан Республикасының азаматтарына Армения Республикасының уәкілетті органдарында тіркелген және Қазақстан Республикасына 2020 жылғы 1 ақпанға дейін әкелінген көлік құралдарын тіркеу кезінде КҚТК-ның ерекше белгілерінде «Өзге адамға тіркеуге жатпайды» деп көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 26.09.2017 № 646 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.05.2020 № 427 (01.06.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

10. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Тіркеу әрекеттерін жасау кезінде көлік құралдары иелерінің немесе олардың өкілдерінің жеке басы мемлекеттік ақпараттық жүйелерінде бар ақпаратпен жеке тұлғаның биометриялық деректерін салыстыруды пайдалана отырып, жеке басты куәландыратын құжаттың негізінде, оның ішінде тіркеу әрекеттерін «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – ЭҮП) немесе жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша уәкілетті орган белгілеген ақпараттандыру объектілері (бұдан әрі – ақпараттандыру объектілері) арқылы жасау кезінде сәйкестендіріледі.

ЭҮП құралдары немесе ақпараттандыру объектілері арқылы тіркеу әрекеттерін жасау кезінде көлік құралдары иелерінің жеке басын сәйкестендіру үшін биометриялық аутентификация немесе ЭЦҚ қолданылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

14. Жеке тұлға болып табылатын көлік құралдарының иелері тіркеу әрекеттерін жеке өзі немесе өзінің өкілдері арқылы жасайды.

Заңды тұлға болып табылатын көлік құралдарының иелері тіркеу әрекеттерін өзінің басшылары немесе осыған уәкілетті өзге де орган немесе өкілдері арқылы жасайды.

Жеке тұлға өкілінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының нотариусымен немесе сенімгердің ЭЦҚ-мен куәландырылған сенімхатымен расталады.

Заңды тұлға өкілінің өкілеттігі басшының немесе осыған уәкілетті өзге де органның қолтаңбасымен куәландырылған сенімхатпен және заңды тұлғаның (жеке кәсіпкерлік субъектісінен басқа) мөрімен (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) расталады. Мөр болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының нотариусымен немесе сенімгердің ЭЦҚ-мен куәландырылған сенімхаты ұсынылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15. Кәмелетке толмаған адамның туу туралы куәлігін ұсынған жағдайда жеке басын анықтау оның ата-аналарының (асырап алушылардың), қамқоршыларының (қорғаншыларының) немесе қамқоршылық және қорғаншылық органдары өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

16. Мопедтерді қоспағанда, көлік құралдарын тіркеу үшін оның иелері (иелерінің өкілдері) мыналарды:

1) жеке басты куәландыратын құжатты (жеке басты сәйкестендіру үшін) немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық нысанда;

2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 553 және 615-баптарында көзделген тіркеу алымы мен КҚТК, МТНБ бергені үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттарды.

Бастапқы тіркеу үшін алымдар төлеуден Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттің дипломатиялық және оларға тең келетін өкілдіктері, шет мемлекеттік консулдық мекемелері, сондай-ақ олардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері босатылады».

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы № 763 қаулысымен бекітілген өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларына сәйкес берілген кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификатты (көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде);

4) электрондық паспорттары жүйесінің ұлттық операторының (ұлттық әкімшісі) ақпараттық жүйесі арқылы жеке тұлғаның көлік құралының электрондық паспорты (көлік құралы шассиінің электрондық паспорты) (көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде);

4-1) электрондық паспорттары жүйесінің ұлттық операторының (ұлттық әкімшісі) ақпараттық жүйесі арқылы заңды тұлғаның көлік құралының электрондық паспорты (көлік құралы шассіінің электрондық паспорты) (көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде);

5) бұрынғы КҚТК және МТНБ-ны (олар болған жағдайда);

6) заңды тұлғаның көлік құралын өзінің құрылымдық бөлінісіне немесе басқа заңды не жеке тұлғаға бөлу және беру туралы, осы ұйымның мөрімен куәландырылған (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) бұйрығын (өкімі), егер көлік құралының бұрынғы иесі заңды тұлға болса;

7) ЭҮП немесе ақпараттандыру объектілері арқылы тіркеу әрекеттерін жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының нотариусымен не бұрынғы және жаңа иесінің ЭЦҚ-мен куәландырылған көлік құралына меншік құқығын растайтын құжатты нетыйым салынған мүлікті сату нәтижелері бойынша жасалған сатып алу-сату шарттары немесе сот орындаушысының жылжымалы мүлікті өндіріп беріп, өндіріп алушыға сатусыз заттай беру туралы қаулысы;

8) кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттарды (кеден декларациясы, кедендік кіріс ордері) (ЕАЭО кеден аумағына әкелінген көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде);

9) Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешімімен бекітілген (бұдан әрі –018/2011 КО ТР) «Донғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының Техникалық регламентінің 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көлік құралының оның конструкциясына енгізілген өзгерістермен, егер көлік құралының конструкциясына оны тіркегенге дейін өзгерістер енгізілсе, қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлікті;

10) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес көлік құралын қарап тексеру актісін (көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде) ұсынады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 07.12.2015 № 999 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.01.2016 № 73 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.04.2016 № 383 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.09.2017 № 646 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткеннен соң қолданысқа енгізіледі); 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 26.09.2022 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2024 № 743 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз); 27.12.2024 № 1032 (05.04.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

16-1. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16-2. ЕАЭО-ға кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген көлік құралдарын тіркеу үшін олардың иелері (иелерінің өкілдері) мыналарды:

1) жеке басты куәландыратын құжатты (жеке басты сәйкестендіру үшін) немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық нысанда;

2) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында көзделген тіркеу алымымен КҚТК, МТНБ бергені үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттарды;

3) көлік құралдарын ЕАЭО кедендік аумағына уақытша әкелу туралы кеден органдары берген құжаттарды;

4) көлік құралдарын кері әкету туралы міндеттемелерді;

5) ЕАЭО кедендік аумағына уақытша әкелінген көлік құралының басқа мемлекеттің құзіретті органымен берілген КҚТК, МТНБ-ны ұсынады.

ЕАЭО кеден аумағына уақытша әкелінген көлік құралдарын тіркеу оларды әкелу мерзіміне Қазақстан Республикасының КҚТК мен МТНБ иелеріне бере отырып жүзеге асырылады. Басқа мемлекеттің құзіретті органымен берілген КҚТК мен МТНБ түпнұсқалары көлік құралының тіркелген жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорациясы) коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалында сақталады.

Осы тармаққа сәйкес тіркелген көлік құралдарын есептен шығару кезінде берілген Қазақстан Республикасының КҚТК және МТНБ көлік құралдарының тіркелген жері бойынша тапсырылады, ал КҚТК және МТНБ түпнұсқалары оларды сақтауға өткізу орны бойынша иелеріне қайтарылады.

Осы тармаққа сәйкес тіркелген және белгіленген мерзімдерде әкетілмеген көлік құралдары көлік құралын тіркеу мерзімі аяқталған күннен бастап келесі жұмыс күні автоматты түрде есептен шығарылады.

Ескерту. Қағидалар 16-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16-3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 13 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген көлік құралдарының жекелеген санаттарын бастапқы тіркегені үшін алым мөлшерлемесін қолдану және осындай көлік құралдарын әкелуді жүзеге асырған жеке тұлғаларды, сондай-ақ көлік құралдарының санаттарын өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінен босату шарттары мен мерзімдерінің, қағидаларының талаптарына сәйкес және 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген автомобильдерді қоспағанда, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдарында мемлекеттік тіркеуде тұрған автокөліктер уақытша тіркеуге жатпайды, оларды тіркеу осы Қағидалардың 16-2-тармағында көзделген тәртіппен 5 жыл мерзімге жүзеге асырылады.

Бұл ретте осы Қағидалардың 16-2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Ескерту. Қағидалар 16-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16-4. Мопедті тіркеу үшін олардың иелері (иелерінің өкілдері) мыналарды:

1) жеке басты куәландыратын құжатты (жеке басты сәйкестендіру үшін) немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық нысанда;

2) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында көзделген тіркеу алымы мен КҚТК, МТНБ бергені үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттарды;

3) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес мопедті мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті;

4) техникалық құжатты (бар болған жағдайда) немесе мопедтің техникалық сипаттамалары туралы мәліметті;

5) мопедтің сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда сәйкестендіру нөмірін тіркеу әрекеттері жасалғанға дейін мопед иесінің өтініші бойынша уәкілетті орган береді;

6) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес көлік құралын қарап тексеру актісін (көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде);

7) бұрынғы КҚТК, МТНБ-ны (олар болған кезде);

8) иесінің өкілі жүгінген жағдайда келісімшартты немесе сенімхатты ұсынады.

Ескерту. Қағидалар 16-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.12.2024 № 1032 (05.04.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Көлік құралын мемлекеттік тіркеуді жүргізуге өшірілген не қосып жазылған, сызылған сөздері және басқа да, сондай-ақ қарындашпен жазылған түзетулері бар және егер ондағы мәтін анық көрінбеген жағдайда құжаттар қабылданбайды. Жеке тұлғалардың тегі, аты және әкесінің аты тұрғылықты тіркелген жері мекенжайының деректері көрсетіле отырып, ал заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары қысқартусыз және олардың заңды мекенжайлары көрсетіле отырып толық ұсынылады. Көлік құралдарын тіркеуді жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері аталған құжаттарды берген заңды тұлға (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) мөрінің түпнұсқасымен расталады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Мемлекеттік және орыс тілдерінен басқа тілде жасалған, көлік құралдарын тіркеу үшін ұсынылатын құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдеріне

аударылады және аударманың дұрыстығы туралы нотариустың не осындай іс-әрекеттерді жүргізуге құқығы бар басқа лауазымды адамның қолымен куәландырылған болуы тиіс.

19. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес көлік құралдарына енгізілген ауыртпалықтар, сондай-ақ кері әкету туралы міндеттемемен Қазақстан Республикасына уақытша әкелінген көлік құралдарын шетелге әкету мерзімі БАЖ-ға енгізіледі.

Осы тармақта көрсетілген мәліметтерді өзгерту тиісті тыйымдар мен шектеулерді енгізген органдар берген құжаттардың негізінде жүргізіледі.

20. Арнайы жарық және дыбыстық сигналдар беруге арналған құралдармен жабдықталған көлік құралдарының КҚТК-не "дыбыстық және (арнайы маяктың нақты түсі көрсетіледі) жарық сигналдары" деген жазба жазылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарында көзделген көлік құралдарына арнайы жарық және дыбыс сигналдарын беру мен түрлі-түсті графикалық сызбаларды қолдануға арналған құралдармен жабдықтау құқығының тоқтатылуына байланысты тіркеу есебінен алу және тіркеу мәліметтерін өзгерту көрсетілген аспаптар бөлшектелгеннен және түрлі-түсті графикалық сызбалар жойылғаннан кейін жүргізіледі.

21. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ есептен шығаруды жүргізер алдында көлік құралын, иесін және иесінің өкілін олардың іздестіруде болуы мәніне ПО ақпараттық ресурстары бойынша тексеру жүзеге асырылады. Жүргізілген тексеру нәтижесі БАЖ-да сақталады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Ұсынылған құжаттарды, МТНБ-ны қолдан жасау белгілері анықталған жағдайда, сондай-ақ көлік құралының (нөмірлік агрегаттардың), иесінің немесе ұсынылған құжаттардың іздестірілуде екені туралы мәліметтер болса, ПО-ның уәкілетті қызметкері, Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері дереу ПО кезекші бөліміне тиісті ақпарат береді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.09.2022 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

22-1. Көлік құралын сәйкестендіру үшін көлік құралын міндетті қарап тексеру жүзеге асырылады.

Көлік құралын міндетті қарап тексеру мынадай:

1) Қазақстан Республикасының аумағында шығарылған немесе көлік құралдары өндірушілерінің ресми дилерлері әкелген жаңа көлік құралдарын бастапқы тіркеу жағдайларын қоспағанда, көлік құралын бастапқы тіркеу;

2) көлік құралының шанағын, шассиін, рамасын ауыстыру;

3) көлік құралының қайта жабдықталуы;

4) көлік құралының түсінің өзгеруі;

5) көлік құралының маркасын, моделін, сәйкестендіру нөмірін немесе шасси нөмірін (шанақ, раманың), шығарылған жылын, түсін, көлемін, қозғалтқыш қуатын, орындық санын көрсетудегі сәйкессіздіктерді және (немесе) қателерді түзету кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-2. Көлік құралын қарап тексеруді ІІО уәкілетті қызметкері көлік құралының тіркелген жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның қарап тексеру пунктінде жүргізеді.

Көлік құралын қарап тексеру кезде оны сәйкестендіру жүзеге асырылады, нөмірлік агрегаттары, олардың таңбалануы тіркеу құжаттарында көрсетілген деректерге сәйкестігі тексеріледі, олардың түпнұсқалығы анықталады, сондай-ақ көлік құралын және оның сәйкестендіру нөмірін фотоға түсіру (жалпы көрініс) жүзеге асырылады.

Көлік құралын қарап тексеру нәтижелері осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес электрондық қарап тексеру актісі түрінде ресімделеді, ол көлік құралының электрондық фотосуреттерімен, оның сәйкестендіру нөмірімен бірге БАЖ-ға

енгізіледі және ЭСҚ және биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып, қарап тексеру жүргізген ПО уәкілетті қызметкері бекітеді.

Көлік құралын қарап тексеру актісінің әрекет ету мерзімі оны ресімдеген күннен бастап 14 күнтізбелік күнді құрайды.

Көлік құралын тіркеуге және тіркеу деректерін өзгертуге:

Көлік құралын өндіруші басып салған нөмірлік агрегаттарды қолдан жасау, жасыру, өзгерту және (немесе) таңбаларын жою салдарынан көлік құралын сәйкестендіру мүмкін еместігі;

«Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабында көрсетілген көлік құралын таңбаланған сәйкестендірілген белгісі бар конструкциясының бөлігі құрамын ауыстыру;

көлік құралдары іздестіруде табылған жағдайда тыйым салынады.

Көрсетілген фактілер анықталған жағдайда олар қарап тексеру актісіне және фотоға түсіру арқылы тіркеледі, сосын қарап тексеру жүргізген ПО уәкілетті қызметкері дереу ПО кезекші бөліміне тиісті ақпарат береді.

Ескерту. Қағидалар 22-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Тіркелген техникалық ақаусыз көлік құралдарына тиісті үлгідегі КҚТК, МТНБ беріледі. Автомобильдер мен автобустарға екі, ал мотокөлік құралдары мен тіркемелерге бір МТНБ беріледі.

Көлік құралына МТНБ беру жеке тұлғаның тұрғылықты жері немесе заңды тұлғаның (филиалдың немесе өкілдігінің) тіркелген заңды мекенжайының өңірлік цифрлық кодына сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаның жаңа тұрғылықты жерінің немесе заңды тұлғаның (филиалдың немесе өкілдігінің) заңды мекенжайының өңірлік цифрлық кодына жоғары сұранысқа ие МТНБ өңірлік цифрлық коды сәйкес келмеген жағдайда, иесіне бұрын берілген жоғары сұранысқа ие МТНБ-ны бере отырып, көлік құралын тіркеуге рұқсат етіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.11.2025 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Дайындаушы кәсіпорындардан, автожөндеу зауыттарынан, мемлекеттік кіріс органдарынан өз жүрісімен жеткізілетін, сондай-ақ тұрақты тіркеу орнының немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты есептен шығарылған көлік құралдарына бір рет пайдалану үшін тиісінше «Транзит» МТНБ беріледі.

«Транзит» МТНБ беру кезінде көлік құралдарына меншік құқығын растайтын құжаттарда көрсетілген белгілердің сериясы, нөмірі, берілген күні мен жарамдылық мерзімі көрсетіледі және осы жазбаларды жазған ұйымдардың (жеке кәсіпкерлік субъектілерді қоспағанда) мөрлерімен куәландырылады.

«Транзит» МТНБ қолданылу мерзімі – берілген күнінен бастап күнтізбелік он күн.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Көлік құралы иесіне жоғары сұранысқа ие, белгілі цифрлық және (немесе) әріптік белгіленуі бар, бос МТНБ-ны таңдауға рұқсат етіледі.

Мемлекеттік корпорацияның филиалдарында таңдалған жоғары сұранысқа ие МТНБ болмаған жағдайда, көлік құралының иесі Мемлекеттік корпорация арқылы немесе ЭҮП немесе ақпараттандыру объектілері арқылы оны дайындауға, тапсырыс бере алады.

Көлік құралдары иелерінің қолда бар жоғары сұранысқа ие МТНБ тізбесіне қолжетімділігі тиісті ақпаратты ЭҮП және ақпараттандыру объектілері арқылы орналастыру жолымен ұйымдастырылады.

Жоғары сұранысқа ие, белгілі цифрлық және (немесе) әріптік белгіленуі бар МТНБ таңдаған көлік құралының иесі оны тіркеуді тиісті МТНБ дайындалғаннан кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді

- ҚР Ішкі істер министрінің 10.11.2025 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Бұрын МТНБ тіркелген көлік құралын мемлекеттік есептен шығарған жағдайда, бұл нөмірлік белгі тапсырылады.

Тапсырылған МТНБ көлік құралы иесінің арызы бойынша сақтау жағдайларын қоспағанда, жойылады.

Сақтауға ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келетін МТНБ қабылданады.

Тапсырылған МТНБ Мемлекеттік корпорацияда күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімде сақталады, көрсетілген мерзім өткеннен кейін сақтауға тапсырылған МТНБ жойылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.11.2025 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

28. Бұрын Мемлекеттік корпорацияға тапсырылған және ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келетін МТНБ көлік құралы иесінің сұрау салуы бойынша ол жаңадан сатып алған көлік құралына қайта беріледі.

Сақтаудың күнтізбелік 30 күні өткенге дейін МТНБ оны беру үшін мемлекеттік баж төленбей беріледі.

МТНБ сақтаудың күнтізбелік 30 күн мерзімі өткеннен кейін көлік құралы иесінің өтініші бойынша жаңадан тіркелетін көлік құралына МТНБ телнұсқасы беріледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.11.2025 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

29. МТНБ-ның телнұсқасын берген кезде көлік құралының иесі 2 бірлік МТНБ беру үшін АЕК-ның 2,8 көлемінде, 1 бірлік - 1,4 АЕК көлемінде мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжатты ұсынады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Жоғары сұранысқа ие бұрын пайдалануда болған МТНБ-ны басқа иелердің көлік құралдарына беруге жол берілмейді, егер иелері:

1) мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдіктердің және оларға теңестірілгендердің, шет мемлекеттің консулдық мекемелерінің, сондай-ақ олардың қызметкерлері және отбасы мүшелері;

2) бұрынғы иесінің ата-аналары (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер, тіркелген некеде тұрған жұбайы (зайыбы);

3) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне сәйкес КҚ мұрагерлікке берілген жағдайда бұрынғы иесінің құқықтық мирасқоры (мұрагері) болған жағдайды қоспағанда.

Осы тармақта көрсетілген жағдайларда пайдалануда болған жоғары сұранысқа ие МТНБ беру көлік құралына жоғары сұранысқа ие МТНБ берілген бұрынғы иесінің жаңа иесіне жоғары сұранысқа ие МТНБ беруге рұқсат беру туралы өтінішін, сондай-ақ тиісті мән-жайларды растайтын құжаттарды (неке қию туралы куәлік, туу туралы куәлік, мұрагерлікке құқық туралы куәлік, сот шешімі) ұсынған кезде және Салық кодексінің 615-бабында көзделген МТНБ телнұсқасы үшін мемлекеттік баж төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.11.2025 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

31. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Ауыртпалығы бар көлікке КҚТК телнұсқалары тиісті шектеулерді қойған органдар берген рұқсат беру құжаттарының негізінде беріледі. КҚТК телнұсқаларын беру сәтіне БАЖ-дағы ауыртпалықтарды уақытша шешуді ПО-ның уәкілетті қызметкері жүргізеді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

33. Есептен шығарылған көлік құралдарының тіркеу құжаттары жоғалған жағдайда, Мемлекеттік корпорация көлік құралының иесіне, орналасқан жеріне қарамастан, бұрын тіркелгені туралы анықтама-растау береді. Мемлекеттік корпорация көлік құралының бұрынғы тіркелгені туралы ақпаратты БАЖ-дан алады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Тіркеу іс-әрекеттерін жасауға негіз болған құжаттар көлік құралын тіркеу орны бойынша сақталады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35-1. 16-1-тармақта көзделген жағдайда, Армения Республикасының уәкілетті органы берген тіркеу құжаттары мен МТНБ түпнұсқалары иесі оны бастапқы тіркеу не Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығару туралы шешім қабылдағанға дейін көлік құралының тіркелген жері бойынша сақталады.

Ескерту. Бұйрық 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.05.2020 № 427 (01.06.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Жол қозғалысының шетелдік қатысушыларына тиесілі көлік құралдарына мынадай сериядағы МТНБ беріледі:

«D» - Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктердің, халықаралық ұйымдардың және/немесе олардың Қазақстан Республикасында тіркелген өкілеттіктері, консулдық мекемелері қызметкерлерінің қызметтік және жеке көлік құралдарына;

«T» - Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктердің, халықаралық ұйымдардың және/немесе олардың Қазақстан Республикасында тіркелген өкілеттіктерінің, консулдық мекемелерінің әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің қызметтік және жеке көлік құралдарына;

«HC» – құрметті консулдық лауазымды адамдар басқаратын консулдық мекемелердің қызметтік және жеке көлік құралдарына;

«M» - Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің көлік құралдарына;

«H» - Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген шетелдік азаматтардың қатысуымен заңды тұлғалардың көлік құралдарына;

«F» - шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың көлік құралдарына;

«D», «T», «HC» сериясындағы МТНБ-сы бар көлік құралдарының жол қозғалысына қатысуы үшін дипломатиялық корпусымен жұмыс жөніндегі ұйым беретін стикердің болуы қажет.

«D», «T», «HC» сериясындағы МТНБ-ның қолданылу мерзімі стикерде көрсетілген мерзімге тең.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Ақаулы (кәдеге жаратылған) көлік құралдарының қосалқы бөлшектерінен және агрегаттарынан жиналған, техникалық регламенттерді бұза отырып, қайта жабдықталған көлік құралдары тіркеуге алынбайды.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Жасалған тіркеу әрекеттері, тіркелген көлік құралдары, көлік құралдарының меншік иелері мен иелері туралы мәліметтер, сондай-ақ тіркеу әрекеттерін жасау үшін негіз болған құжаттар (құжаттардың көшірмелері) жазбаша сұрау салу негізінде соттарға, құқық қорғау органдарына олардың өндірісіндегі қылмыстық, азаматтық істерге, әкімшілік құқық бұзушылық істерге байланысты, сот орындаушыларына олардың сот актілерін немесе басқа да органдардың актілерін орындауы бойынша функцияларды жүзеге асыруына байланысты, сондай-ақ мемлекеттік кіріс органдарына және басқа органдарға өз функцияларын орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттарда және тәртіппен ұсынылады.

39. Лизингке сатып алынатын көлік құралдары "Қаржы лизингі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі Заңының және осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде тіркеледі.

40. Жеке немесе заңды тұлға меншігіне сатып алған және лизинг шарты немесе қосалқы лизинг шарты негізінде жеке және заңды тұлғаға уақытша пайдалануға не иеленуіне берілген көлік құралдары лизинг беруші немесе лизинг алушы тараптардың жазбаша келісімі бойынша тіркеледі.

41. Көлік құралдарын лизинг берушінің атына мемлекеттік тіркеуді, өзге тіркеу әрекетін жасауды және осындай көлік құралдарын тіркеу есебінен шығаруды Мемлекеттік корпорация жалпы негіздерде жасайды.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Көлік құралдарын лизинг алушының атына тіркеуді көздейтін лизинг немесе қосалқы лизинг шартының негізінде лизинг беруші лизинг алушыға уақытша иеленуге және (немесе) пайдалануға берген көлік құралдары лизинг не қосалқы лизинг шартының негізінде лизинг алушының атына орналасқан орны бойынша шарттың қолданылу мерзіміне Мемлекеттік корпорацияда уақытша тіркеледі.

Көлік құралдарын лизинг алушының атына уақытша мемлекеттік тіркеу лизинг немесе қосалқы лизинг шартында не Қазақстан Республикасының аумағына көлік құралдарын уақытша әкелген кезде мемлекеттік кіріс органдары беретін құжаттарда көрсетілген мерзімге МТНБ және КҚТК бере отырып жүргізіледі.

Көлік құралдарын лизинг берушінің атына тіркеу орны бойынша Мемлекеттік корпорация берген МТНБ және КҚТК, сондай-ақ лизинг берушінің атына тіркелген немесе тіркелмеген көлік құралдарына берілген лизинг немесе қосалқы лизинг шартының көшірмелері (ксерокөшірмелері) көлік құралдарын лизинг алушының атына уақытша тіркеу орны бойынша Мемлекеттік корпорацияға тапсырылады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекеттерден уақытша әкелінген көлік құралдарының тіркеу құжаттары және тіркеу нөмірі белгілері көлік құралдарын тіркеу орны бойынша Мемлекеттік корпорацияға тапсырылады және лизинг алушының атына тіркеледі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Лизинг берушінің атына тіркелген немесе көлік құралдарына меншік құқығының лизинг алушының атына ауысуын көздейтін лизинг шартының

негізінде лизинг алушының атына уақытша тіркелген көлік құралдары тиісті тіркеу есебінен шығарылады және Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген көлік құралын кедендік ресімдеу аяқталған кезде көлік құралына меншік құқығының ауысуы туралы лизинг берушінің жазбаша растауының, лизинг шартының негізінде лизинг алушының атына тіркеледі.

Көлік құралдарына меншік құқығының лизинг алушыға ауысуын көздемейтін лизинг шартының мерзімі аяқталған соң көлік құралдары тиісті есептен шығарылады және лизинг алушының атына тек осындай көлік құралдарына лизинг алушының меншік құқығын растайтын тиісті құжаттардың негізінде ғана, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген көлік құралдарын кедендік ресімдеу аяқталған кезде тіркеледі.

45. Лизинг берушінің тиісті жазбаша өтінішінің негізінде лизинг беруші лизинг шартын бұзған және көлік құралын лизинг алушының атына уақытша тіркелген көлік құралдарын алып қойған жағдайда, мұндай көлік құралдары тіркеу есебінен шығарылады.

46. Лизинг алушының атына уақытша тіркелген көлік құралдарының тіркеу деректерін өзгерту лизинг алушы көлік құралдарына күрделі және/немесе ағымдағы жөндеуді жүзеге асырған жағдайда ғана, оның ішінде егер бұл шартта көзделген болса, нөмірлік агрегаттарды ауыстыра отырып жүргізіледі.

Көрсетілген жағдайларда тіркеу деректерін өзгерту берілген тіркеу туралы куәлікті ауыстыру және көлік құралдарының паспорттарына тиісті өзгерістер енгізу арқылы көлік құралдарын лизинг алушының атына уақытша тіркеу орны бойынша Мемлекеттік корпорацияда жүзеге асырады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Лизинг алушының атына көлік құралдарын уақытша тіркеу мерзімі аяқталған кезде осы көлік құралдары лизинг алушының өтініштері негізінде тіркеу есебінен шығарылады. Лизинг алушыларға берілген МТНБ және КҚТК көлік құралдарын уақытша тіркеу орны бойынша Мемлекеттік корпорацияға тапсырылады. Өтініш берушілерге олардан қабылданған тіркеу құжаттары мен лизинг берушінің атына тіркелген көлік құралдарына МТНБ қайтарылады.

Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген көлік құралдарын оларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге байланысты тіркеу есебінен шығарған кезде, өтініш берушілерге көлік құралын тіркеу есебінен шығару туралы белгісі бар КҚТК беріледі, сондай-ақ көлік құралы тіркелген шет мемлекеттердің тіркеу нөмірлері қайтарылады, ал олар болмаған кезде «Транзит» МТНБ беріледі.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Жеңілдетілген кедендік тариф бойынша Қазақстан Республикасына әкелінген арнайы көлік құралдары кедендік жеңілдіктер қолданылмайтын көлік құралының басқа түріне қайта жабдықталған жағдайда, мемлекеттік кіріс органдарының тиісті рұқсатын ұсынғаннан кейін тіркеледі.

3-тарау. БАЖ-ға және КҚТК-ге өзгерістер енгізу

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. БАЖ-ға және КҚТК-ге өзгерістер енгізу:

- 1) көлік құралы иесінің тұрғылықты (табылған) жері өзгерген;
- 2) көлік құралы иесінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (заңды тұлғаның атауы) өзгерген;
- 3) көлік құралын қайта жабдықталған;
- 4) көлік құралының түсі өзгерген;
- 5) КҚТК ауыстырған немесе жоғалтқан;
- 6) көлік құралының тіркеу деректеріндегі сәйкессіздіктерді және/немесе қателерді және оның иесінің персоналды деректерін түзеткен;
- 7) көлік құралының шанағын, шассиін, рамасын ауыстырған жағдайларда жүргізіледі.»;

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 12.04.2016 № 383 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м. а. 26.09.2017 № 646 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

50. Осы Қағидалардың 49-тармағында көзделген жағдайда, БАЖ-ға және КҚТК-ге өзгерістер енгізу үшін көлік құралдарының иелері мыналарды:

1) жеке басты куәландыратын құжатты (жеке басты сәйкестендіру үшін) немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық нысанда;

2) Салық кодексімен белгіленген көлік құралын тіркегені үшін алым және КҚТК мен МТНБ (егер МТНБ ауыстырған жағдайда) бергені үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттарды;

3) көлік құралының бұрынғы КҚТК, МТНБ (егер МТНБ ауыстырған жағдайда);

4) Осы Қағидалардың 49-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда, КҚТК мен МТНБ-ға өзгерістер енгізу үшін – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген көлік құралы иесінің тегін, атын, әкесінің атын өзгергенін растайтын құжаттарды;

5) Осы Қағидалардың 49-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, 018/2011 КО ТР 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көлік құралының конструкциясына енгізілген өзгерістермен, оның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлікті;

6) Осы Қағидалардың 49-тармағының 3), 4), 6), 7) тармақшасында көзделген жағдайда, 12-қосымшаға сәйкес көлік құралын қарап тексеру актісін;

7) Осы Қағидалардың 49-тармағының 7) тармақшасында көзделген жағдайда, бұрынғының орнына орнатылған көлік құралының шанағына, шассііне, рамасына меншік құқығын растайтын құжатты ұсынады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
бұйрықтарымен.

50-1. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш
ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі) бұйрығымен.

51. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш
ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі) бұйрығымен.

52. Осы Қағидалардың 49-тармағында көзделген жағдайда, БАЖ-ға және
КҚТК-ге өзгерістер енгізген кезде КҚТК-ні ауыстыру жүргізіледі.

*Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің
10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

53. Көлік құралының шанағын, шассиін, рамасын ауыстырған кезде КҚТК-
ге көлік құралының бұрынғы шығарылған жылы, маркасы, моделі жазылады.
КҚТК-нің «Ерекше белгілер» деген бағанына тиісті өзгерістің күні көрсетіліп,
«Шанақ ауыстырылды», «Шасси ауыстырылды» немесе «Рама ауыстырылды»
деген жазба жасалады.

Бұл ретте көлік құралының шанағын, шассиін, рамасын басқа модельге
(модификацияға) ауыстыруға жол берілмейді.

*Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің
31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.08.2020 № 584 (алғаш ресми жарияланған
күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
бұйрықтарымен.*

54. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша босаған көлік
құралдарының нөмірлік агрегаттарына куәліктер тиісті нөмірлік агрегаттарды
ауыстыруға байланысты тіркеу деректері өзгерген кезде, сондай-ақ олардың
кәдеге жаратылуына байланысты көлік құралын есептен шығарған кезде беріледі.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. БАЖ-ға және КҚТК-ге өзгерістер енгізу кезінде КҚТК-нің "Ерекше белгілер" деген бағанында бұрынғы КҚТК-нің сериясы мен нөмірі, сондай-ақ жүргізілген өзгерістің негіздемесі көрсетіледі.

Егер меншік құқығын растайтын құжаттарда бірнеше меншік иесі көрсетілсе, онда көлік құралын тіркеу барлық иелерінің келісімін растайтын құжаттың негізінде олардың біреуінің атына не КҚТК-нің "Ерекше белгілер" деген бағанында қалған елерін көрсете отырып, олардың бірінің атына жүзеге асырылады.

56. БАЖ-ға және сот шешімі бойынша тәркіленген немесе иесіз деп танылған көлік құралдарының, сондай-ақ тіркеу құжаттары жоқ көлік құралдарының КҚТК-сіне өзгерістер енгізу сот шешімдерінің көшірмелерімен расталған сауда нәтижелерінің негізінде жүргізіледі. Бұл ретте есептен шығаруға арналған ақпарат оның бұрынғы тіркелген жері бойынша жіберіледі.

4-тарау. Көлік құралдарын есептен шығару

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Көлік құралын есептен шығару, оның ішінде кәдеге жарату үшін олардың иелері (иелерінің өкілдері) мыналарды ұсынады:

1) жеке басты куәландыратын құжатты (жеке басты сәйкестендіру үшін) немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық нысанда;

2) көлік құралына меншік құқығын растайтын құжатты және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес (егер көлік құралы КҚТК-де жазылмаған иесімен есептен шығарылған жағдайда) көлік құралы иесінің өзге де құқығын растайтын құжаттарды;

3) есептен шығарылатын көлік құралының КҚТК (егер көлік құралы кәдеге жарату үшін шығарылған жағдайда), МТНБ ;

4) егер көлік құралының иесі заңды тұлға болған жағдайда, заңды тұлғаның көлік құралын есептен шығару туралы осы ұйымның (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) мөрімен куәландырылған бұйрығы (өкімі).

Есептен шығарылатын көлік құралының КҚТК, МТНБ болмаған кезде көлік құралының иесі жазбаша нысанда оларды жоғалту мән-жайларын көрсетеді.

Есептен шығару ІО-ның ақпараттық ресурстары бойынша есептен шығаруға ешқандай шектеулер жоқ екені туралы сұрау салулар орындалғаннан кейін ғана жүргізіледі.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

58. Егер көлік құралының иесі екі немесе одан да көп жеке тұлға болса, есептен шығару иелерінің жазбаша келісімі немесе олардың атынан көлік құралын заңды негіздерде иеленуге, пайдалануға немесе өкімдік етуге құқық беретін құжаттарды ұсыну бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Кәдеге жаратуға жататын көлік құралын тіркеу есебінен алғаннан кейін оның иесіне Мемлекеттік корпорация жұмыскері Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес кәдеге жаратуға жататын көлік құралын есептен шығару туралы анықтама береді.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

60. КҚТК болмаған кезде көлік құралдары есептен КҚТК телнұсқасы берілмей шығарылады, бұл ретте көлік құралының иесіне БАЖ-дан көлік құралын

есептен шығару туралы жазбасы бар карточка беріледі, оны Мемлекеттік корпорация жұмыскері қолымен және мөрімен куәландырылады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Айдап әкетілген және/немесе ұрланған және көлік құралының иесіне қайтарылмаған көлік құралдарын есептен шығару оның өтініші және көлік құралының іздестіруде екені туралы ІО берген құжаттың негізінде жүргізіледі. Іздестірудегі көлік құралы оның иесіне қайтарылған жағдайда, тіркеу оның өтінішінің негізінде және ақпараттық ресурстарда көлік құралының іздестіруде екендігі туралы мәліметтер болмаған жағдайда жүргізіледі.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Соттар, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік кіріс органдары не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен басқа да органдар меншік құқығын өзгерту бойынша тыйымдар немесе шектеулер енгізген көлік құралын есептен шығару, сондай-ақ МТНБ телнұсқасын беру тиісті органдар берген және көрсетілген тыйымдардың немесе шектеулердің жоқ екені туралы куәландыратын құжаттар ұсынылғаннан кейін не сот органдарының шешімі бойынша жүргізіледі.

Тіркеу әрекеттеріне тыйым салулар немесе шектеулер тиісті органдар (ұйымдар) берген құжаттар (сот органдарының қаулылары, шешімдері, ұйғарымдары, кепіл (кепіл билеттері) және лизинг шарттары және т.б.) келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, БАЖ-ға қойылады немесе алынады.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

63. Берілген кредит үшін банктерге және (немесе) ломбардтар, өзге де тұлғалар кепіл ретінде ұсынған жеке немесе заңды тұлғаның көлік құралына, сондай-ақ банктер және (немесе) ломбардтар, өзге де адамдар берген кепіл туралы

шарттың (кепіл билетінің) көшірмелерін ұсынған жағдайда, жеке және заңды тұлғаларға кепілдік міндеттеме орындалғанға дейін оларды есептен шығаруға шектеу енгізіледі. Бұл ретте БАЖ-ға тиісті белгілер жасалады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.12.2018 № 923 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66-1. Қазақстан Республикасының азаматтарына Армения Республикасының уәкілетті органы берген құжаттардың негізінде тіркелген және Қазақстан Республикасына 2020 жылғы 1 ақпанға дейін әкелінген көлік құралдарын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкету үшін есептен шығару кезінде Қазақстан Республикасының КҚТК мен МТНБ көлік құралдарының тіркелген жері бойынша тапсырылады, ал Армения Республикасының уәкілетті органы берген құжаттар мен МТНБ түпнұсқалары иелеріне қайтарылады.

Ескерту. Бұйрық 66-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.05.2020 № 427 (01.06.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Көлік құралын өндіруші басып салған нөмірлік агрегаттарды қолдан жасау, жасыру, өзгерту және (немесе) таңбаларын жою фактісі анықталған жағдайда көлік құралын мемлекеттік тіркеу растайтын құжаттарды қоса отырып, қорытындының (ерікті нысанда) негізінде тоқтатылады.

Ескерту. Қағидалар 68-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 26.09.2017 № 646 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралын тіркеу туралы куәліктер және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. Қағидалар 5-тараумен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары, ЭҮП құралдары немесе ақпараттандыру объектілері арқылы полицияның аумақтық бөліністеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүгінеді және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы куәлік және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру» мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 69-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

69-1. Көрсетілетін қызметті алушы (көрсетілетін қызметті алушының өкілі) көлік құралын тіркеуге байланысты мемлекеттік қызметті алу үшін Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері 20 минут ішінде:

көрсетілетін қызметті алушының (көрсетілетін қызметті алушы өкілінің) жеке басын сәйкестендіруді;

ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің толықтығын, сондай-ақ дұрыстығын тексеруді;

Салық кодексінде белгіленген алымдар мен мемлекеттік баждарды төлеу, кәдеге жарату төлемін енгізу (көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде), айыппұл түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы орындалмаған қаулының және (немесе) мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелері арқылы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттігі туралы ұйғарымдардың болуы туралы мәліметтерді тексереді;

электрондық өтінішті қалыптастыруды, ұсынылған құжаттарды сканерлеу және оларды ЭЦҚ-мен куәландыруды;

көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беруді жүзеге асырады.

Қалыптастырылған электрондық өтініш және сканерленген құжаттардың көшірмесі ЭЦҚ-мен куәландырылғаннан кейін онлайн режимінде көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне бекітуге, ал көлік құралын бастапқы тіркеу және тіркеу мерзімі шектеулі мерзімге тіркелген жағдайда – көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне Мемлекеттік корпорацияның қарап тексеру пунктіне келіп түседі.

Мемлекеттік корпорацияны қарап тексеру пунктінде ПО-ның уәкілетті қызметкері 20 минут ішінде тіркеуге ұсынылған көлік құралының нөмірлік агрегаттарын, МТНБ (бар болса) тіркеу құжаттарында көрсетілген есептік деректерге сәйкестігін тексеруді және салыстырып тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ олардың түпнұсқалығын тексереді.

Көлік құралын өндіруші басып салған нөмірлік агрегаттарды қолдан жасау, жасыру, өзгерту және (немесе) таңбаларын жою анықталған жағдайда тиісті ақпарат дереу аумақтық полиция бөлімшесінің кезекші бөліміне беріледі.

Көлік құралын қарап тексеру нәтижелері бойынша ПО уәкілетті қызметкері 5 минут ішінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес көлік құралын қарап тексерудің электрондық актісін қалыптастыруды, оны ЭЦҚ және биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып бекітуді, көлік құралының электрондық фотобейнелерімен және оның сәйкестендіру нөмірімен бірге көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне жіберуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің өкілі электрондық түрде өтініш, көлік құралын тексеру актісі (көлік құралын бастапқы тіркеу және шектеулі мерзімге тіркеу кезінде) және қажетті құжаттар пакеті келіп түскен сәттен бастап 15 минут ішінде:

ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толықтығын, сондай-ақ дұрыстығын тексереді, оларды толтырудың дұрыстығына электрондық өтінішпен салыстырады;

көрсетілетін қызметті алушының (көрсетілетін қызметті алушы өкілінің) және көлік құралының деректерін олардың іздестіру базасында болуы тұрғысынан тексереді;

тіркеу іс-әрекеттерін жасауға тыйым салулар мен шектеулердің болуын тексереді;

ЭЦҚ және биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып, өз іс-әрекеттерін растай отырып, көлік құралын тіркеуді бекіту туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Көлік құралын тіркеу бекітілгеннен кейін өтініш автоматты түрде КҚТК өндірісі үшін принтерге жіберіледі және 5 минут ішінде оны дайындау жүзеге асырылады.

Дайындалған КҚТК-ны жеткізуші 5 минут ішінде Мемлекеттік корпорацияның қызметкеріне құжаттарды беру секторына береді, онда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері 10 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыдан (көрсетілетін қызметті алушының өкілінен) бұрынғы КҚТК-ны, МТНБ-ны (егер МТНБ-ны ауыстыру жүзеге асырылатын жағдайда) қабылдайды және оған жаңа КҚТК-ны, МТНБ-ны (егер МТНБ-ны ауыстыру жүзеге асырылатын жағдайда) береді.

Осы тармақта көзделген іс-әрекеттер орындалғаннан кейін мемлекеттік қызмет көрсету аяқталды деп есептеледі.

Ескерту. Қағидалар 69-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69-2. Көрсетілетін қызметті алушы ЭҮП немесе ақпараттандыру объектілері арқылы көлік құралын бастапқы тіркеуге байланысты мемлекеттік қызметті алу үшін жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің өкілі 20 минут ішінде:

сканерленген түрде ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толықтығын, сондай-ақ дұрыстығын тексереді, оларды толтырудың дұрыстығына электрондық өтінішпен салыстырады;

көрсетілетін қызметті алушының және көлік құралының деректерін олардың іздестіру базасында болуы, тіркеу іс-әрекеттерін жасауға тыйым салулар мен шектеулердің болуы тұрғысынан тексереді;

ЭЦҚ және биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып, өз іс-әрекеттерін растай отырып, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген негіздер бойынша өтінішті бекіту не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім қабылдайды.

Өтінішті бекіту туралы алдын ала шешім қабылданған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 5 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында Мемлекеттік корпорация жанындағы қарап тексеру пунктіне көлік құралын қамтамасыз ету туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алғаннан кейін көлік құралын Мемлекеттік корпорация жанындағы тексеру пунктіне қамтамасыз етеді, онда ПО уәкілетті қызметкері 20 минут ішінде көлік құралының нөмірлік агрегаттарын, МТНБ (бар болса) тіркеу құжаттарында көрсетілген есептік деректерге сәйкестігін тексеруді және салыстырып тексеруді жүзеге асырады және олардың түпнұсқалығы тексеріледі.

Көлік құралын өндіруші басып салған нөмірлік агрегаттарды қолдан жасау, жасыру, өзгерту және (немесе) таңбаларын жою анықталған жағдайда тиісті ақпарат дереу аумақтық полиция бөлімшесінің кезекші бөліміне беріледі.

Көлік құралын қарап тексеру нәтижелері бойынша ПО уәкілетті қызметкері 5 минут ішінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес көлік құралын қарап тексерудің электрондық актісін қалыптастыруды, оны ЭЦҚ және биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып бекітуді, көлік құралының электрондық фотобейнелерімен және оның сәйкестендіру нөмірімен бірге көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне жіберуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің өкілі электрондық түрде өтініш, қарап тексеру актісі және қажетті құжаттар пакеті келіп түскен сәттен бастап 15 минут ішінде:

Салық кодексінде белгіленген алымдар мен мемлекеттік баждарды төлеу, кәдеге жарату төлемін енгізу, айыппұл түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы орындалмаған қаулының және (немесе) мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелері арқылы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттігі туралы ұйғарымдардың болуы туралы мәліметтерді тексереді;

ЭЦҚ және биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып, өз іс-әрекеттерін растай отырып, көлік құралын тіркеуді бекіту туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Көлік құралын тіркеу бекітілгеннен кейін өтініш автоматты түрде КҚТК өндірісі үшін принтерге жіберіледі және 5 минут ішінде оны дайындау жүзеге асырылады.

Дайындалған КҚТК-ны жеткізуші 5 минут ішінде Мемлекеттік корпорацияның қызметкеріне құжаттарды беру секторына береді, онда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері 10 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыдан (көрсетілетін қызметті алушының өкілінен) бұрынғы КҚТК-ны, МТНБ-ны (егер МТНБ-ны ауыстыру жүзеге асырылатын жағдайда) қабылдайды және оған жаңа КҚТК-ны, МТНБ-ны (егер МТНБ-ны ауыстыру жүзеге асырылатын жағдайда) береді.

Осы тармақта көзделген іс-әрекеттер орындалғаннан кейін мемлекеттік қызмет аяқталды деп есептеледі.

Ескерту. Қағидалар 69-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69-3. Көрсетілетін қызметті алушы ЭҮП немесе ақпараттандыру объектілері арқылы көлік құралын тіркеу жөніндегі мемлекеттік қызметті алу үшін жүтінген кезде (көлік құралын бастапқы тіркеуді не шектеулі мерзімге тіркеуді қоспағанда), мемлекеттік қызметті көрсету бұрынғы иесінің көлік құралын есептен шығару және көлік құралын жаңа иеленушінің бір өтініш негізінде тіркеуі жолымен мынадай ретпен жүзеге асырылады:

көрсетілетін қызметті берушінің өкілі көлік құралының бұрынғы иесінен электрондық өтінішті қабылдауды жүзеге асырады, оның деректері мен көлік құралының деректерін олардың іздестіру базасында болуы, тіркеу іс-әрекеттерін жасауға тыйым салулар мен шектеулердің болуы тұрғысынан тексереді және 20 минут ішінде көлік құралын есептен шығару туралы шешім қабылдайды, немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады;

көлік құралын есептен шығаруды бекіту кезінде электрондық өтініш көлік құралының тіркелгенін растау үшін көлік құралының жаңа иесінің «жеке кабинетіне» түседі;

көлік құралын жаңа иесі тіркегенін растағаннан кейін көрсетілетін қызметті берушінің өкілі оның деректерін іздестіру базасында болу мәніне, тіркеу іс-әрекеттерін жасауға тыйым салулар мен шектеулердің, Салық кодексінде белгіленген алымдар мен мемлекеттік баждарды төлеу туралы мәліметтердің, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл және (немесе) айыппұл төлеу қажеттілігі туралы ұйғарым түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы орындалмаған қаулының қолданыста болуын тексереді және 20 минут ішінде көлік құралын жаңа иесіне тіркеуді бекіту туралы шешім қабылдайды не Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады;

көрсетілетін қызметті беруші көлік құралын тіркеуді бекіткен жағдайда өтініш автоматты түрде КҚТК өндіру үшін жеткізушінің принтеріне жіберіледі және 5 минут ішінде оны дайындау жүзеге асырылады;

КҚТК дайындалғаннан кейін автоматты режимде 5 минут ішінде ЭҮП немесе өзге де ақпараттандыру объектілері арқылы КҚ-ны есептен шығару туралы бұрынғы иесіне, жаңа иесіне – КҚТК алу үшін мекенжайы және берілген МТНБ (егер МТНБ ауыстыру жүзеге асырылатын болса) көрсетіле отырып,

Мемлекеттік корпорацияның филиалына келу қажеттілігі туралы хабарлама жеткізіледі;

хабарламаны алған кезде көлік құралының жаңа иесі (иесінің өкілі) Мемлекеттік корпорацияға жүгінеді, онда Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері одан 10 минут ішінде бұрынғы КҚТК, МТНБ (егер МТНБ ауыстыру жүзеге асырылса) қабылдайды және оған жаңа КҚТК, МТНБ (егер МТНБ ауыстыру жүзеге асырылса) береді.

Осы тармақта көзделген іс-әрекеттер орындалғаннан кейін мемлекеттік қызмет аяқталды деп есептеледі.

Ескерту. Қағидалар 69-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69-4. Көрсетілетін қызметті алушының (көрсетілетін қызметті алушының өкілінің) көлік құралын есептен шығару жөніндегі мемлекеттік қызметті алу үшін Мемлекеттік корпорацияға жеке өзі жүгінген кезде Мемлекеттік корпорация қызметкері 20 минут ішінде:

көрсетілетін қызметті алушының (көрсетілетін қызметті алушының өкілінің) жеке басын сәйкестендіруді;

ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толықтығын, сондай-ақ дұрыстығын тексеруді;

мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелері арқылы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттілігі туралы айыппұл және (немесе) ұйғарым түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы орындалмаған қаулының бар-жоғы туралы мәліметтерді тексеруді;

электрондық өтініш толтыруды, ұсынылған құжаттарды сканерлеуді және оларды ЭЦҚ-мен растауды;

көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беруді жүзеге асырады.

Қалыптастырылған электрондық өтініш және құжаттардың сканерленген көшірмелері ЭЦҚ расталғаннан кейін онлайн режимде көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші электрондық өтініш және қажетті құжаттар пакеті келіп түскен сәттен бастап 15 минут ішінде:

ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толықтығын, сондай-ақ дұрыстығын тексереді, оларды толтырудың дұрыстығын электрондық өтінішпен салыстырады;

көрсетілетін қызметті алушының (көрсетілетін қызметті алушының өкілінің) және көлік құралының деректерін олардың іздестіру базасында болуы тұрғысынан тексереді;

тіркеу іс-әрекеттерін жасауға тыйым салулар мен шектеулердің бар-жоғын тексереді;

ЭЦҚ және биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып, өз іс-әрекеттерін растай отырып, көлік құралын есептен шығаруды бекіту туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті беруші көлік құралын есептен шығаруды бекіткеннен кейін Мемлекеттік корпорацияның қызметкері 10 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыдан (көрсетілетін қызметті алушының өкілінен) МТНБ және КҚТК қабылдайды, КҚТК-да көлік құралын есептен шығару туралы белгі қояды және оны көрсетілетін қызметті алушыға (көрсетілетін қызметті алушының өкіліне) қайтарады.

Шектеулі мерзімге тіркелген көлік құралы есептен шығарылған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері 10 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыдан (көрсетілетін қызметті алушының өкілінен) бұрын берілген КҚТК, МТНБ қабылдайды және басқа мемлекеттің құзыретті органы берген және Мемлекеттік корпорацияда уақытша сақталған КҚТК, МТНБ қайтарады.

Осы тармақта көзделген іс-әрекеттер орындалғаннан кейін Мемлекеттік қызмет аяқталды деп есептеледі.

Ескерту. Қағидалар 69-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69-5. Көлік құралдарының жекелеген түрлерін тіркеу, есепке алу және есептен шығару туралы мәліметтерді өзектендіру (түзетулер) үшін көрсетілетін қызметті алушылар Мемлекеттік корпорацияның филиалдары арқылы, ЭҮП

немесе ақпараттандыру объектілері арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді және Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. Қағидалар 69-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69-6. Көрсетілетін қызметті алушы (көрсетілетін қызметті алушының өкілі) көлік құралдарының жекелеген түрлерін тіркеу, есепке алу және есептен шығару туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) жөніндегі мемлекеттік қызметті алу үшін Мемлекеттік корпорацияға жеке өзі жүгінген кезде Мемлекеттік корпорация қызметкері 20 минут ішінде:

көрсетілетін қызметті алушының (көрсетілетін қызметті алушының өкілінің) жеке басын сәйкестендіруді;

ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толықтығын, сондай-ақ дұрыстығын тексеруді;

Салық кодексінде белгіленген алымдар мен мемлекеттік баждарды төлеу туралы мәліметтерді, айыппұл түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы орындалмаған қаулының және (немесе) Мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелері арқылы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманың бар-жоғын тексеруді;

электрондық өтініш қалыптастыруды, ұсынылған құжаттарды сканерлеуді және оларды ЭЦҚ-мен растауды;

көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беруді жүзеге асырады.

Қалыптастырылған электрондық өтініш және құжаттардың сканерленген көшірмелері ЭЦҚ расталғаннан кейін онлайн режимінде көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне бекітуге, ал маркасын, моделін, сәйкестендіру нөмірін немесе шасси (шанақ, рамка) нөмірін, шығарылған жылын, түсін, көлемін, қозғалтқыштың қуатын, көлік құралының отыратын орындары санын көрсетудегі сәйкессіздік және (немесе) кателер түзетілген жағдайларда - Мемлекеттік корпорацияның қарау пунктіне көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне түседі.

Мемлекеттік корпорацияны қарау пунктінде ПО-ның уәкілетті қызметкері 20 минут ішінде көлік құралының нөмірлік агрегаттарының, МТНБ-ның тіркеу құжаттарында көрсетілген есептік деректерге сәйкестігін тексеруді және салыстырып тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ олардың түпнұсқалығын тексереді.

Көлік құралын қарап-тексеру нәтижелері бойынша ПО уәкілетті қызметкері 5 минут ішінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес көлік құралын қарап-тексерудің электрондық актісін қалыптастыруды, оны ЭЦҚ және биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып бекітуді, көлік құралының электрондық фотобейнелерімен және оның сәйкестендіру нөмірімен бірге көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне жіберуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші өтініш, көлік құралын тексеру актісі және қажетті құжаттар топтамасы электрондық түрде келіп түскен сәттен бастап 15 минут ішінде:

ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толықтығын, сондай-ақ дұрыстығын тексереді, оларды толтырудың дұрыстығын электрондық өтінішпен салыстырады;

көрсетілетін қызметті алушының (көрсетілетін қызметті алушы өкілінің) және көлік құралының деректерін олардың іздестіру базасында бар-жоғы тұрғысынан тексереді;

тіркеу іс-әрекеттерін жасауға тыйым салулар мен шектеулердің бар-жоғын тексереді;

көлік құралдарының жекелеген түрлерін тіркеу, есепке алу және есептен шығару туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы шешім қабылдайды немесе ЭЦҚ және биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып, өз әрекеттерін растай отырып, Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Көлік құралдарының жекелеген түрлерін тіркеу, есепке алу және есептен шығару туралы мәліметтер өзектендірілгеннен (түзетілгеннен) кейін өтініш автоматты түрде КҚТК өндірісі үшін принтерге жіберіледі және 5 минут ішінде оны дайындау жүзеге асырылады.

Дайындалған КҚТК-ны жеткізуші 5 минут ішінде Мемлекеттік корпорацияның қызметкеріне құжаттарды беру секторына береді, онда

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері 10 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыдан (көрсетілетін қызметті алушының өкілінен) бұрынғы КҚТК-ны, МТНБ-ны (егер МТНБ-ны ауыстыру жүзеге асырылатын жағдайда) қабылдайды және оған жаңа КҚТК-ны, МТНБ-ны (егер МТНБ-ны ауыстыру жүзеге асырылатын жағдайда) береді.

Осы тармақта көзделген іс-әрекеттер орындалғаннан кейін Мемлекеттік қызмет аяқталды деп есептеледі.

Ескерту. Қағидалар 69-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69-7. Көрсетілетін қызметті алушы ЭҮП немесе ақпараттандыру объектілері арқылы көлік құралдарының жекелеген түрлерін тіркеу, есепке алу және есептен шығару туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) үшін жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші 20 минут ішінде:

сканерленген түрде ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толықтығын, сондай-ақ дұрыстығын тексереді, оларды толтырудың дұрыстығын электрондық өтінішпен салыстырады;

мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелері арқылы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттілігі туралы айыппұл және (немесе) нұсқама түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы орындалмаған қаулының бар-жоғын тексереді;

көрсетілетін қызметті алушының және көлік құралының деректерін олардың іздестіру базасында болуы, тіркеу іс-әрекеттерін жасауға тыйым салулар мен шектеулердің бар-жоғы тұрғысынан тексереді;

ЭЦҚ және биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып, өз әрекеттерін растай отырып, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген негіздер бойынша өтінішті бекіту не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім қабылдайды.

Өтінішті бекіту туралы алдын ала шешім қабылданған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 5 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында мемлекеттік корпорация жанындағы көлік құралын қарау пунктіне – маркасын, моделін, сәйкестендіру

нөмірін немесе шассидің (шанақтың, раманың) нөмірін, шығарылған жылы, түсі, көлемі, қозғалтқыштың қуаты, көлік құралының отыратын орындарының санын көрсетудегі сәйкессіздікті және (немесе) қатені түзету туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алғаннан кейін көлік құралын Мемлекеттік корпорация жанындағы тексеру пунктіне ұсынады, онда ПО-ның уәкілетті қызметкері 20 минут ішінде көлік құралының нөмірлік агрегаттарының, МТНБ-ның тіркеу құжаттарында көрсетілген есептік деректерге сәйкестігін тексеруді және салыстырып тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ олардың түпнұсқалығы тексеріледі.

Көлік құралын дайындаушы салған нөмірлік агрегаттардың таңбалауын қолдан жасау, жасыру, өзгерту және (немесе) жою анықталған кезде тиісті ақпарат дереу аумақтық полиция бөлімшесінің кезекші бөліміне беріледі.

Көлік құралын қарап-тексеру нәтижелері бойынша ПО уәкілетті қызметкері 5 минут ішінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес көлік құралын қарап-тексерудің электрондық актісін қалыптастыруды, оны ЭЦҚ және биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып бекітуді, көлік құралының электрондық фотобейнелерімен және оның сәйкестендіру нөмірімен бірге көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне жіберуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші өтініш, тексеру актісі және қажетті құжаттар топтамасы электрондық түрде келіп түскен сәттен бастап 15 минут ішінде:

Салық кодексінде белгіленген алымдар мен мемлекеттік баждардың төленгені туралы мәліметтерді тексереді;

ЭЦҚ және биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып, өз әрекеттерін растай отырып, көлік құралдарының жекелеген түрлерін тіркеу, есепке алу және есептен шығару туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Көлік құралдарының жекелеген түрлерін тіркеу, есепке алу және есептен шығару туралы мәліметтер өзектендірілгеннен (түзетілгеннен) кейін өтініш автоматты түрде КҚТК өндірісі үшін принтерге жіберіледі және 5 минут ішінде оны дайындау жүзеге асырылады.

Жеткізуші 5 минут ішінде дайындалған КҚТК-ны Мемлекеттік корпорацияның қызметкеріне құжаттарды беру секторына береді, онда

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері 10 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыдан (көрсетілетін қызметті алушының өкілінен) бұрынғы КҚТК-ны, МТНБ-ны (егер МТНБ-ны ауыстыру жүзеге асырылатын жағдайда) қабылдайды және оған жаңа КҚТК-ны, МТНБ-ны (егер МТНБ-ны ауыстыру жүзеге асырылатын жағдайда) береді.

Егер көлік құралдарының жекелеген түрлерін тіркеу, есепке алу және есептен шығару туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) маркасын, моделін, сәйкестендіру нөмірін немесе шассидің (шанақтың, раманың) нөмірін, шығарылған жылын, қозғалтқыштың түсін, көлемін, қуатын, қону санын көрсетудегі сәйкессіздікті және (немесе) қатені түзетумен байланысты болмаса өтінішті бекіту туралы шешім қабылданғаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші 5 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында Салық кодексінде белгіленген алымдар мен мемлекеттік баждарды төлеу және Мемлекеттік корпорацияның филиалына КҚТК, МТНБ алу үшін келгені туралы хабарлама жібереді (егер МТНБ ауыстыру жүзеге асырылатын жағдайда).

Осы тармақта көзделген іс-әрекеттер орындалғаннан кейін Мемлекеттік қызмет аяқталды деп есептеледі.

Ескерту. Қағидалар 69-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Көлік құралын шектеулі мерзімге мемлекеттік тіркеуге, көлік құралдарын ЭҮП немесе ақпараттандыру объектілері арқылы кейіннен тіркеусіз есептен шығаруға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияға қарап тексеру пунктіне көлік құралын әкелу қажеттігі жағдайынан басқа, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттарды тапсырған сәттен бастап 90 минуттан аспайды, бұл ретте мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттарды

тапсырған сәттен бастап 120 минуттан аспайды (көрсетілген мерзімде тиісті хабарлама алғаннан кейін Мемлекеттік корпорацияның қарап тексеру пунктіне көлік құралын қамтамасыз ету үшін қажетті уақыт енгізілмейді).

ЭҮП немесе ақпараттандыру объектілері арқылы жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияға қарап тексеру пунктіне көлік құралын әкелу қажеттігі жағдайынан басқа, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттарды тапсырған сәттен бастап 60 минуттан аспайды, бұл ретте мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттарды тапсырған сәттен бастап 120 минуттан аспайды (көрсетілген мерзімге тиісті хабарлама алғаннан кейін Мемлекеттік корпорацияның қарап тексеру пунктіне көлік құралын ұсынуға арналған қажетті уақыт кірмейді).

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушылардан қағаз түрінде қабылдаған, мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіз болған құжаттар номенклатуралық іске тігіледі, нөмірленеді, Мемлекеттік корпорация филиалының басшысы қол қояды және Мемлекеттік корпорация филиалында үш жыл бойы сақталады, құжаттардың сканерленген көшірмелері Мемлекеттік корпорация серверінде тұрақты негізде сақталады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған ақпараттандыру объектілері арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде жасалған іс-әрекеттер туралы мәліметтер ақпараттандыру объектісі меншік иесінің серверінде тұрақты негізде сақталады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. КҚ есепке қоймай, есептен шығару бойынша, сондай-ақ рама немесе тірек шанақты ауыстыру кезінде электронды түрдегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет ЭҮП арқылы ұсынылмайды.

6-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының,

Мемкорпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту.

6-тарау

алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7-тарау. «Көлік құралдары үшін мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінің телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. Қағидалар 7-тараумен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Көрсетілетін қызметті алушылар мемлекеттік қызметті алу үшін Мемлекеттік корпорацияның филиалдары арқылы ЭҮП немесе ақпараттандыру объектілері жолымен жүгінеді және осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес «Көлік құралына мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің телнұсқасын беру» Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – МТНБ телнұсқасын беруге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар пакетін толық бермеген және (немесе) қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттарды берген жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды қабылдаудан жазбаша дәлелді түрде бас тартады.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.09.2022 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – көлік құралдары үшін мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінің (бұдан әрі – МТНБ) телнұсқасын не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға немесе сенімхат негізінде әрекет ететін оның өкіліне (жеке тұлғалар үшін нотариаты расталған) жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы бойынша беріледі.

МТНБ телнұсқасын беруге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны тыңдау туралы алдын ала, бірақ әкімшілік акт қабылданған күнге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын хабардар етеді. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көлік құралдары үшін МТНБ телнұсқасын беру туралы шешім қабылдайды немесе Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 26.09.2022 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

78. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 615-бабына сәйкес көлік құралының МТНБ телнұсқасын беру үшін мемлекеттік баж: саны 2 бірлік МТНБ телнұсқасын беру үшін – 2,8 АЕК, саны 1 бірлік – 1,4 АЕК құрайды.

Мемлекеттік баж екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар немесе «электрондық үкімет» порталының төлем шлюзі арқылы қолма-қол немесе қолма-қол емес тәсілмен төленеді.

79. Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды қабылдау кезінде:

1) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушының деректерін және тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы баждар мен алымдарды төлеу туралы мәліметтерді тексереді, 20 минут ішінде қажетті құжаттар пакетін қабылдайды, электрондық өтінішті қалыптастырады, ЭЦҚ қол қояды және көрсетілетін қызметті алушыға Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес құжаттардың қабылдағаны туралы қолхат береді;

2) көрсетілетін қызметті беруші өтінімді қабылдайды, иесін (көрсетілетін қызметті алушыны) және КҚ-ны олардың іздестіруде болу тұрғысынан тексереді, 20 минут ішінде өтінімді бекіту немесе МТНБ телнұсқасын беруге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағына сәйкес негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды;

3) өтінімді алған кезде көрсетілетін қызметті беруші Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес МТНБ телнұсқасын дайындауға арналған жиынтық өтінімге МТНБ деректерін енгізеді және жұмыс уақытының соңына дейін Жеткізушіге МТНБ телнұсқаларын дайындауға өтінімді жолдайды;

4) жеткізушіден МТНБ қабылдауды материалдық жауапты адам оларды алған күні Жеткізуші жүкқұжатының, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МТНБ қабылдау актісінің негізінде жүзеге асырады;

5) көрсетілетін қызметті берушінің материалдық жауапты адамы қабылдау күні дайындалған МТНБ телнұсқасын 11-қосымшаға сәйкес жүкқұжат бойынша Мемлекеттік корпорацияға береді;

6) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері 10 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға МТНБ телнұсқасын береді.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Құжаттарды «электрондық үкімет» порталы (бұдан әрі - ЭҮП) арқылы қабылдаған кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушы ЭҮП-де электрондық-цифрлық қолтаңбасын (бұдан әрі - ЭЦҚ) белсендендіреді, барлық деректемелік деректерді толтырады, ЭҮТШ арқылы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (бұдан әрі – *Салық кодексі*) белгіленген баж салығын төлеуді жүргізеді және өтінімге ЭЦҚ қояды;

2) уәкілетті органның қызметкері өтінімді қабылдайды, олардың іздестіруде болуы мәніне иесі (көрсетілетін қызметті алушы) мен КҚ-ны тексереді, 20 минут ішінде өтінімді бекіту немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

8-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемкорпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. Қағидалар 8-тараумен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын жоғары тұрған органның әкімшілік ісіне жібереді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органның әкімшілік ісіне жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 26.09.2022 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Көлік құралының сәйкестендіру
нөмірі бойынша көлік құралдарының
жекелеген түрлерін мемлекеттік
тіркеу және есепке
алу қағидаларына
1-қосымша

*Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің
07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Көлік құралдарының сәйкестендіру
нөмірі бойынша көлік
құралдарының жекелеген түрлерін
мемлекеттік тіркеу және есепке алу
қағидаларына
2-қосымша

*Ескерту. 2-қосымша алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің
20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша
көлік құралдарының жекелеген түрлерін
мемлекеттік тіркеу және есепке алу
қағидаларына
3-қосымша

*Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің
07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Нысан

Босаған нөмірлік агрегатқа куәлік

(тіркеу пунктін атауы)	_____
_____ растайды	
(агрегаттың атауы және нөмірі)	_____
Нөмірлік агрегат орнатылған (тіркелген) көлік құралы туралы	
мәліметтер: мемлекеттік тіркеу белгісі	_____
сәйкестендіру нөмірі (VIN)	_____
маркасы, үлгісі	_____ дайындаушы кәсіпорын _____
КҚ түрі	_____ КҚ санаты _____
шығарылған жылы	_____ шасси (рама) нөмірі _____
шанақ нөмірі	_____ түсі _____
сериясы	_____ № _____
(тіркеу құжаты)	_____ тиесілі _____
(тегі, аты, әкесінің аты)	_____
(мекенжайы, паспорты немесе оны алмастыратын құжаты, кім, қашан берілген)	_____
(заңды тұлғаның атауы, мекенжайы)	_____
М.О.	
20__ жылғы «__» _____	
Уәкілетті адамның қолы	_____

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша
көлік құралдарының жекелеген түрлерін
мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларына
4-қосымша

*Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің
07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Кәдеге жаратуға жататын (ақаулы) көлік құралын есептен шығару туралы
_____ № _____ анықтама

_____ берілген,
(КҚ иесі және (немесе) оның өкілі туралы мәліметтер)

_____ маркасы, моделі

_____ КҚ түрі

_____ сәйкестендіру нөмірі (VIN)

_____ мемлекеттік тіркеу белгісі

_____ түсі

_____ КҚ санаты

_____ шығарылған жылы

_____ шасси (рама) нөмірі

_____ шанақ нөмірі

рұқсат тілген ең жоғары массасы kg

жүктемесіз массасы, kg

КҚТКсериясы

№ _____
көлік құралы кәдеге жаратуға (ақаулы) жататын көлік құралы ретінде
_____ бастап тіркеу есебінен шығарылды.
(күні)

М.О.

20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____

Уәкілетті адамның қолы _____

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша
көлік құралдарының жекелеген түрлерін
мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларына
5-қосымша

«Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы куәлік және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. Қағидалар 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 26.09.2022 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.10.2024 № 743 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 27.12.2024 № 1032 (05.04.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:		
1. Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін бастапқы мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ көлік құралдарын және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін тіркеу туралы куәліктерді беру;		
2. Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін тіркеу туралы куәліктер беру;		
3. Көлік құралдарының жекелеген түрлерін тіркеу, есепке алу және есептен шығару туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету);		
4. Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін уақытша мемлекеттік тіркеу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін тіркеу туралы куәліктер беру.		
1	Көрсетілетін қызметтің берушінің атауы	Полицияның аумақтық бөлімдері
2	Мемлекеттік қызметтің сұрыпталуы	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін құжаттарды қабылдау: 1) Мемлекеттік корпорация; 2) ЭҮП (www.egov.kz); 3) ақпараттандыру объектілері арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметтің көрсету мерзімі	Мемлекеттік корпорация арқылы – 90 минут (көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде 120 минут); ЭҮП және өзге де ақпараттандыру объектілері арқылы – 60 минут (көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде 120 минут);
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған) /қағаз.

5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	1) КҚ тіркеген кезде – КҚТҚ, МТНБ беру; 2) КҚ-ны есептен шығару кезінде – БАЖ тиісті мәліметтерді енгізу арқылы КҚ есептен шығару; 3) Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	1) Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеген кезде: «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 553, 615-баптарына сәйкес КҚТҚ, МТНБ бергені үшін міндетті тіркеу алымдары және мемлекеттік баж; көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 2 қарашадағы № 448 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25100 тіркелген) бекітілген Кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесінің негізінде есептелетін кәдеге жарату төлемі алынады; 2) КҚ есептен шығару тегін негізде жүзеге асырылады; 3) КҚ туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) кезінде: КҚТҚ ауыстырған жағдайды Салық кодексінің 553 және 615-баптарына сәйкес КҚТҚ бергені үшін тіркеу алымы және мемлекеттік баж алынады; Егер КҚТҚ ауыстыру талап етілмесе қызмет тегін негізде жүзеге асырылады.
7	Қызмет көрсетушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) Дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. 2) ЭҰП, ақпараттандыру объектілері – жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілген қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) Көлік құралдарының жекелеген түрлерін тіркеу, есепке алу және есептен шығару туралы мәліметтерді тіркеу, өзектендіру (түзету) үшін олардың иелері (иелерінің өкілдері) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде: жеке басты куәландыратын құжатты (жеке басты сәйкестендіру үшін), оның ішінде цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды нысанда; «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 553 және 615-баптарына сәйкес КҚТҚ, МТНБ бергені үшін тіркеу алымдары және мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжаттарды; көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде кәдеге жарату төлемін енгізу туралы сертификат; көлік құралының электрондық паспорттары жүйесінің ұлттық операторының ақпараттық жүйесі арқылы көлік құралының электрондық паспорты (көлік құралы шассіінің электрондық паспорты) (көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде); ЕАЭО кеден аумағына көлік құралдарын уақытша кіргізу туралы кеден органдары берген құжаттар (уақытша әкелінген көлік құралын шектеулі мерзімге тіркеген жағдайда); Бұрынғы КҚТҚ және МТНБ-ны (олар болған кезде); егер көлік құралының бұрынғы иесі заңды тұлға болып табылса, осы ұйымның мөрімен куәландырылған (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) заңды тұлғаның көлік құралын өзінің құрылымдық бөлінісіне немесе басқа заңды не жеке тұлғаға бөлу және беру туралы бұйрығы (өкімі); көлік құралына меншік құқығын растайтын құжат; егер көлік құралының конструкциясына оны тіркегенге дейін өзгерістер енгізілсе, Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешімімен бекітілген «Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентіне 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралының оның конструкциясына енгізілген өзгерістермен оның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлік;

		көлік құралын қарап тексеру актісі ұсынылады. Мопедтерді тіркеу үшін олардың иелері (иелерінің өкілдері): жеке басты куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін) немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық нысанда; Салық кодексінің 553 және 615-баптарында көзделген КҚТҚ, МТНБ бергені үшін тіркеу алымдары және мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжаттарды; осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес мопедті мемлекеттік тіркеу туралы өтініш; ашық ақпараттық көздерден ұсынылған мопедтің техникалық сипаттамалары туралы болған жағдайда техникалық құжат немесе мәліметтер; мопед рамасының нөмірі болмаған кезде сәйкестендіру нөмірін тіркеу әрекеттері жасалғанға дейін мопед иесінің өтініші бойынша уәкілетті орган береді; осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес көлік құралын қарап тексеру актісін (көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде); бұрынғы КҚТҚ, МТНБ (олар болған кезде); иесінің өкілі жүгінген жағдайда келісімшарт немесе сенімхат ұсынады. 2) Көлік құралдарын, оның ішінде мопедті есептен шығару үшін олардың иелері (иелерінің өкілдері) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде: жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), оның ішінде цифрлық құжаттар сервисі арқылы электронды нысанда; көлік құралына меншік құқығын растайтын құжат; бұрынғы КҚТҚ және МТНБ ұсынады. 3) Көлік құралдарын тіркеу үшін ЭУП немесе ақпараттандыру объектілері арқылы жүгінген кезде: Салық кодексінің 553 және 615-баптарына сәйкес ТҚКҚ, МТНБ бергені үшін тіркеу алымдары мен мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжаттардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйесі арқылы аталған мәліметтерді алу жағдайын қоспағанда, кәдеге жарату төлемін (көлік құралын бастапқы тіркеу кезінде) енгізу туралы сертификаттың электронды көшірмелері; көлік құралы паспортының электронды көшірмесі (көлік құралы шассіінің паспорты) ұсынылады. Егер көлік құралына көлік құралының электрондық паспорты (көлік құралы шассіінің электрондық паспорты) ресімделсе, көлік құралының паспортын (көлік құралы шассіінің паспорты) ұсыну талап етілмейді; егер көлік құралының бұрынғы иесі заңды тұлға болып табылса, осы ұйымның мөрімен куәландырылған (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) заңды тұлғаның көлік құралын өзінің құрылымдық бөлінісіне немесе басқа заңды не жеке тұлғаға бөлу және беру туралы бұйрықтың (өкімнің) электронды көшірмесі; көлік құралына меншік құқығын растайтын құжаттың электронды көшірмесі ұсынылады.
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе толық көлемде ұсынбаған, оқылмайтын, қарындашпен орындалған, түзетулері, қосып жазылулары, сызылған сөздері, ескертілмеген түзетулері бар құжаттарды ұсынған, сондай-ақ құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) шынайылығын анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 тіркелген) Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қолжеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімінің болмауы;

		4) айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы орындалмаған қаулы және (немесе) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманың болуы; 5) көрсетілетін қызметті алушының деректері (көрсетілетін қызметті алушының өкілі) немесе көлік құралы іздестіру базасында болуы; 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес терроризм мен экстремизді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде және (немесе) жаппай қырып жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде көрсетілетін қызметті алушының (көрсетілетін қызметті алушының өкілі) деректерінің болуы; 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салынған (енгізілген) тіркеу әрекеттерін жасауға тыйым салу және шектеудің болуы; 8) көлік құралын басқа мемлекетте соңғы тіркелген орны бойынша (бастапқы тіркеу болған кезде) тіркеу есебінен шығармау; 9) көлік құралын бастапқы тіркеу немесе көлік құралын жасаушы салған нөмірлік агрегаттарды қолдан жасау, жасыру, өзгерту және (немесе) таңбалауды жою салдарынан көлік құралын сәйкестендіру мүмкін болмаған кезде оны қарап-тексеру үшін ұсынбау.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электронды нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктен ескере отырып өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде ЭҮП «жеке кабинеті» арқылы, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 77 77 телефондары арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары www.mvd.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша
көлік құралдарының жекелеген түрлерін
мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларына
6-қосымша

*Ескерту. Қағидалар 6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер
министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Нысан

Құжаттарды қабылдау туралы

№

қолхат _____
(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы көрсетіледі)

_____ (көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның
атауы немесе олардың өкілдері)

Қабылданған құжаттардың тізбесі:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____

Қабылдады:

_____/_____/_____
Мемкорпорация қызметкері (қолы) (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))
_____ жылғы «__» _____

Берілген уақыты мен күні: ____ сағ. ____ мин.

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша
көлік құралдарының жекелеген түрлерін
мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларына
7-қосымша

(қызмет алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. Қағидалар 7-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

«Мемлекеттік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік корпорация
қызметкері

(мекенжайын көрсету)

сіздің мемлекеттік қызмет тізілімінде көзделген құжаттар тізбесін, атап айтқанда:

1. _____;
2. _____;
3. _____ толық ұсынбауыңызға

байланысты _____
(мемлекеттік қызметтің атауын көрсету)

мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттар қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әр тарап үшін біреуден 2 данада жасалды.

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

Алдым: _____

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша
көлік құралдарының жекелеген түрлерін
мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларына
8-қосымша

«Көлік құралдары үшін мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. Қағидалар 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 26.09.2022 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.10.2024 № 743 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Полицияның аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін құжаттарды қабылдау: 1) Мемлекеттік корпорация; 2) ЭҮП (www.egov.kz) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Мемлекеттік корпорация және ЭҮП арқылы Астана және Алматы қалалары үшін 5 жұмыскүні ішінде, облыстар мен Шымкент қаласы үшін 15 жұмыскүні ішінде.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электронды (ішінара автоматтандырылған) /қағаз.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	МТНБ телнұсқасы не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	2 дана – 2,8 АЕК. 1 дана – 1,4 АЕК.
7	Қызмет көрсетушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) Дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. 2) ЭҮП, ақпараттандыру объектілері – жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жү-

		гінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Мемлекеттік корпорацияға: 1) жеке басты куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін), оның ішінде цифрлық құжаттар сервисі арқылы электронды нысанда; 2) МТНБ үшін баж төлеу; 3) телнұсқа берген кезде бұрынғы МТНБ болған кезде тапсыруға жатады; ЭҮП: 1) көрсетілетін қызметті алушы ЭҮП-де электрондық-цифрлық қолтаңбасын (бұданәрі – ЭЦҚ) жандандырады, оның атына берілген МТНБ-ны таңдап, барлық деректемелік деректерді толтырады; 2) МТНБ үшін «электрондық үкімет» порталының төлем шлюзі арқылы бажды төлеуді жүргізеді; 3) бұрынғы МТНБ болған кезде ол телнұсқа берген кезде тапсыруға жатады.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту үшін негіздер	1) тиісті өтінімді қалыптастыру үшін қажетті құжаттарды ұсынбау немесе толық көлемде ұсынбау, сондай-ақ оқылмайтын, қарындашпен орындалған, түзетулері, қосып жазылулары, сызылған сөздері, сондай-ақ ескертілмеген түзетулері бар құжаттарды ұсыну; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 тіркелген) Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) ақпараттық жүйелерде мемлекеттік баж төленгені туралы мәліметтердің болмауы; 4) жүгінген адамда айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы уақтылы орындалмаған қаулы және (немесе) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама болған жағдайда, оларды орындағанға дейін; 5) терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілген адам көлік құралдарын тіркеу органына жүгінуі; 6) иесінің (немесе оның өкілінің) және (немесе) көлік құралының іздестіруде болуы; 7) мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі болмаған жағдайда;
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электронды нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып өзгеде талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпараттық қашықтан қолжеткізу режимінде ҮЭП «жеке кабинеті», қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірінғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777 арқылы ала алады. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: www.mvd.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша
көлік құралдарының жекелеген түрлерін
мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларына
9-қосымша

*Ескерту. Қағидалар 9-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер
министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

НЫСАН

Бекітемін

_____ ПД ӘПБ бастығы
(бөліністің атауы)

(атағы, (қолы), (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

20 __ жылғы «__» _____

**20 __ жылғы «__» _____ мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінің
телнұсқаларын дайындауға және жеткізуге жиынтық өтінім**

№ р/с	МТНБ типі	Литер-Серия	Алғашқы нөмір	Соңғы нөмір	Дана саны
1	2	3	4	5	6

уәкілетті органның қызметкері _____
(лауазымы, қолы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша
көлік құралдарының жекелеген түрлерін
мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларына
10-қосымша

*Ескерту. Қағидалар 10-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер
министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

НЫСАН

Мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін қабылдау актісі

20__ жылғы «__» _____ (елді-мекен)

Жеткізуші өкілінің қатысуымен уәкілетті адам

_____ (лауазымы, Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

_____ (Жеткізушінің атауы, заңдық мекенжайы, БСН)

20__ жылғы «__» _____ № _____ жүкқұжат бойынша келіп түскен МТНБ-ны
қабылдауды жүргізді.
Орамды ашқан кезде:

_____ анықталды.

(МТНБ-лар типі, сериясының литерін көрсетіп саны бойынша санамаланады,
оның ішінде: жарамсыз, жетіспейтін, артық МТНБ санамаланады)

Қабылдау актісі үш (төрт) данада жасалады және:

1 дана - уәкілетті адамға;

2 дана – Жеткізушіге;

3 дана - ПД ҚКЕБ-ге, ПМ Байқоңыр қаласындағы Өкілдігіне берілді.

Жеткізушінің өкілі

_____ (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), _____ қолы)

Осы актіде аталған барлық құндылықтар менің қатысуыммен тексерілді, актіге дұрыс
енгізілді және мен қабылдадым.

Уәкілетті органның материалдық жауапты адамы _____ лауазымы,

Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

20__ жылғы «__» _____.

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша
көлік құралдарының жекелеген түрлерін
мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларына
11-қосымша

*Ескерту. Қағидалар 11-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер
министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

НЫСАН

Жіберуші _____
Алушы _____
Кім арқылы _____
Сенімхат бойынша _____

20__ ЖЫЛҒЫ «__» _____ №__ ЖҮКҚҰЖАТ

№ р/с	МТНБ телнұсқасының типі	МТНБ, реттік нөмірі, сериясы	Саны	Бағасы, тг	Сомасы, тг
1	2	3	4	5	6
1					
Жиыны:					

Жіберді _____ (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)) _____ /қолы/

Алды _____ (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)) _____ /қолы/

М.О.

М.О.

**Көлік құралының сәйкестендіру
нөмірі бойынша көлік құралдарының
жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және
есепке алу қағидаларына бұйрығына қосымша**

*Ескерту. Қағидалар 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер
министрінің 26.09.2022 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Нысан

00 № ____

(өңір коды) (реттік нөмірі)

Көлік құралын қарап тексеру актісі

20__ ЖЫЛҒЫ «__» _____

Мемлекеттік тіркеу нөмірі _____

Сәйкестендіру нөмірі (VIN) _____

Маркасы, моделі _____

Дайындаушы кәсіпорын _____

КҚ түрі _____ КҚ санаты _____

Шығарылған жылы _____ Шасси (рама) нөмірі _____

Шанақ нөмірі _____

Түсі _____

Сериясы _____ № _____

(көлік құралын сәйкестендіретін құжат)

Сериясы _____ № _____

(меншік құқығын растайтын құжат)

_____ тиесілі

(заңды тұлғаның атауы) (иесінің Т.А.Ә (болған жағдайда))

Иесінің тіркелген жерінің мекенжайы _____

Сенім білдірілген адам _____

(Т.А.Ә (болған жағдайда), мекенжайы, сенімхат нөмірі, сериясы, кім, қашан берген)

Қарап тексеру жүргізген ПО лауазымды адамы:

(қарап тексеру жүргізген лауазымды адамның лауазымы, бөлінісі, атағы, Т. А.Ә (болған жағдайда))

Анықталған техникалық ақаулар _____

Көлік құралының жалпы сипаттамасы

(жеңіл автомобильдің рамасын, шассийн, шанағын, негізгі шанағын ауыстырған жағдайда толтырылады)

	Базалық көлік құралы	Жеңіл автомобильдің рамасын, шассийн, шанағын, негізгі шанағын ауыстырғаннан кейін
Дөңгелек формуласы/негізгі дөңгелектер		
Көлік құралын жинақтау сызбасы		
Шанақ түрі/есіктердің саны (M1 санаты үшін)		
Тиеу кеңістігін толтыру (N санаты үшін)		
Кабина (для категории N)		
Жолаушылар сыйымдылығы (M2, M3 санаттары үшін)		
Жүксалғыштардың жалпы көлемі (M3 санаты үшін, класс III)		
Отыруға арналған орындардың саны (M2, M3, L санаттары үшін)		
Рама (L санаты үшін)		
ось/дөңгелектер саны (санат үшін)		

Жабдықталған күйдегі көлік құралының масса-сы, кг		
Көлік құралының техникалық рұқсат етілген ең жоғарғы массасы, кг		
Габариттік өлшемдері, мм		
- ұзындығы		
- ені		
- биіктігі		
- базасы, мм		
Алдыңғы/артқы дөңгелектердің колеясы, мм		
Қозғалтқыш (маркасы, түрі)		
- цилиндрлердің саны мен орналасуы		
цилиндрлердің жұмыс көлемі, см ³		
отын		
Беріліс қорабы (маркасы, түрі)		
Рульдік басқару (орналасуы, маркасы, түрі)		

Қорытынды:

(қарап тексеру жүргізген лауазымды адамның қолы, бөліністің мөрі)

Көлік құралының сәйкестендіру
нөмірі бойынша көлік
құралдарының жекелеген
түрлерін мемлекеттік тіркеу
және есепке алу қағидаларына
16-қосымша

*Ескерту. Қағидалар 16-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер
министрінің 27.12.2024 № 1032 (05.04.2025 бастап қолданысқа енгізіледі)
бұйрығымен.*

**Аумақтық полиция органына
(көрсетілетін қызметті берушіге)**

Кімнен: _____

**(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
не заңды тұлғаның атауы)**

**(жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)
не бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН))**

**(заңды мекенжай)
өкілі (бар болса):**

**(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
(өтініш берушінің**

ұялы байланысының абоненттік нөмірі)

**Мопедті мемлекеттік тіркеу туралы
өтініш**

Мынадай мопедті мемлекеттік тіркеу жүргізуді сұраймын:

1. Маркасы
2. Моделі

3. Шығарылған жылы
4. Басқару құқығына санат
5. Техникалық санат
6. Сәйкестендіру нөмірі(VIN) (*болған кезде)
7. Шасси нөмірі (рамалар) (*болған кезде)
8. Жүктемесіз масса, kg
9. Рұқсат етілген тах. салмағы, kg
10. Қозғалтқыш көлемі, текшені қараңыз
11. Қозғалтқыштың ат күші
12. Қозғалтқыш қуаты киловатт
13. Түсі
14. Өндіруші ел

Рамада сәйкестендіру нөмірі болмаған кезде оны беру «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» (КО ТР 018/2011) Кеден одағының техникалық регламентіне 7-қосымшада белгіленген көлік құралдарын сәйкестендіруге қойылатын талаптарға сәйкес жүргізіледі.

_____ 20____ ж. «____» _____
(қолы) (күні)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2014 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 862 бұйрығына
2-қосымша

Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі оқу ұйымдарында (бұдан әрі - оқу ұйымдары) механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді (бұдан әрі - жүргізушілер) даярлау тәртібін айқындайды.

1-1. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жүргізушілерді даярлау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес «А», «В», «С», «D», «BE», «CE», «DE», «Tm», «Tb» санаттарындағы және «A1», «B1», «C1», «D1», «C1E», «D1E» кіші санаттарындағы механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлаудың үлгі бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. "А", "В", "С", "D", "BE", "CE", "DE", "Tm", "Tb" санаттарындағы және "A1", "B1", "C1", "D1", "C1E", "D1E" кіші санаттарындағы механикалық көлік

құралдарын жүргізушілерді даярлау медициналық куәландырудан өткен және медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ адамдардың қатарынан жүзеге асырылады.

4. Жүргізушілерді даярлау топтарына қабылданған, оқу ұйымдарындағы білім алушыларды есепке алу жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің автоматтандырылған кешенімен біріктіру мүмкіндігімен, автоматтандырылған ақпараттық жүйені пайдаланып жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 26.09.2017 № 646 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жүргізушілерді даярлау жөніндегі оқу топтары саны кем дегенде отыз адамнан жасақталады.

5-1. Оқыту ұйымдарын есепке алуды және оқу топтарын тіркеуді жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – «Автомектеп» АЖ) арқылы жүзеге асырылады.

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға оқыту ұйымынан келіп түскен жұмысының басталғаны туралы хабарлама «Автомектеп» АЖ-да оқуды ұйымдастыруды тіркеу және есепке алу үшін негіздеме болып табылады.

Оқыту ұйымын «Автомектеп» АЖ-да тіркеу тиісті хабарлама келіп түскен күні жүзеге асырылады (хабарлама жұмыс уақытының 18.00 сағаттан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде «Автомектеп» АЖ-да оқу ұйымын тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Оқыту ұйымы «Автомектеп» АЖ-да тіркелгеннен кейін жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде оқыту ұйымдарына оқу топтарын тіркеу үшін «Автомектеп» АЖ-ға авторизацияланған рұқсатты ұсынады.

«Автомектеп» АЖ-да оқу топтарын тіркеу оқыту ұйымының бұйрығы негізінде тиісті бұйрық шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

«Автомектеп» АЖ форматты-логикалық бақылауды көздейді, ол:

1) саны отыз адамнан асатын оқу топтарын тіркеуге;

2) бұрын тіркелген оқу топтарында білім алушыларды қосуға;

3) көлік құралдарының жүргізушілерін даярлаудың үлгілік бағдарламаларына сәйкес білім алушы толық оқу курсынан өтпеген жағдайда, сондай-ақ оқыту ұйымында қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша теріс баға алған кезде оқу курстарын аяқтағаны туралы куәлік алуға жол бермейді.

«Автомектеп» АЖ-ға біріктірілген сервисі арқылы қосылатын көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктердің ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, оқу топтарын тіркеуді жүргізуге жол беріледі.

Ескерту. 1-тарау 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Механикалық көлік құралдарын (бұдан әрі – МКҚ) жүргізушілерді даярлау мынадай тақырыптық жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) «Құрылымы және техникалық қызмет көрсету»;
- 2) «Жол жүрісі қағидалары»;
- 3) «Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі»;
- 4) «Жол-көлік оқиғасы (бұдан әрі – ЖКО) кезіндегі алғашқы көмек»;
- 5) «Механикалық көлік құралын жүргізу (тиісті санаттағы, кіші санаттағы).

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 26.09.2017 № 646 (01.01.2018 бастан қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

7. Жүргізушілерді даярлауға арналған кабинеттер (сыныптар) кабинеттің (сыныптың) оқу жабдықтарының барынша аз тізбесіне сәйкес немесе осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес МКҚ тиісті санатындағы жүргізушілерді даярлау үшін ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жабдықталады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Оқытудың негізгі нысандары теориялық және практикалық сабақтар болып табылады.

Әрбір пән бойынша теориялық сабақтар күніне екі сағаттан, ал практикалық сабақтар - алты сағаттан аспайтындай жоспарланады.

Бір күн ішінде автомобиль жүргізу бойынша бір білім алушыға:

- 1) автотренажерда кемінде бір сағат;
- 2) оқу автомобилінде «Колоннада көлік жүргізу» жаттығуын, сондай-ақ төрт сағат ішінде пысықталатын, жүк тасымалдаумен байланысты жаттығуларды қоспағанда, кемінде екі сағат пысықтап үйренуге рұқсат етіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 26.09.2017 № 646 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.04.2021 № 253 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9. Теориялық және зертханалық-практикалық оқу сабақтарының ұзақтығы – қырық бес минут, ал міндеттерді белгілеу, қорытынды шығару, құжаттама ресімдеу және оқытындарды ауыстыру уақытын қоса алғанда, автомобиль жүргізу бойынша практикалық сабақтардың ұзақтығы – бір сағат.

Практикалық сабақтарды үзіліссіз тоқсан минут ішінде өткізуге жол беріледі. Оқу уақытының ұзақтығы жұмыс күндері төрт сағаттан және демалыс күндері алты сағаттан аспауы тиіс.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 26.09.2017 № 646 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Теориялық сабақтарды оқытушы, ал автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету бойынша зертханалық-практикалық сабақтарды оқытушы өндірістік үйрету шеберімен бірлесіп өткізеді, автомобиль жүргізу бойынша практикалық сабақтарды көлік жүргізуге үйрету шебері оқитын әр адаммен жеке жүргізеді.

Автомобильдердің құрылымы мен техникалық қызмет көрсету және ЖКО кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша практикалық сабақтар бір немесе бірнеше тақырып бойынша тиісті теориялық материалды зерделегеннен кейін жүргізіледі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 26.09.2017 № 646 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Автомобильді практикалық жүргізу басталғанға дейін оқитындар көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер және Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамдар мен жол жүрісіне қатысушылардың міндеттері бойынша даярлықтан өтеді.

12. Практикалық жүргізу сабақтары әрбір білім алушымен жеке автотренажерларда (олар болған жағдайда), автодромдарда (жүргізіп үйренуге арналған алаңдарда) және үш жылда кемінде бір рет жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық уәкілетті органда келісуден өткен оқу бағыттарында өткізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 26.09.2017 № 646 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Практикалық жүргізуге оқыту жүргізуге үйрету шеберінің басшылығымен техникалық жағынан ақаусыз, Қазақстан Республикасы Жол қозғалысы ережелерінің талаптарына сәйкес жабдықталған көлік құралдарында өткізіледі.

14. Әр пән бойынша оқитындардың деңгейін анықтау және оның білімін бағалау үшін қорытынды сабақтар өткізіледі, олардың нәтижелері бойынша әрбір оқитынның және жалпы топтың емтихандарға дайындығы, консультациялар тақырыптары, қосымша сабақтардың көлемі айқындалады, сондай-ақ

емтихандарға өздігінен дайындалу үшін ұсынымдар беріледі, сондай-ақ қорытынды аттестаттау өткізіледі.

15. Тиісті санаттардағы және кіші санаттардағы механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлаудың үлгі бағдарламаларында көзделген жаттығуларды толық көлемде пысықтағаннан кейін МКҚ басқару тәсілдерін жеткілікті меңгермеген, оқитын адамдар үшін қорытынды сабақтың нәтижелері бойынша қосымша сабақтар өткізіледі.

16. Қорытынды аттестаттау оқыту ұйымында:

- 1) көлік құралының құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету;
- 2) жол жүрісі қағидалары, қозғалыс қауіпсіздігі мен ЖКО кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету негіздері;
- 3) көлік құралын практикалық жүргізу бойынша емтихандар қабылдау түрінде өткізіледі.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 26.09.2017 № 646 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 26.09.2022 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. Трамвайды немесе троллейбусты басқарудың практикалық емтиханын оқыту ұйымы қабылдайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Емтихандар мынадай ретпен тапсырылады: алдымен теориялық, содан кейін - практикалық.

Жүргізуші куәлігін алғысы келетін адам (бұдан әрі – жүргізушілікке үміткер) теориялық емтихан тапсырмаса практикалық емтиханға жіберілмейді.

Жүргізушілікке үміткер бірнеше санаттағы жүргізуші куәлігін алу кезінде бір теориялық емтихан тапсырады, бұл ретте практикалық емтихан әрбір санат бойынша жеке тапсырылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11-1. Теориялық немесе практикалық емтихандарды тапсыру үшін жүргізушілікке үміткерлер электрондық үкімет порталы (бұдан әрі - ЭҮП), ақпараттандыру объектілері (екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілері) (бұдан әрі – ақпараттандыру объектілері) арқылы немесе көрсетілетін қызметтер операторына жүгіну арқылы өтініш береді.

Жүргізушілікке үміткер ЭҮП, ақпараттандыру объектілері арқылы жүгінген кезде адамның биометриялық деректерін мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтермен салыстыра тексеру арқылы сәйкестендіруден өтеді. Бұдан кейін жүргізушілікке үміткердің «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы статус көрсетіледі.

Қызмет операторына жүгінген кезде емтихан алушы жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (бұдан әрі – электрондық құжат) ұсынады.

Қызмет операторының қызметкері жеке басты куәландыратын құжатты немесе электрондық құжатты мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтермен салыстырады (сәйкестендіру үшін).

Тікелей емтихан өткізер алдында, оның ішінде биометриялық салыстыра тексеру жолымен емтихан тапсыратын адамды сәйкестендірудің теріс нәтижесі болған жағдайларда ақпараттық жүйеге тиісті мәліметтерді енгізе отырып, Мемлекеттік корпорация белгілеген нысан бойынша жеке бастың сәйкестендіруден өтпегені туралы акті жасалады.

Жүргізушілікке үміткерге көрсетілген актіні ресімдеген күннен бастап 6 ай ішінде жеке басын сәйкестендіруден өтпегені туралы акт негізінде теориялық немесе практикалық емтихандарды одан әрі тапсырудан бас тартылады.

Ескерту. 2-тарау 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-2. Жүргізушілікке үміткер теориялық немесе практикалық емтихандарды тапсыру үшін бос орындардың бар болуына сүйене отырып, оны өткізген күнге

дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей және осы тармақта белгіленген мерзімдерді ескере отырып, теориялық немесе практикалық емтихандарды тапсыру орнын, күнін және уақытын таңдайды.

Теориялық және практикалық қайталама емтихан алдыңғы өткен күннен бастап келесі жұмыс күніне тағайындалады.

Теориялық емтиханды тапсырудың екі теріс нәтижесі болған кезде, әрбір келесі теориялық емтихан теріс нәтиже болған жағдайда кемінде бір айдан кейін өткізіледі.

Практикалық емтиханды тапсырудың екі теріс нәтижесі болған кезде келесі практикалық емтихан кемінде бір айдан кейін өткізіледі.

Практикалық емтиханды тапсырудың үш теріс нәтижесі кезінде теориялық емтиханды тапсыру нәтижелері жойылады (талпыныстар саны нөлге тең). Теориялық емтихан тапсыруға жүргізушілікке үміткер кемінде екі айдан кейін жіберіледі.

Жергілікті әскери басқару органдарының жолдамалары бойынша оқудан өткен адамдар күнтізбелік жеті күннен кейін қайта емтиханға жіберіледі.

Ескерту. 2-тарау 11-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Теориялық емтихан:

1) кезекті басқаруға арналған аппараттық-бағдарламалық кешенмен (бұдан әрі - АБК);

2) жүргізушілікке үміткеріні сәйкестендіруге және кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен алынған оның автоматтандырылған жұмыс орнының (бұдан әрі – АЖО) нөмірін көрсетуге арналған АБК-мен;

3) жүргізушілікке үміткеріні адамның биометриялық деректерін мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтермен салыстыра тексеру арқылы емтихан алушыны сәйкестендіру жүйесімен;

4) металл детекторымен;

5) байланыс сигналдарын басу АБК-мен;

6) ахуалдық орталыққа қосылған бейнебақылау АБК-мен;

- 7) IP жалпы бақылау камераларымен;
- 8) Ахуалдық орталыққа қосылған прокторинг жүйесімен;
- 9) коммутациялық жабдықпен;
- 10) бұлтты орталық серверге қосылған оператордың АЖО-мен;
- 11) бұлтты орталық серверге қосылған клиенттің АЖО-мен жабдықталған емтихан сыныбында өткізіледі.

Бұл ретте жүргізушілікке үміткердің әрбір АЖО монитормен, веб-камерамен, IP-камерамен, пернетақтамен және тінтуірмен жабдықталады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

13. Теориялық емтиханды өткізу нысаны – жеке.

Тестілеу басталғанға дейін емтихан алушы емтихан алушыға нұсқама береді және туындаған сұрақтарға жауап береді.

Өзін нашар сезініп тұрған жүргізушілікке үміткер теориялық емтихан тапсырар алдында бұл туралы операторға хабарлайды. Бұл жағдайда мұндай жүргізушілікке үміткерден емтиханды қабылдау осы күннің ішінде басқа уақытта немесе кестеге сәйкес басқа күні жүргізіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Теориялық емтихан тапсыру залына кірер алдында жүргізушілікке үміткер биометриялық деректерді мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтермен салыстыра тексеру арқылы сәйкестендіруден өтеді.

Бұдан әрі экранда жүргізушілікке үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі және кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен алынған АЖО нөмірі көрсетіледі.

АЖО нөмірін алғаннан кейін жүргізушілікке үміткер 3 минут ішінде АЖО алады және емтиханды тапсыра бастайды.»

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15. Емтихан басталар алдында мониторда көлік құралын басқару құқығын алуға теориялық емтихан тапсырылатын көлік құралдарының АЖО нөмірі, санаты немесе кіші санаты (бұдан әрі - санат), сондай-ақ жүргізушілікке үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

Бұл ретте жүргізушілікке үміткер биометриялық деректерді мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтермен салыстыра тексеру арқылы емтихан басталар алдында, уақытында және соңында қосымша сәйкестендіруден өтеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

16. Емтихан тесті 40 сұрақты қамтиды. Әр сұраққа бірнеше жауап берілген, олардың біреуі дұрыс.

Емтихан тапсырушының ерік қалауы бойынша теориялық емтиханды қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде тапсыруға жол беріледі.

Емтихан сұрақтарының блогы жүргізушілікке үміткер АЖО пернетақтасындағы тиісті пернені басқаннан кейін ғана қалыптасады және монитордың экранына шығады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 26.09.2017 № 646 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Сұрақтарға жауап беру үшін жүргізушілікке үміткерге 40 минут беріледі. Көрсетілген уақыт аяқталғаннан кейін емтихан тоқтатылады.

Уақыт межесін теориялық емтихан басталған сәттен бастап компьютерлік кешен жүргізеді.

18. Билет сұрақтарына жауап беру реттілігін емтихан тапсырушы өздігінен таңдайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Емтихан барысында пернелерді байқамай басып қалудан туындайтын даулы жағдайларды болдырмау үшін жүргізушілікке үміткер таңдаған жауапты тиісті пернені қайта басу арқылы қайталауға тиіс.

Жүргізушілікке үміткерлерге басқа жүргізушілікке үміткерлермен сөйлесуге, материалдармен алмасуға, ақпаратты қағаз, электрондық тасымалдағыштарда пайдалануға, теориялық емтихан тапсыру залынан шығуға, сондай-ақ оған қабылдаушы-беруші электрондық құрылғыларды (оның ішінде ұялы телефондарды) енгізуге жол берілмейді.

Мұндай құрылғылар теориялық емтиханды қабылдау кезінде ұяшықтары бар арнайы шкафтарда сақталады.

Емтихан сыныбына кірер алдында жүргізушілікке үміткер қабылдаушы-беруші электрондық құрылғылардың бар болуына арнайы техникалық құралдармен тексеріледі.

Қабылдаушы-беруші электрондық құрылғыларды пайдалануды болдырмау үшін сигнал беруді басу аппараты пайдаланылады.

Емтихан тапсыруды тиісінше сақтауды бақылау бейнебақылау жүйесі мен прокторинг жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Бейнебақылау жүйесі мен прокторинг жүйесіндегі деректер ахуалдық орталыққа беріледі. Бейнебақылау жүйелерінің деректері де теориялық емтиханды қабылдау орны бойынша Мемлекеттік корпорация филиалының жалпы күту залына, сондай-ақ олардың сұрауы бойынша көлік құралдары жүргізушілерін даярлау бойынша кәсіптік бірлестіктерге (бұдан әрі – кәсіптік бірлестіктер) беріледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

20. Теориялық емтиханның нәтижесі, сондай-ақ сұрақтарға жауаптардың дұрыстығы туралы ақпарат жүргізушілікке үміткердің АЖО монитормының экранында барлық сұрақтарға жауаптар аяқталғаннан кейін немесе белгіленген уақыт өткеннен кейін ғана көрсетіледі. Сонымен қатар, экранда таңдалған және дұрыс жауаптардың нөмірлері көрсетілген емтихан парағы, сондай-ақ теориялық емтиханға жұмсалған уақыт көрсетіледі.

Бөлінген уақыт өткеннен кейін теориялық емтихан автоматты түрде аяқталады.

Жүргізушілікке үміткер теориялық емтихан нәтижелерімен келіспеген жағдайда жүргізушілікке үміткер уәкілетті органға теориялық емтихан нәтижелерімен келіспегені туралы апелляция беруге құқылы.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

21. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Теориялық емтиханның нәтижесі жүргізушілікке үміткердің АЖО бар емтихан парағын және емтихан нәтижелерінің хаттамасын басып шығару үшін ОП-ге осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес беріледі, оларға жүргізушілікке үміткерлер қол қояды.

Емтихан тапсыру нәтижелері туралы мәліметтер жүргізушілікке үміткердің жеке кабинетіне ЭҮП-ге, біріктірілген сервистерге, ақпараттандыру объектілеріне, сондай-ақ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне беріледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

23. Егер жүргізушілікке үміткер бөлінген уақытта кем дегенде 32 сұраққа дұрыс жауап берсе, "ТАПСЫРДЫ" деген баға қойылады. Керісінше жағдайда жүргізушілікке үміткерге "ТАПСЫРҒАН ЖОҚ" деген баға қойылады.

Сұраққа жауаптың жоқтығы қате болып саналады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Егер теориялық емтихан өткізу барысында кандидат материалдармен алмасып, теориялық емтихан тапсыру залынан шығып, қағаз, электрондық тасымалдағыштардағы ақпаратты, сондай-ақ қабылдаушы-беруші электрондық құрылғыларды пайдаланса, емтиханды қабылдау тоқтатылады, емтихандарды қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бұзу туралы акті жасалады, Мемлекеттік корпорация белгілеген нысан бойынша кандидатқа «ТАПСЫРҒАН ЖОҚ» деген баға қойылады, теориялық емтиханды қайта тапсыруға жүргізушілікке үміткер кемінде 3 айдан кейін жіберіледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Теориялық емтиханды еңсерілмейтін күш (стихиялық құбылыстар, электр энергиясының болмауы) салдарынан, сондай-ақ техникалық ақаулар себебінен тапсыру мүмкін болмаған жағдайда теориялық емтиханды қабылдау уақытша тоқтатылады.

Бұл жағдайда Мемлекеттік корпорация белгілеген нысан бойынша теориялық емтиханды өткізуді уақытша тоқтата тұру туралы акті ресімделеді, теориялық емтиханды тапсыру берілген өтінімге сәйкес осы күн ішінде не басқа жұмыс күні ішінде басқа уақытта жүргізіледі.

Ескерту. 2-тарау 25-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Теориялық емтихан барысында автоматтандырылған кешеннің ақаулығы анықталған жағдайда жүргізушілікке үміткерге қойылған баға жойылады және теориялық емтихан қайта өткізіледі.

27. Практикалық емтихан тиісті санатты көлік құралдарымен және жүргізу нәтижелерін автоматты есептейтін мамандандырылған құрылғылармен жабдықталған Мемлекеттік корпорацияның автоматтандырылған автодромында қабылданады.

Автоматтандырылған автодромның орналасуы жол жүрісі қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік бөлігінде қағидалардың, техникалық нормалар мен стандарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Автодром практикалық емтихан тапсыру кезінде көлік құралдарының жоғары өткізу қабілетін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.09.2022 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

28. Автоматтандырылған автодромның негізгі элементтері болып:

- 1) көше-жол желісінің элементтері бар, сынақ жаттығуларымен жабдықталған, қозғалыстан жабық алаң;
- 2) диспетчерлік пункт;
- 3) өзара тығыз байланысқан арнайы жабдықталған көлік құралдары мен жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары кіретін аппараттық-бағдарламалық кешен;
- 4) жүргізушілікке үміткерлердің әрбір сынақ жаттығуын орындау нәтижелері мен жалпы практикалық емтиханды бақылау мен бағалаудың автоматтандырылған жүйесі табылады.

29. Автоматтандырылған автодромның көше-жол желісінің негізгі элементтері:

1) автоматтандырылған автодромның практикалық емтиханды өткізуге тікелей қатысатындардан басқа, көлік құралдары мен адамдардың оның аумағы бойынша қозғалуына кедергі келтіретін, периметрі бойынша орнатылған қоршауы болуы тиіс;

2) автоматтандырылған автодромның өлшемдері онда көлік құралдарының тиісті санаттары үшін сынақ жаттығуларының барлық аймақтарын орналастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ретте практикалық емтихан өткізу үшін пайдаланылатын көлік құралдарының габариттік параметрлері мен бұрылу радиустары, старт алдындағы және мәреден кейінгі аймақтардың, сынақ жаттығуларын орындау аймақтары мен олардың арасынан қозғалу учаскелерінің, сондай-ақ диспетчерлік пунктті орналастыру үшін технологиялық аймақтардың, автоматтандырылған жүйе элементтерінің, жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары мен сыртқы жарықтандыру қондырғыларының өлшемдері ескерілуі тиіс;

3) сынақ жаттығулары аймақтарының, автоматтандырылған жүйе элементтерінің және жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдарының автоматтандырылған автодромда орналасуы көлік құралдарының тиісті санаты үшін сынақ жаттығуларының барлық кешенін жүйелі және үздіксіз орындау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;

4) көлік құралдарының тиісті санаты үшін көзделген сынақ жаттығуларының жүйелілігі автоматтандырылған автодромның жол жүрісін ұйымдастыру сызбасымен айқындалады;

5) көлік құралдарының қозғалысына арналған автоматтандырылған автодром учаскелерінің тегіс, біртекті асфальт-бетон жабыны болуы тиіс. Көрсетілген жабынның көлік құралдарының рұқсат етілген жылдамдықпен қозғалуын қиындататын түскен жерлері, шұңқырлары, өзге де бұзылған жерлері болмауы тиіс. Көлік құралдары жүретін аймақта автоматтандырылған автодромның жайластырылуына қатысы жоқ, бөгде заттардың болуына жол берілмейді;

6) дөңгелектің жол жабынымен ілініс коэффициенті (оның ішінде еңіс учаске) Қазақстан Республикасы ұлттық стандартының талаптарына сәйкес 0,4 төмен болмауы тиіс;

7) автоматтандырылған автодромның жүріс бөлігінде оның үстіңгі бөлігінен су бұрғыш көзделуі тиіс. Жүріс бөлігі ұзына бойы 100 % барынша еңкіш болуы тиіс;

8) емтиханды тәуліктің қараңғы уақытында өткізген жағдайда, Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен қағидаларының талаптарына сәйкес автодромның жүріс бөлігін көлденеңінен жарықтандыру 20 лк аз болмауы тиіс. Барынша жарықтандырудың орташаға қатынасы 3:1 аспау керек. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларының көзді шағылыстыру көрсеткіші 150 аспауы тиіс;

9) автоматтандырылған автодромда пайдаланылатын жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары Қазақстан Республикасы ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкес болу керек. Қазақстан Республикасы ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкес келетін I және II үлгі-өлшемдегі жол белгілерін, T.1 үлгісіндегі бағдаршамдарды пайдалану ұсынылады. Жол белгілері мен таңбаларынан бастап объектіге дейінгі мөлшерленген ара қашықтықты азайтуға рұқсат етіледі;

10) автоматтандырылған жүйемен бақыланатын аймақтар мен сынақ жаттығуларының элементтерін белгілеу үшін арнайы таңбалау қолданылады, оған қойылатын талаптар осы Қағидалардың 37-39-тармақтарында баяндалған;

11) автоматтандырылған автодромда қосымша тиісті датчиктер, көше-жол желісінің автоматтандырылған автодром жүйесінің элементі ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз ететін электрмен жарақтау және байланыс желілері болуы тиіс;

12) датчиктер стационарлық жолмен орнатылуы тиіс, оларға механикалық немесе ауа-райы факторлары ықпал еткен кезде орналасқан орны мен техникалық мақсатын өзгертпеуі, сондай-ақ көлік құралдарының қозғалысы үшін кедергі болмауы тиіс.

30. Автоматтандырылған автодромда практикалық емтихандарды қабылдау үшін осы Қағидалардың 42,43,44,45 - тармақтарының талаптарына сәйкес келетін көлік құралдары, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпаратты қабылдау /беру жүйелерімен, авариялық тежеудің датчиктерімен, жарық және/немесе дыбыстық сигналымен, автодромның автоматтандырылған жүйесінің элементі ретінде көлік құралдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін дисплеймен жабдықталған, жүргізуші болуға жүргізушілікке үміткерге әрбір сынақ жаттығуы мен тұтастай практикалық емтиханның нәтижелерін және орындалу уақытын

автоматтандырылған режимде бағалау туралы хабардар ету жүйесі пайдаланылады. Көлік құралының салоны 360 градусқа шолумен практикалық емтиханды қабылдау процесін үздіксіз бейнебақылауды және диспетчерлік пункттің жұмыс орнына және теориялық емтиханды қабылдау орны бойынша Мемлекеттік корпорация филиалының жалпы күту залына бейне ақпарат пен дыбысты беруді қамтамасыз ететін, әрі қарай мұрағаттау және сақтау мерзімі кемінде 12 ай болатын бейнебақылау жүйесімен жабдыкталады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Диспетчерлік пункттің орналасуы автодромдағы жалпы жағдайды визуалдық қадағалау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

32. Диспетчерлік пунктте жүргізушілікке үміткердің іс-әрекеттерін көрсететін компьютерлермен, мониторлармен, емтихан нәтижелерін басып шығаратын принтермен, ақпаратты үздіксіз алу/беру және өңдеу жабдығымен, дауыс ұлғайтқыш байланыспен жарақталған, пункттің автоматтандырылған автодром жүйесінің элементі ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз ететін автоматтандырылған жұмыс орындары орналастырылады.

33. Диспетчерлік пункт жабдықтарын электрмен қоректендірудің қорғау және тұрақтандыру жүйесі болуы тиіс.

34. Автоматтандырылған жүйе:

- 1) практикалық емтихан қабылдау процесінің үздіксіздігін;
- 2) нақты уақыт режимінде алаңда бірнеше көлік құралының біруақытта қозғалуын бақылауды;
- 3) практикалық емтихан барысында алынған ақпаратты қабылдауды/беруді және өңдеуді;
- 4) жүйенің ақаусыздығын бақылауды;
- 5) сынақ жаттығуларының (әрқайсысын бөлек және жалпы барлық кешенді) орындалуын бақылауды;
- 6) сынақ жаттығуларын (әрқайсысын бөлек және жалпы барлық кешенді) орындау уақытының межесін;

7) әрбір жүргізушілікке үміткердің практикалық емтихан нәтижелерін айыппұл балдарының жиналған сомасы ретінде қалыптастыруды;

8) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша практикалық емтихан тапсыру жөніндегі емтихан парағы мен емтихан нәтижелерінің хаттамасын басып шығаруды;

9) Мемлекеттік корпорацияның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерімен біріктіруді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 34-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 26.01.2016 № 73 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Сынақ жаттығуларын орындаған кезде:

1) көлік құралдарының дөңгелектерімен таңбалау сызықтарынан (жаттығудың орындалуын тіркеу сызығынан, жаттығуды орындауды бастау және аяқтау сызықтарынан, "Старт", "Токта", "Мәре", тоқта-сызығынан, бақылау сызықтарынан) өтіп кету;

2) көлік құралын белгіленген жерде тоқтату;

3) көлік құралының механикалық трансмиссиясы берілісін ауыстырып қосу;

4) қозғалыс жылдамдығы;

5) бұрылу сигналдары мен авариялық жарық сигнализациясын қосу/өшіру;

6) қауіпсіздік белдігін пайдалану дұрыстығы;

7) орындалу уақыты (әрбір сынақ жаттығуы бөлек және жалпы барлық кешен) бақылануы тиіс.

36. Автоматтандырылған жүйе емтихан барысында алынған ақпаратты, оның ішінде әрбір сынақ жаттығуын бөлек және жалпы барлық кешенді орындау нәтижелерін түзету мүмкіндігін болдырмайды.

Сынақ жаттығуларының орындалуын бағалау және айыппұл балдарын қою Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің араласуынсыз автоматты режимде жүзеге асырылады.

Ескерту. 36-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. "А", "А1" санатына практикалық емтиханның сынақ жаттығулары аймақтарын жабдықтау кезінде:

1) оларды кесіп өту автоматтандырылған жүйемен бақыланатын, сынақ жаттығуларының шекараларын айқындайтын таңбалау сызықтары (бұдан әрі – бақылау сызықтары) сары түсті 1.4 жол таңбасымен таңбаланады;

2) бақылау сызықтарымен таңбаланған жерлерді қоспағанда, жүріс бөлігінің шеттері ақ түсті 1.2 жол таңбасымен таңбаланады;

3) сынақ жаттығуларын орындау басталатын және аяқталатын сызықтар, сондай-ақ беріліс қорабын ауыстырып қосу аймағы шегінің сызығы ені 0,10 м, штрих ұзындығы 0,15 м, штрихтар арасындағы қашықтық 0,10 м болатын сары үзік сызықпен таңбаланады;

4) "Старт", "Токта" және "Мәре" сызықтары ені 0,4 м, ұзындығы бақылау сызықтарымен не 1.2. жол таңбасымен шектелетін ақ жолақпен таңбаланады;

5) "Старт" және "Мәре" жазбалары жүріс бөлігіне ара қашықтығы 1,0 м тиісті сызыққа дейін жазылады. Әріптердің биіктігі - 0,6 м.

38. "В", "В1", "С", "С1" және "D", "D1" санаттарына практикалық емтиханның бірінші кезеңінің сынақ жаттығулары аймақтарын жабдықтау кезінде:

1) бақылау сызықтары, сондай-ақ жүріс бөлігінің шеті бордюр бойымен сары түсті 1.4 жол таңбасымен, басқа жерлерде жүріс бөлігінің шеті ақ түсті 1.2 жол таңбасымен таңбаланады;

2) қозғалыс жолағының ені (№ 4 "90 градусқа бұрылу", № 5 "Жылан", № 6 "Бұрылу және тұраққа қою", № 7 "Артқы жүріспен паралель қою" жаттығуларын орындау аймақтарын қоспағанда) 1.2 немесе 1.4 таңбаларының сызықтарымен шектеледі және ұзындығы 3,0 м кем болмауы тиіс. 1.2 немесе 1.4 таңбасының сызықтарынан бордюрдың ішкі шетіне дейінгі ара қашықтық 0,2 м кем болмауы тиіс;

3) сынақ жаттығуларын орындау басталатын және аяқталатын сызықтар ені 0,10 м, штрих ұзындығы 0,15 м, штрихтар арасындағы қашықтық 0,10 м болатын сары үзік сызықпен таңбаланады;

4) "Старт", "Тоқта" және "Мәре" сызықтары ені 0,4 м, ұзындығы бақылау сызықтарымен не 1.2. жол таңбасымен шектелетін ақ жолақпен таңбаланады;

5) "Старт" және "Мәре" жазбалары жүріс бөлігіне ара қашықтығы 1,0 м тиісті сызыққа дейін жазылады. Әріптердің биіктігі - 1,0 м;

6) № 1 "Старт" жаттығуы аймағында старт сызығынан кейін 2,0 - 10,0 м қашықтықта 3.24 "Ең жоғары жылдамдықты шектеу" (20 км/сағ) жол белгісі орнатылады;

7) № 2 "Аялдау және өрге қарай орнынан қозғалу" жаттығуы аймағында: автодромның еңкіш учаскесінің 8,0 - 16,0 % шегінде қоса алғанда ұзына бойы еңісі болуы тиіс. Қалыптасқан жол эстакадасын пайдалануға жол берілмейді;

жүріс бөлігінің әр жағынан "Аялдау және өрге қарай орнынан қозғалу" жаттығуының аймағы Қазақстан Республикасы ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкес биіктігі 0,5 м және қалыңдығы 0,4 м кем емес қорғаныс қабырғасымен қоршалады;

биіктеу басталған жерден 1,0 м қашықтықта ені 0,3 м жаттығулардың орындалуын тіркеу сызығы сызылып жазылады. Өрден түсу аяқталған жерге дейін 1,0 м қашықтықта ені 0,4 м "Тоқта" сызығы сызылып жазылады. Биіктеу басталғанға дейін 3,0 м қашықтықта 1.14 "Тік өрлеу" жол белгісі орнатылады, ал ылдилау басталған жерге дейін 3,0 м қашықтықта 1.13 "Тік еңіс" жол белгісі орнатылады.

8) № 3 "Жаяу жүргіншілер өтпесінен өту" жаттығуының аймағында 1.14.1 (1.14.2) жол таңбасынан 1,0 м ем емес қашықтықта "Тоқта" сызығы сызылып жазылады. Жаяу жүргінші өтпесінің шегінен 1,0 м аспайтын қашықтықта 5.16.1 және 5.16.2 "Жаяу жүргінші өтпесі" жол белгілері орнатылады;

9) № 4 "90 градусқа бұрылу" жаттығуының аймағында жаттығуды орындау басталатын сызыққа дейін 1.11.1 (1.11.2) "Қауіпті бұрылыс" жол белгісі, жаттығуды орындау аяқталатын сызықтан кейін жол жүрісін ұйымдастыру сызбасына сәйкес тиісті алдын ала жазылатын белгі (4.1.1 - 4.1.6) орнатылады;

10) № 5 "Жылан" жаттығуының аймағында жаттығуды орындау басталатын сызыққа дейін 1.12.1 (1.12.2) "Қауіпті бұрылыстар", жаттығуды орындау

аяқталатын сызықтан кейін жол жүрісін ұйымдастыру сызбасына байланысты тиісті басымдылық және (немесе) алдын ала жазылатын жол белгілері орнатылады;

11) № 6 "Бұрылу және тұраққа қою" жаттығуының аймағында тікелей жаттығуды орындау басталатын және аяқталатын сызықтың жанынан жол жүрісін ұйымдастыру сызбасына байланысты тиісті басымдылық және (немесе) алдын ала жазылатын жол белгілері орнатылады;

12) № 7 "Артқы жүріспен тұраққа параллель қою" жаттығуының аймағында тікелей жаттығуды орындау аймағының алдында 5.15 "Тұрақ орны" жол белгісі орнатылады. Жаттығуды орындау аймағынан шығатын жерде жол жүрісін ұйымдастыру сызбасына байланысты тиісті басымдылық және (немесе) алдын ала жазылатын жол белгілері орнатылады.

13) № 8 "Реттелетін қиылыстан өту" жаттығуының аймағында:
қиылыста бұрылу радиусы "B", "B1" санаттары үшін 4,0 м артық, "C", "C1", "D", "D1" санаттары үшін 6,0 м артық;

бағдаршамдар қиылыстың төрт жағынан орнатылады;

бағдаршамдар сигналдарының жанып-өшуін мынадай негізгі параметрлері бар жол контроллерлері қамтамасыз етеді:

- 1) негізгі тактілер ұзақтығының өзгеру интервалы - 1-ден 60 дейін;
- 2) аралық тактілер ұзақтығының өзгеру интервалы - 3-тен 16 дейін;
- 3) көлік құралының кез келген бағыты бойынша бағдаршамдардың жасыл сигналы ұзақтығының өзгеру интервалы - 3-тен 16 дейін;
- 4) көлік құралының кез келген бағыты бойынша бағдаршамдардың қызыл сигналының ең көп уақыты ұзақтығының өзгеру интервалы (арнайы талаптар болмаған жағдайда) - 1-ден бастап;

5) уақыт аралығын есептеудегі олқылық, % - 2;

6) реттелетін қозғалыс фазаларының саны - 3-тен кем емес;

қиылыстың төрт жағынан 1.14.1 (1.14.2) жол таңбасы жазылады. Жаяу жүргінші өтпесінен 1,0 м кем емес қашықтықта ені 0,4 м 1.12 жол таңбасы жазылады. 1.12 жол таңбасына дейін 1,0 м кем емес қашықтықта жол жүрісін ұйымдастыру сызбасына сәйкес тиісті алдын ала жазылатын белгі орнатылады.

14) № 9 "Реттелмейтін теміржол өтпесінен өту" жаттығуының аймағында теміржол өтпесіне дейін 2,0 м кем емес қашықтықта ені 0,4 м 1.12 жол таңбасы жазылады. Теміржол өтпесінің алдында 1.2, 1.3.1, 2.5 жол белгілері орнатылады. Теміржол өтпесінің жекелеген элементтерін имитациялауға жол берілмейді.

15) № 10 "Екпін алу жолағы" жаттығуы аймағында жүріс бөлігінің тура учаскесінде 4.7 "Ең төменгі жылдамдықты шектеу" (20 км/сағ) және 3.24 "Ең жоғары жылдамдықты шектеу" (20 км/сағ) екпін алуға және бәсеңдетуге арналған, ұзындығы 40 м жол кесіндісі белгіленеді.

16) № 11 "Авариялық аялдау" жаттығуын орындау аймағы басқа жаттығуларды орындау аймақтарынан тыс қамтамасыз етіледі.

17) № 12 "Мәре" жаттығуы аймағында мәре сызығына дейін 5,0 - 10,0 м қашықтықта 5.15 "Тұрақ орны" жол белгісі орнатылады, мәре сызығынан кейін көлік құралының аялдауы үшін тиісті орын жабдықталуы тиіс.

39. "BE", "CE", "C1E" "DE", "D1E" санаттарына практикалық емтиханның бірінші кезеңінің сынақ жаттығулары аймақтарын жабдықтау кезінде:

- 1) бақылау сызықтары 1.4 жол таңбасымен белгіленеді;
- 2) сынақ жаттығуларын орындау басталатын және аяқталатын сызықтар 0,10 м аралық адыммен ені 0,10 м және ұзындығы 0,15 м сары үзік сызықпен белгіленеді;
- 3) "Старт" және "Мәре" сызықтары ені 0,4 м ақ жолақпен белгіленеді, олардың ұзындығы бақылау сызықтарымен шектеледі;
- 4) старт сызығынан кейін 1,0 м қашықтықта "Старт" жазбасы жазылады;
- 5) мәре сызығына дейін 1,0 м қашықтықта "Мәре" сызығы жазылады.

40. Практикалық емтихан басқару құқығына жүргізуші куәлігі берілетін санаттағы көлік құралында:

- 1) "A", "A1" - екі дөңгелекті мотоциклдерде;
- 2) "B1" - трициклдерде не квадроциклдерде;
- 3) "B" - рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг аспайтын және жүргізуші орындығынан басқа, отыратын орын саны 8 аспайтын, техникалық сипаттамалары бойынша жылдамдықты кем дегенде 100 км/сағ жеткізуге қабілетті автомобильдерде;

4) "C", "C1" - рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг асатын жүк автомобильдерінде;

5) "D1" - сыйымдылығы кемінде 28 отыратын орын және ұзындығы кемінде 7,0 м болатын автобустарда;

6) "D" - сыйымдылығы кемінде 28 отыратын орын және ұзындығы кемінде 7,0 м болатын автобустарда;

7) "BE" - рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг аспайтын және жүргізуші орындығынан басқа, отыратын орын саны 8 аспайтын, техникалық сипаттамалары бойынша жылдамдықты кем дегенде 100 км/сағ жеткізуге қабілетті, рұқсат етілген ең жоғары салмағы кем дегенде 1000 кг, ал көлік құралдары құрамының рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг асатын тіркемесі бар автомобильдерде;

8) "CE", "C1E" - рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3500 кг асатын, араларындағы қашықтық 1 м асатын кемінде екі білікті тіркемесі немесе жартылай тіркемесі бар жүк автомобильдерінде;

9) "DE", "D1E" - бөліктері біріктірілген автобустарда немесе сыйымдылығы кемінде 28 отыратын орын және ұзындығы кемінде 7,0 м болатын, рұқсат етілген ең жоғары салмағы кем дегенде 1000 кг автобустарда қабылданады.

41. Медициналық көрсетпелері бойынша шектеулермен тиісті санаттағы көлік құралдарын басқаруға жіберілген, мүмкіндіктері шектеулі адамдардан емтихан қабылдау конструкциясы қолда бар медициналық ұйғарымдарға жауап беретін көлік құралдарында жүзеге асырылады.

42. Практикалық емтихан қабылдау үшін осы Қағидалардың 43-тармағында баяндалғаннан басқа, мынадай сипаттамалары бар көлік құралдары пайдаланылады:

1) "B" санаты үшін - ұзындығы кем дегенде 3,8 м, ені кем дегенде 1,6 м (бұдан әрі - база), дөңгелектер білігінің арасындағы қашықтық кем дегенде 2,2 м, минималды бұрылу радиусы кем дегенде 4,2 м;

2) "C" санаты үшін - ұзындығы кем дегенде 6,0 м, ені кем дегенде 2,0 м, базасы кем дегенде 3,3 м, минималды бұрылу радиусы кем дегенде 5,8 м;

3) "D" санаты үшін - ұзындығы кем дегенде 7,0 м, ені кем дегенде 2,0 м, базасы кем дегенде 3,5 м, минималды бұрылу радиусы кем дегенде 7,8 м.

43. Практикалық емтиханды қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларының талаптарына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 33003 болып тіркелген) келетін көлік құралдары пайдаланылады.

Практикалық емтиханды қабылдау үшін нұсқаушымен бірге оқу ұйымдарының көлік құралдарын пайдалануға рұқсат етіледі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м. а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 06.11.2023 № 799 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

44. Практикалық емтихан қабылдау үшін пайдаланылатын көлік құралдары ақпарат қабылдау және автодромның диспетчерлік пунктіне беру датчиктерімен және жүйелерімен қосымша жабдықталады.

45. Көлік құралының конструкциясына қосымша басқару педальін орнатумен байланысты өзгерістер енгізу «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 61-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Практикалық емтиханды өткізу кезінде жүргізушілікке үміткердің тиісті көлік құралдарын басқару біліктері мен дағдылары:

- 1) басқару органдарын, артқы көрініс айнасын, қауіпсіздік белдігін пайдалануы;
- 2) орнынан қозғалуы;
- 3) шектелген кеңістікте алғы және артқы жүріспен маневр жасауы;
- 4) маневрдың оңтайлы траекториясын жасауы;
- 5) арақашықтық пен интервалды, габариттік параметрлерді бағалауы;

6) берілістерді ауыстырып қосуы (автоматты трансмиссиясы бар көлік құралдарынан басқа);

7) белгіленген жерде тоқтауы;

8) аялдауы және өрге қарай орнынан қозғалуы;

9) жүріс бөлігінің жиегіне паралель тұраққа қоюы;

10) артқы жүріспен бокске кіруі;

11) жаяу жүргінші өтпесінен, реттелетін қиылыстан өтуі;

12) реттелмейтін темір жол өтпесінен өтуі;

13) авариялық сигнализацияны қолдануы;

14) мотоциклмен қалыптасқан жол тақтайы үстінен өтуі;

15) мотоциклді төменгі жылдамдықта басқаруы;

16) автопойыздың тіке артқы жүріспен қозғалуы;

17) автопойызды артқы бортпен платформаға қоюы тексеріледі.

47. Практикалық емтихан сынақ жаттығуларын ретімен орындау арқылы өткізіледі. Тиісті санаттағы көлік құралдары үшін көзделген сынақ жаттығуларын орындау реттілігі автоматтандырылған автодромда жол жүрісін ұйымдастыру сызбасымен айқындалады.

48. «А», «А1» санатына практикалық емтихан өткізу кезінде мынадай сынақ жаттығулары орындалады:

1) № 1 «Старт»;

2) № 2 «Габаритті дәліз»;

3) № 3 «Реттелетін қиылыстан өту»;

4) № 4 «Реттелмейтін теміржол өткелінен өту»;

5) № 5 «Габаритті жарты шеңбер»;

6) № 6 «Тік көтерілу және түсу»;

7) № 7 «Габаритті сегіздік»;

8) № 8 «Реттелетін қиылыстан кейін жаяу жүргіншілер өтпесінен өту»;

9) № 9 «Қалыптасқан жол»;

10) № 10 «Мәре».

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. «В», «В1», «С», «С1», «D», «D1» санаттарына емтихан өткізу кезінде мынадай сынақ жаттығулары орындалады:

- 1) № 1 «Старт»;
 - 2) № 2 «Тік көтерілу және түсу»;
 - 3) № 3 «Реттелетін қиылыстан кейін жаяу жүргіншілер өтпесінен өту»;
 - 4) № 4 «Реттелмейтін қиылыстағы бұрылыстар»;
 - 5) № 5 «Кері бұрылу және тұраққа қою»;
 - 6) № 6 «Артқы жүріспен паралель қою»;
 - 7) № 7 «Реттелетін қиылыстан өту»;
 - 8) № 8 «Реттелмейтін теміржол өткелінен өту»;
 - 9) № 9 «Авариялық аялдау»;
 - 10) № 10 «Мәре».
-

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. «ВЕ», «СЕ», «С1Е», «DE», «D1Е» санаттарына емтихан өткізу кезінде мынадай сынақ жаттығулары орындалады:

- 1) № 1 «Старт»;
 - 2) № 2 «Артқы жүріспен платформаға қою»;
 - 3) № 3 «Платформадан жол учаскесіне шығу»;
 - 4) № 4 «Артқы жүріспен габаритті дәлізде тура қозғалу»;
 - 5) № 5 «Мәре».
-

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Практикалық емтихан басталар алдында Мемлекеттік корпорация жұмыскері тиісті тестілеу бағдарламасын іске қосу арқылы автодромның автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігін, сондай-ақ бағдаршам объектісінің, жол белгілерінің, таңбалардың бар-жоғын, ақаусыздығы мен автодром экспликациясына сәйкес орнатылу дұрыстығын тексереді.

Автодромның автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігін бақылау үздіксіз режимде жүзеге асырылады. Ақаулық туындаған кезде диспетчерлік пункттегі монитор экранына тиісті ақпарат шығады. Бұл ретте емтихан ақаулық жойылғанға дейін тоқтатылады, ал практикалық емтихан нәтижелері жойылады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Практикалық емтиханды мынадай:

1) егер емтихандарды қабылдау үшін пайдаланылатын көлік құралы осы Қағидалардың талаптарына жауап бермеген;

2) автодромның автоматтандырылған жүйесі бұзылған болса;

3) еңсерілмейтін күш туындаған (табиғи құбылыстар, электр энергиясының болмауы) жағдайларда өткізуге жол берілмейді.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Сынақ жаттығуларын орындауды бастамас бұрын көлік құралы старт алдындағы аймаққа орнатылады, қозғалтқыш қыздырулы және сөндірулі, орталық тіректен немесе бүйірлік аялдамадан (трицикл мен квадроциклден басқа) алынады, тұрақ тежегіші қосулы, ал механикалық берілісті ауыстырып қосу қорабының рычагы бейтарап қалыпта (автоматты трансмиссия үшін трансмиссия режимдерін басқару органы «Р» жағдайында) болу керек.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Сынақ жаттығуларын орындауды бастамас бұрын жүргізуші болуға жүргізушілікке үміткерді көлік құралына отырғызуды және сынақ жаттығуларын орындағаннан кейін одан түсіруді емтихан қабылдаушы жүзеге асырады.

Практикалық емтиханды автоматтандырылған автодромда тапсырған жағдайда, жүргізушілікке үміткерді қоспағанда, практикалық емтихан өткізу уақытында көлік құралында адамдардың болуына жол берілмейді.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

56. Жаттығулардың орындалуын бақылау автодромның автоматтандырылған жүйесінің көмегімен жүзеге асырылады.

57. Практикалық емтихан кезінде автоматтандырылған автодромның аумағында емтихан қабылдау үшін пайдаланылатыннан басқа көлік құралдарының және тікелей емтихан қабылдаумен айналысатын адамдардан басқа жаяу жүргіншілердің қозғалысына жол берілмейді.

58. Емтихан қабылдаушы жүргізуші болуға жүргізушілікке үміткердің жеке басын сәйкестендіреді, жүргізушілікке үміткерді практикалық емтихан өткізу тәртібімен және оның нәтижелерін бағалау жүйесімен таныстырады.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

59. Жүргізушілікке үміткер осы Қағидалардың 64, 66, 68-тармақтарының талаптарына сәйкес сынақ жаттығуларының тиісті кешенін орындайды.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

60. Практикалық емтихан барысында автодромның автоматтандырылған жүйесінің бұзылғандығы анықталған жағдайда қойылған баға жойылады және емтихан қайта өткізіледі.

61. Әрбір сынақ жаттығуы, сондай-ақ жалпы сынақ жаттығуларының барлық кешені үшін қателер тізбесі айқындалған, олар үшін жүргізушілікке үміткерге осы Қағидалардың 4, 5, 6-қосымшаларына сәйкес бақылау кестелерінде көзделген айыппұл балдары есептеледі.

62. Егер жүргізушілікке үміткер кешенде көзделген барлық сынақ жаттығуларын белгіленген уақытта орындап, бұл ретте 99 және өте аз айыппұл балдарын алса, емтиханға "Тапсырды" деген баға қойылады.

63. Егер жүргізушілікке үміткер 99-дан көп айыппұл балдарын алса, емтиханға "Тапсырған жоқ" деген баға қойылады, бұл ретте емтихан тоқтатылады, бұл туралы жүргізушілікке үміткерге хабарланады.

64. «А», «А1» санаттарындағы көлік құралдарын басқару құқығын алуға практикалық емтихан тапсыру кезінде мынадай сынақ жаттығулары орындалады:

1) № 1 жаттығу «Старт».

Жаттығуды орындауды бастар алдында жүргізушілікке үміткер мотошлемді киеді және бекітеді, артқы көрініс айналарын реттейді, мотоциклде старт алдындағы аймақта орын алады, қозғалтқышты іске қосады, фараның жақын жарығын қосады, жүруге дайындалады, «Старт» сызығының алдында бастапқы позицияны алады, солға бұрылу сигналын қосу арқылы стартқа дайындығын растайды.

«Старт» командасы бойынша жүргізушілікке үміткер 20 секунд ішінде қозғалысты бастайды, «Старт» сызығын солға бұрылу сигналы қосылған кезде кесіп өтеді және белгіленген қозғалыс жолағы бойымен қозғала отырып, жаттығудың аяқталу сызығынан өткенге дейін солға бұрылу сигналын өшіреді.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 1-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

2) № 2 жаттығу «Габаритті дәліз».

Жаттығуды орындау кезінде жүргізушілікке үміткер «Габаритті дәлізде» бақылау сызықтарын дөңгелекпен басып өтпей және алаңның үстіне аяқ тигізбей жүруді жүзеге асырады.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 2-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

3) № 3 жаттығу «Реттелетін қиылыстан өту».

Жаттығуды орындау кезінде жүргізушілікке үміткер тиісті нұсқамалық белгінің бағыты бойынша бағдаршам сигналдарының талаптарын сақтай отырып, реттелетін қиылыстан өтеді.

Сол (оң) бұрылысты орындау кезінде тиісті бұрылыс көрсеткішін алдын ала қосады.

Бағдаршамның рұқсат беру сигналы кезінде қиылыстың жүру уақыты 20 секундтан аспауы тиіс.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 3-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

4) № 4 жаттығу «Реттелмейтін теміржол өткелінен өту».

Жүргізушілікке үміткер теміржол өткеліндегі «Тоқтату» сызығының алдында көлік құралын тоқтатады және тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте емес жүруді жалғастырады.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 4-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

5) № 5 жаттығу «Габаритті жарты шеңбер».

Жаттығуды орындау кезінде жүргізушілікке үміткер жаттығуды орындау басталу сызығының қиылысына дейін алдын ала солға бұрылу сигналын қосады, «Габаритті жартылай шеңбер» траекториясы бойынша қозғалысты бақылау сызықтарына бақылау сызықтарын дөңгелекпен басып өтпей және алаңның үстіне аяқ тигізбей жүруді жүзеге асырады, жаттығуды орындау аяқталу сызығының қиылысына дейін солға бұрылу сигналын өшіреді.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 5-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

6) № 6 жаттығу «Тік көтерілу және түсу».

Жүргізушілікке үміткер көлік құралының алдыңғы және артқы габаритінің көлденең жазықтыққа проекциялары жаттығуды орындауды бекіту сызығы мен «тоқтату» сызығының арасында болатындай етіп көтеру және түсіру учаскесінде көлік құралын тоқтатады, көлік құралын қозғалмайтын күйде бекітеді және тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте емес тікелей бағытта қозғалысын жалғастырады, бұл ретте көлік құралының кері қозғалуына жол бермейді.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 6-бақылау кестесі бойыншаайыппұл балдары есептеледі.

7) № 7 жаттығу «Габаритті сегіздік».

Жаттығуды орындау кезінде жүргізушілікке үміткер берілген траектория бойынша қозғалысты оң жақта орналасқан шеңбер бойымен, содан кейін сол жақта орналасқан шеңбер бойымен, бақылау сызықтарын дөңгелекпен басып өтпей және алаңның үстіне аяқ тигізбей жүруді жүзеге асырады.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 7-бақылау кестесі бойыншаайыппұл балдары есептеледі.

8) № 8 жаттығу «Реттелетін қиылыстан кейін жаяу жүргіншілер өтпесінен өту».

Жаттығуды орындау кезінде жүргізушілікке үміткер берілген бағыт бойынша бағдаршамның рұқсат беру сигналы кезінде қиылысу аймағына кіруді жүзеге асырады және қиылыстан шыққан кезде көлік құралын көлік құралының алдыңғы габаритінің проекциясы бойынша кесіп өтпей, 1.14.3 жол таңбасының алдында тоқтатады және тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте емес қозғалысын жалғастырады.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 8-бақылау кестесі бойыншаайыппұл балдары есептеледі.

9) № 9 жаттығу «Қалыптасқан жол».

Жаттығуды орындау кезінде жүргізушілікке үміткер «жол тақтасы» бойынша қозғалысты бақылау сызықтарын бақылау сызықтарын дөңгелекпен басып өтпей және алаңның үстіне аяқ тигізбей жүруді жүзеге асырады.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сай 9-бақылау кестесі бойыншаайыппұл балдары есептеледі.

10) № 10 жаттығу «Мәре».

Жаттығуды орындау кезінде мәре сызығын кесіп өтпес бұрын жүргізушілікке үміткер оңға бұрылу көрсеткішін қосады, көлік құралының проекциясы бойынша мәре сызығын кесіп өтеді, көлік құралын тоқтатады, оңға бұрылу көрсеткішін өшіреді, бейтарап берілісті қосады, фараның жақын сәулесін өшіреді, қозғалтқышты өшіреді, көлік құралынан түседі және көлік құралын орталық тірекке немесе бүйірлік аялдамаға қояды (трицикл мен квадрациклдан басқа).

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сай 10-бақылау кестесіне сәйкес айыппұл балдары есептеледі.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Сынақ жаттығуларын орындаудың жалпы шарттары сақталмаған кезде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 11-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. «B», «B1», «C», «C1», «D», «D1» санаттарындағы көлік құралдарын басқару құқығын алуға практикалық емтихан тапсыру кезінде мынадай сынақ жаттығулары орындалады:

1) № 1 жаттығу «Старт».

Жаттығуды бастамас бұрын жүргізушілікке үміткер артқы көрініс айналары мен орындықты реттеп, қауіпсіздік белдігін тағып, қозғалтқышты іске қосып, солға бұрылу сигналын қосу арқылы бастауға дайын екенін растауы тиіс.

«Старт» командасы бойынша жүргізушілерге кандидат 20 секунд ішінде қозғалысты бастауы, сол жақ бұрылыс сигналы қосылған көлденең жазықтыққа көлік құралының габариттерін проекциялау бойынша «Старт» сызығын кесіп өтуі, «Старт» сызығынан кейін 10 метрден аспайтын учаскеде сол жақ бұрылыс сигналын өшіруі тиіс.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 1-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

2) № 2 жаттығу «Тік көтерілу және түсу».

Жүргізушілікке үміткер көлік құралының алдыңғы және артқы габаритінің көлденең жазықтыққа проекциялары жаттығуды орындауды бекіту сызығы мен «тоқтату» сызығының арасында болатындай етіп көтеру және түсіру учаскесінде көлік құралын тоқтатады, көлік құралын қозғалмайтын күйде бекітеді және тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте емес тікелей бағытта қозғалысын жалғастырады, бұл ретте көлік құралының кері қозғалуына жол бермейді.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 2-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі

3) № 3 жаттығу «Реттелетін қиылыс аймағында жаяу жүргіншілер өтпесінен өту».

Жаттығуды орындау кезінде жүргізушіге кандидат берілген бағыт бойынша бағдаршамның рұқсат беру сигналы кезінде қиылысу аймағына кіруді жүзеге асырады және қиылыстан шыққан кезде көлік құралын көлік құралының алдыңғы габаритінің проекциясы бойынша кесіп өтпей, 1.14.3 жол таңбасының алдында тоқтатады және тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте емес қозғалысын жалғастырады.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 3-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

4) № 4 жаттығу «Реттелмейтін қиылыстағы бұрылыстар».

Жүргізушілікке үміткер 2 минуттан аспайтын уақыт ішінде бақылау сызықтарын дөңгелекпен басып өтпей, сол және оң бұрылыстармен жол учаскесінен өтеді.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 4-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

5) № 5 жаттығу «Бұрылу және тұраққа қою».

Жүргізушілікке үміткер бақылау сызықтарын дөңгелекпен басып өтпей, 2 минуттан аспайтын уақыт ішінде көлік құралын көлік құралының артқы дөңгелектері жаттығуды орындау сызығында болатындай немесе оны кесіп

өтетіндей етіп, тұрақ орнына кері бағытта орнатуы, содан кейін кері бағытта шығуы тиіс.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 5-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

6) № 6 жаттығу «Артқы жүріспен паралель қою»

Жүргізушілікке үміткер доңғалақты бақылау желілеріне жүргізбестен 2 минуттан аспайтын уақыт ішінде көлік құралын алдыңғы және артқы оң жақ дөңгелектер жаттығуды орындау сызығында болатындай етіп тұрақ орнына кері бағытта орнатып, содан кейін тұрақ орнынан шығуы керек.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 6-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

7) № 7 жаттығу «Реттелетін қиылыстан өту».

Жүргізушілікке үміткер тиісті нұсқамалық белгінің бағыты бойынша бағдаршам сигналдарының талаптарын сақтай отырып, реттелетін қиылыстан өтеді.

Бағдаршамның тыйым салу сигналы қосылған кезде көлік құралын «Тоқтату» сызығының алдында тоқтатады. Бағдаршамның рұқсат беру сигналы қосылған кезде қиылыс берілген бағытта өтеді.

Сол (оң) бұрылыстарды орындау кезінде тиісті бұрылыс көрсеткіші алдын ала қосады.

Егер кептеліс пайда болса, қиылысқа шығуға тыйым салынады.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 7-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

8) № 8 жаттығу «Реттелмейтін теміржол өтпесінен өту».

Жүргізушілікке үміткер теміржол өткеліндегі «Тоқтату» сызығының алдында көлік құралын тоқтатып, тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте емес жүруді жалғастыруы керек.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 8-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

9) № 9 жаттығу «Авариялық аялдау».

Көлік құралының салонында жарық және/немесе дыбыстық сигнал қосылғаннан кейін жүргізушілікке үміткер 2 секунд ішінде көлік құралын тоқтатып, 3 секунд ішінде авариялық жарық дабылын қосуы тиіс. Арнайы сигнал (қызыл Маяк) өшірілгеннен кейін жүргізушілікке үміткер апаттық жарық дабылын өшіріп, әрі қарай жүруі тиіс.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 9-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

10) № 10 жаттығу «Мәре».

Жаттығуды орындау кезінде «Мәре» сызығын кесіп өтпес бұрын жүргізушілікке үміткер оң жақ бұрылыс көрсеткішін қосады, көлік құралының габариттерінің проекциясы бойынша мәре сызығын кесіп өтеді, көлік құралын белгіленген жерде тоқтатады.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 10-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

Ескерту. 66-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2018 № 459 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтармен.

67. Сынақ жаттығуларын орындаған кезде жүргізушілікке үміткер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сай 13-бақылау кестесінде көзделген қателіктерге жол бермеуге тиіс.

Авариялық жағдай туындаған кезде емтихан өткізу тоқтатыладығ ал нәтижелер жойылады.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. «BE», «CE», «C1E», «DE», «D1E» санаттарындағы көлік құралдарын басқару құқығын алуға практикалық емтихан тапсыру кезінде мынадай сынақ жаттығулары орындалады:

1) № 1 жаттығу «Старт».

Жаттығуды орындауды бастар алдында автопоезд сынақ жаттығуларын орындау аймағында орналасқан «Старт-мәре» сызықтарының бірінде болуы тиіс.

Жүргізушілікке үміткер артқы көрініс айнасы мен орындықты ретке келтіруге, қауіпсіздік белдігін тағуға, қозғалтқышты қосуға, солға бұрылу сигналын қосып, стартқа дайындығын растауға тиіс, бұл ретте берілісті қосып ауыстырудың механикалық қорабының рычагы бейтарапты қалыпта (автоматты трансмиссия үшін «Р» қалпында) болады.

«Старт» командасы бойынша жүргізушілікке үміткер 20 секунд ішінде артқы жүріспен қозғалысты бастауға, көлік құралының алдыңғы дөңгелектерімен жаттығудың орындалуын аяқтау сызығынан өткенге дейін солға бұрылу сигналын өшіруге тиіс.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған кезде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-бақылау кестесі бойынша айыппұл балдары есептеледі.

2) № 2 жаттығу «Артқы жүріспен платформаға қою».

Жаттығуды орындаған кезде жүргізушілікке үміткер 2 минуттан аспайтын уақытта, дөңгелекпен бақылау сызықтарын баспай, көлік құралының артқы дөңгелектері жаттығудың орындалуын тіркеу сызықтарында тұратындай немесе оны кесіп өтетіндей, тиеу платформасы имитаторының «Габаритті дәлізіне» артқы жүріспен кіруге тиіс.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған кезде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 2-бақылау кестесіне бойынша айыппұл балдары есептеледі.

3) № 3 жаттығу «Платформадан жол учаскесіне шығу»

Жаттығуды орындаған кезде жүргізушілікке үміткер дөңгелекпен бақылау сызықтарын баспай, тиеу платформасы имитаторының «Габаритті дәлізінен» оған кіретін жерден қарсы бағытқа шығуға және көлік құралын «Старт-мәре» сызығынан өтпей, оған дейін 1 метрден аспайтын жерде тоқтатуға тиіс.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған кезде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 3-бақылау кестесіне бойынша айыппұл балдары есептеледі.

4) № 4 жаттығу «Артқы жүріспен габаритті дәлізде тура қозғалу».

Жаттығуды орындаған кезде жүргізушілікке үміткер дөңгелекпен бақылау сызықтарын баспай, артқы жүріспен «Габаритті дәлізде» қозғалысты жүзеге

асыруға және көлік құралын «Старт-мәре» сызығынан өтпей, оған дейін 1 метрден аспайтын жерде тоқтатуға тиіс.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған кезде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 4-бақылау кестесіне бойынша айыппұл балдары есептеледі.

5) № 5 жаттығу «Мәре».

«Габаритті дәлізден» шыққаннан кейін жүргізушілікке үміткер жаттығуларды орындау басталатын сызықтан өткенге дейін оң жақ бұрылыстың жарық көрсеткішін қосуға, көлік құралын «Старт-мәре» сызығынан өтпей, оған дейін 1 метрден аспайтын жерде тоқтатуға, оң жақ бұрылыстың жарық көрсеткішін сөндіруге, бейтарапты берілісті қосуға (автоматты трансмиссия болған жағдайда трансмиссияларды басқару органын «Р» қалпына қоюға, тұраққа қою тежегішін қосуға, қауіпсіздік белдігін ағытуға, көлік құралынан шығуға тиіс.

Жаттығуды орындау шарттары сақталмаған кезде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 5-бақылау кестесіне бойынша айыппұл балдары есептеледі.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Сынақ жаттығуларын орындаудың жалпы шарттары.

Сынақ жаттығуларын орындау кезінде жүргізушілікке үміткер осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 6-бақылау кестесінде көзделген қателіктерге жол бермеуі тиіс.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Практикалық емтихан мынадай сызба бойынша бағаланады: оң баға - "Тапсырды", нашар баға - "Тапсырған жоқ".

71. Жүргізушілікке үміткер практикалық емтихан барысында алған баға емтихан қабылдау хаттамасы мен емтихан парағына енгізіледі.

72. Практикалық емтихан аяқталғаннан кейін қорытынды бағасы бар емтихан парағы автоматты түрде басып шығарылады.

Қойылған практикалық емтиханның айыппұл балдарымен келіспеген жағдайда, жүргізушілікке үміткер фото және бейнематериалдарды пайдалана отырып, уәкілетті органға апелляция бере алады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

73. Практикалық емтиханның бірінші кезеңін қабылдау үшін пайдаланылатын емтихан парағы парақты автоматтандырылған режимде (принтерде) толтыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

74. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Теориялық және практикалық емтихандардың нәтижелері теориялық және практикалық емтихандарды тапсыру жөніндегі емтихан парақтарымен, сондай-ақ емтихан нәтижелерінің хаттамасымен ресімделеді.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75-1. Автоматтандырылған автодром болмаған және оның ақауы болған, көлік құралы болмаған не оның ақауы болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық ұланның білім беру мекемелерінде жергілікті әскери басқару органдарының жолдамалары бойынша «С», «D» санаттарындағы және «C1», «D1» кіші санаттарындағы механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау бағдарламасы бойынша оқыған азаматтар үшін оларды одан әрі Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында жүргізуші құрамының лауазымдарына мерзімді әскери қызметке шақыру үшін практикалық емтиханды емтихан комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) қабылдайды.

Комиссияның құрамы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия құрамында төраға – жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның қызметкерін және үш мүше – Мемлекеттік корпорацияның, көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктің және оқу ұйымының бір-бірден өкілі бар тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды және Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің арасынан тағайындалады.

Комиссияның өкілеттік мерзімі ол құрылған күннен бастап бір жылды құрайды. Бір адам екі жылдан астам қатарынан комиссия мүшесі бола алмайды.

Комиссия құрамына жүргізуші куәлігі бар адамдар («В», «С» және «D» санаттары бар ең аз) енгізіледі.

Комиссия құрамына енгізу үшін ұсынылатын кәсіптік бірлестіктер мен оқу ұйымдарынан кандидаттар туралы мәліметтер жыл сайын, 15 қаңтардан кешіктірмей жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға мынадай ақпаратты көрсете отырып жіберіледі:

кандидатты ұсынған кәсіптік бірлестіктің, оқу ұйымының атауы;

кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау саласындағы жұмыс тәжірибесі, жүргізуші куәлігі (алынған күні, рұқсат етілген санаттар).

Уәкілетті органға кәсіптік бірлестіктер мен оқу ұйымдарынан бірнеше кандидаттар келіп түскен кезде Комиссия құрамына рұқсат етілген санаттары көп жүргізуші куәлігі бар кандидаттар енгізіледі.

Кәсіптік бірлестіктер мен оқу ұйымдарынан кандидаттардың жүргізуші куәлігіндегі рұқсат етілген санаттар саны тең болған кезде Комиссия құрамына көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау саласында үлкен жұмыс тәжірибесі бар кандидат енгізіледі.

Комиссия практикалық емтиханды қабылдауды осы Қағидалардың 28-тармағының 1) және 2) тармақшаларының және 29-тармағының талаптарына сәйкес келетін және жүргізушілікке үміткерлердің осы Қағидалардың 48, 50 және 51-тармақтарында көзделген сынақ жаттығулары кешенін орындауын қамтамасыз ететін автодромда жүргізеді.

Автодромда практикалық емтихандарды қабылдау үшін осы Қағидалардың 42, 43 және 45-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін көлік құралдары пайдаланылады. Көлік құралының салоны 360 градусқа шолуы бар практикалық емтиханды қабылдау процесін үздіксіз бейнебақылауды және диспетчерлік пункттің жұмыс орнына және теориялық емтиханды қабылдау орны бойынша Мемлекеттік корпорация филиалының жалпы күту залына бейне ақпарат пен дыбысты беруді қамтамасыз ететін, бұдан әрі мұрағаттау және сақтау мерзімі кемінде 12 ай болатын бейнебақылау жүйесімен жабдықталады.

Комиссияның әрбір мүшесі осы Қағидалардың 64-69 - тармақтарының талаптарына сәйкес жүргізушілерге кандидаттың басқаларына қарамастан практикалық емтихан тапсыру нәтижелерін бағалайды.

Практикалық емтихан қорытындысы бойынша комиссия хатшысы Комиссия мүшелері қойған айыппұл балдарының есебін жүргізеді, осы Қағидалардың 62 немесе 63-тармақтарына сәйкес емтихан тапсыру нәтижелері бойынша жалпы орташа балды және бағаны шығарады.

Комиссия мүшелері қойған айыппұл балдары, сондай-ақ жалпы орташа балл және жүргізушілікке үміткердің емтихан тапсыру нәтижесі бойынша алған бағасы Комиссияның хаттамасында көрсетіледі.

Бұдан басқа, Комиссия хаттамасында: практикалық емтиханды өткізу күні, уақыты мен орны, жүргізушілікке үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН көрсетіледі, хаттамаға комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы қол қояды.

Практикалық емтиханның барысы бейне және аудиозазбаның техникалық құралдарының көмегімен жазылады. Әрбір практикалық емтиханның жазбасы Мемлекеттік корпорацияда кемінде 12 ай бойы электрондық тасымалдағышта сақталады.

Ескерту. 2-тарау 75-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Жоғалған жүргізуші куәліктерін беру, ауыстыру және қалпына келтіру

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2018 № 459 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасында тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелген адамдарға Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген жеке басты куәландыратын құжаттың негізінде беріледі.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

77. Жүргізуші куәлігін алу үшін жүргізушіге кандидат:

- 1) жеке басты куәландыратын құжатты (жеке басты сәйкестендіру үшін) немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық нысанда;
- 2) медициналық анықтама;
- 3) мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;
- 4) курстарды аяқтау туралы куәлік ұсынады.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

78. Халықаралық жүргізуші куәлігі теориялық және практикалық емтихандар тапсырмастан үш жыл, бірақ ұлттық жүргізуші куәлігінің қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге беріледі.

79. Жүргізуші куәлігін ауыстыру мынадай:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) өзгерген;
- 2) пайдалану үшін жарамсыз болған;

3) қолданылу мерзімі өткен жағдайларда;

4) иесінің қалауы бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 79-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Оны ауыстыруға байланысты жүргізуші куәлігін алу үшін тұлға осы Қағидалардың 77-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды және бұрын берілген жүргізуші куәлігін, ал тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) өзгерген кезде сауалнама деректерінің өзгергенін растайтын құжатты ұсынады.

ЭҮП арқылы жүгінген кезде осы Қағидалардың 77-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжат, ал тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) өзгерткен кезде сауалнамалық деректері өзгергенін растайтын құжат сканерленген нысанда ұсынылады.

Бұл ретте мемлекеттік бажды төлеуді ЭҮП төлем шлюзі арқылы жүргізуге болады.

77-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген құжат жүргізуші куәлігінің жарамдылық мерзімінің аяқталуына байланысты алмастырылған жағдайда ұсынылады.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

81. Қосымша санаттар, кіші санаттар алуға байланысты жүргізуші куәлігін алу үшін тұлға осы Қағидалардың 77-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ бұрын берілген жүргізуші куәлігін ұсынады.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. "А", "В", "С", "D", "Е", "Тm", "Тb" санаттары бар, 1996 жылдан бастап берілген, Қазақстан Республикасының ұлттық жүргізуші куәліктерін ауыстырған кезде мынадай жүргізуші куәліктері беріледі:

- 1) "А" санаты болған кезде - "А", "А1" санаттары;
- 2) "В" санаты болған кезде - "В", "В1" санаттары;
- 3) "С" санаты болған кезде - "С", "С1" санаттары;
- 4) алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.01.2016 № 73 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
- 5) "D" санаты болған кезде - "D", "D1" санаттары;
- 6) "Е" санаты және "В" не "С" не "D" санаттары болған кезде - тиісінше "BE", "CE", "C1E", "DE", "D1E" санаттары;
- 7) "Тb" санаты болған кезде - "Тb" санаты, ал "D", "D1" санаттары практикалық емтихан тапсырғаннан кейін;
- 8) "Тm" санаты болған кезде - "Тm" санаты.

Ескерту. 82-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 26.01.2016 № 73 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.04.2016 № 383 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

83. Оның орнына жаңасы берілген жүргізуші куәлігі жарамсыз деп есептеледі және өтініш берген жері бойынша тапсырылуы тиіс.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қолданылуы тоқтатыла тұрған жүргізуші куәліктерін алмастыру осы баптың 3-тармағында көзделген тәртіппен көрсетілген шектеу алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

84. Шетелдік және халықаралық жүргізуші куәліктері олардың шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын иелері оларды алған күннен бастап алпыс күн өткен соң не Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын олардың иесі Қазақстан Республикасына кірген күннен бастап алпыс күн өткен соң Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарын басқару үшін жарамсыз болып танылады.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Осы Қағидалардың 84-тармағында көрсетілген, Біріккен Ұлттар Ұйымының 1968 жылғы 8 қарашада Вена қаласында қабылданған Жол жүрісі туралы конвенциясының талаптарына жауап беретін жүргізуші куәлігін шет мемлекетте алған адамдар, жүргізуші куәлігі түпнұсқасының, оның мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасының, сондай-ақ осы Қағидалардың 77-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың негізінде, теориялық емтиханды оң тапсырғаннан кейін оларды Қазақстан Республикасының жүргізуші куәлігіне алмастырады.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

86. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. "Жол жүрісі туралы" (1968 жылғы 8 қарашадағы) БҰҰ Конвенциясының талаптарына жауап бермейтін шет мемлекеттердің жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасының аумағында ауыстыруға жатпайды.

88. Жүргізуші куәліктері олардың иелеріне жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізуші куәліктерін беру тізіліміне қол қойғызып беріледі.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Жүргізуші куәлігін оның жоғалуына байланысты алу үшін тұлға осы Қағидалардың 77-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

77-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген құжат жарамдылық мерзімі аяқталуына байланысты жүргізуші куәлігін ауыстырған жағдайда ұсынылады.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

90. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Жергілікті әскери басқару органдарының жолдамалары бойынша оқудан өткен адамдарға берілетін жүргізуші куәлігіне «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлігі үшін» деген белгі қойылады.

Көрсетілген жүргізуші куәліктері жүргізушінің Жол жүрісі туралы заңының 74-бабының 2-тармағында көрсетілген жасқа толуы немесе Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қызметін аяқтауы бойынша алмастыруға жатады.

Ескерту. 3-тарау 90-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90-1. Әскери қызметшінің жүргізуші куәлігін иеленген адамдар, Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі туралы» Заңының 74-бабының 2-тармағында белгіленген жасқа толған кезде, көлік құралдарын басқаруға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды болған жағдайда

көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі оқу ұйымдарынан өтпей-ақ тиісті санаттағы көлік құралдарын басқару құқығын алу үшін емтихан тапсыруға жіберіледі.

Ескерту. Қазғидалар 90-І-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 10.11.2025 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін емтихандар тапсырмастан, «Жоғалғанның орнына» белгісі бар жаңа жүргізуші куәлігі беріледі.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

92. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

94. Жоғалтқан шет мемлекеттердің жүргізуші куәліктерінің орнына, КСРО-да берілген жүргізуші куәліктерінің орнына, сондай-ақ жүргізуші куәліктерін беруге уақытша тыйым салу және бұрын берілген жүргізуші куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру туралы заңды күшіне енгізілген сот шешімі бар болған кезде жүргізуші куәліктері берілмейді.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95. Олардың орнына иелеріне басқа жүргізуші куәліктері берілген, тауып алынған жүргізуші куәліктері жаңа жүргізуші куәліктері берілген сәттен бастап өзінің заңды күшін жоғалтады және оларды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен одан әрі жою үшін міндетті түрде тапсыруға жатады.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

97. Көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған адамдардың жүргізуші куәліктері оларды алып қойғаннан және соттың тиісті шешімі заңды күшіне енгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жүргізуші куәлігінің қолданылуын тоқтату және оларды жою туралы мәліметтерді ақпараттық жүйеге енгізу үшін беріледі.

Бұл ретте шет мемлекетте берілген, оны алып қою орны бойынша уәкілетті органда сақталатын жүргізуші куәлігі жойылуға жатпайды.

Көлік құралдарын басқару құқығынан айыру мерзімі өткеннен кейін жүргізуші куәлігін беру осы Қағидалардың 77-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан, сондай-ақ теориялық емтиханды оң тапсырғаннан кейін жүргізіледі.

Шет мемлекетте берілген жүргізуші куәлігі қайтарылған кезде осы қағидалардың 77-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжат берілмейді.

Көлік құралдарын басқару құқығынан өмір бойы айырылған жағдайда жүргізуші куәліктерін беру мүмкіндігі уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде бұғатталады.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

98. Жүргізуші куәліктерін беруді, ауыстыруды және жоғалғандарын қалпына келтіруді жүргізер алдында жүтінген адамды ішкі істер органдарының және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық ресурстары бойынша тексеру жүзеге асырылады.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Жүргізуші куәліктерін дайындауды кәсіпорын (бұдан әрі – Жеткізуші) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен (бұдан әрі – ИМ) және ішкі істер органдарының бөліністері – облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының полиция департаменттерімен (бұдан әрі – ПД), ИМ-нің Байқоңыр қаласындағы Өкілдігімен жасалған келісімшартқа сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

100. Дайындалған, бірақ берілмеген жүргізуші куәліктерін сақтау терезе торларымен жарақталған, сенімді ілмегі бар металл есікпен қапталған және күзет-өрт сигнализациясымен жарақталған, құрғақ, оқшауланған үй-жайларда сейфтерде немесе металл шкафтарда жүзеге асырылады.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103. Қадағалау және өзге де органдардың тарапынан тіркеу іс-әрекеттері, емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру бөлігінде тексерулер жүргізу фактісі бойынша аумақтық бөліністер үш күн мерзімде ИМ-ге хабарлайды.

Ескерту. Қағидалар 103-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. «Жүргізуші куәліктерін беру» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. Қағидалар 4-тараумен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттар тізбесі осы Қағидаларға 14-қосымшаның 8-тармағына сәйкес ұсынылады.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104-1. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті алу үшін жеке өзі жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері 10 минут ішінде:

көрсетілетін қызметті алушының (көрсетілетін қызметті алушы өкілінің) жеке басын сәйкестендіреді;

ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толықтығын, сондай-ақ шынайылығын тексереді;

жүргізуші куәлігін бергені үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы, айыппұл және (немесе) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттілігі туралы нұсқама түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы уақтылы орындалмаған қаулының, көрсетілетін қызметті алушыға жүргізуші куәлігін беруге уақытша тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің не оған бұрын берілген жүргізуші куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру немесе оны көлік құралдарын басқару құқығынан айыру туралы, мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық ресурстары арқылы медициналық қарсы көрсетілімдер туралы мәліметтерді тексереді;

көрсетілетін қызметті алушыны суретке түсіреді;

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес жүргізуші куәлігін беруге электрондық өтініш қалыптастырады, ұсынылған құжаттарды сканерлейді, оларға өзінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қояды және көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Қалыптастырылған электрондық өтініш және құжаттардың сканерленген көшірмелері Мемлекеттік корпорация қызметкері оларға онлайн режимінде қол қойғаннан кейін көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны іздестіруде болу мәніне тексереді, сканерленген құжаттарды толтырудың дұрыстығына электрондық өтінішпен салыстыра тексереді және 15 минут ішінде жүргізуші куәлігін беруді бекіту немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының деректері іздестіру базасында болған кезде көрсетілетін қызметті беруші тиісті ақпаратты дереу аумақтық полиция бөлімшесінің кезекші бөліміне береді.

Жүргізуші куәлігі берілген жағдайда өтініш автоматты түрде жеткізушінің принтеріне келіп түседі, онда 5 минут ішінде жүргізуші куәлігі басып шығарылады.

Өнім беруші дайындалған жүргізуші куәлігін Мемлекеттік корпорация қызметкеріне құжаттарды беру секторына 5 минут ішінде береді.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері дайындалған жүргізуші куәлігін көрсетілетін қызметті алушыға 10 минут ішінде береді.

Ескерту. 4-тарау 104-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104-2. ЭҮП немесе ақпараттандырудың объектілері арқылы жүгінген кезде: көрсетілетін қызметті алушы «Жеке кабинетке» кіруді жүзеге асырады, онда жүргізуші куәлігін алуға ниет білдірген Мемлекеттік корпорация филиалын көрсете отырып, жүргізуші куәлігін беруге арналған өтінішті (жүргізуші куәлігін бастапқы алуды қоспағанда және көлік құралдарын басқару құқығынан

айырылғаннан кейін) электрондық түрде толтырады, суретке түсіреді не өзі таңдаған фотосуретті тіркейді және көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жібереді;

көрсетілетін қызметті беруші айыппұл және (немесе) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттілігі туралы нұсқама түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы уақтылы орындалмаған қаулының, көрсетілетін қызметті алушыға жүргізуші куәлігін беруге уақытша тыйым салу туралы не оған бұрын берілген жүргізуші куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру туралы немесе оны көлік құралдарын басқару құқығынан айыру туралы заңды күшіне енгізілген сот шешімінің, медициналық қарсы көрсетілімдердің болуын автоматты түрде тексергеннен кейін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық ресурстары арқылы көрсетілетін қызметті алушының іздестіруде болу мәніне тексеру жүргізгеннен кейін жүргізуші куәлігін беруді бекіту туралы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешімді 15 минут ішінде қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының деректері іздестіру базасында болған кезде көрсетілетін қызметті беруші тиісті ақпаратты дереу аумақтық полиция бөлімшесінің кезекші бөліміне береді.

Жүргізуші куәлігі берілген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік бажды төлеу қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Мемлекеттік баж төленгеннен кейін өтінішті толтыру кезінде көрсетілетін қызметті алушы таңдаған Мемлекеттік корпорацияның филиалына автоматты түрде келіп түседі, онда 5 минут ішінде өнім беруші жүргізуші куәлігін басып шығарады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініште көрсетілген Мемлекеттік корпорацияның филиалына жүгінген кезде дайындалған жүргізуші куәлігі көрсетілетін қызметті алушы бұрынғы жүргізуші куәлігін тапсырғаннан кейін 10 минут ішінде берілуі тиіс.

Ескерту. 4-тарау 104-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104-3. Осы Қағидалардың 104-1 және 104-2-тармақтарында көзделген іс-әрекеттер орындалғаннан кейін мемлекеттік қызмет аяқталды деп есептеледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде әрекет ететін көрсетілетін қызметті алушыға немесе оның өкіліне беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушылардан Мемлекеттік корпорация қызметкері қағаз түрінде қабылдаған, мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіз болған құжаттар номенклатуралық іске тігіледі, нөмірленеді, Мемлекеттік корпорация филиалының басшысы қол қояды және үш жыл бойы Мемлекеттік корпорация филиалында сақталады, құжаттардың сканерленген көшірмелері Мемлекеттік корпорация серверінде тұрақты негізде сақталады.

Ақпараттандыру объектілері арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде жасалған іс-әрекеттер туралы мәліметтер ақпараттандыру объектісінің меншік иесінің серверінде тұрақты негізде сақталады.

Ескерту. 4-тарау 104-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Мемлекеттік қызметті Мемлекеттік корпорацияда, ЭҮП және ақпараттандыру объектілері арқылы алған кезде мемлекеттік бажды төлеу ЭҮП төлем шлюзі арқылы жүргізіледі.»;

Мемлекеттік қызмет жеделдетілген қызмет көрсетусіз электрондық кезек тәртібінде көрсетіледі.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1 тарау. «Алғашқы рет және көлік құралдарын басқару құқығынан айырылғаннан кейін жүргізуші куәлігін беру» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. Қағидалар 4-1-тараумен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105-1. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттар тізбесі осы Қағидаларға 14-қосымшаның 8-тармағына сәйкес ұсынылады.

105-2. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүргізуші куәлігін беру жөніндегі мемлекеттік қызметті алу үшін алғаш рет және көлік құралдарын басқару құқығынан айырылғаннан кейін жеке өзі жүгінген кезде Мемлекеттік корпорация қызметкері 10 минут ішінде:

көрсетілетін қызметті алушының (көрсетілетін қызметті алушы өкілінің) жеке басын сәйкестендіреді;

ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толықтығын, сондай-ақ шынайылығын тексереді;

Салық кодексінде белгіленген жүргізуші куәлігін бергені үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы мәліметтерді, (бұдан әрі – мемлекеттік баж) айыппұл және (немесе) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттілігі туралы ұйғарымның бар болуын, көрсетілетін қызметті алушыға жүргізуші куәлігін беруге уақытша тыйым салу туралы не оған бұрын берілген жүргізуші куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру туралы немесе оның көлік құралдарын басқару құқығынан айыру туралы заңды күшіне енген сот шешімі түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы уақтылы орындалмаған қаулының бар болуы (көлік құралдарын басқару құқығынан айыру мерзімінің аяқталуы туралы), мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық ресурстары арқылы медициналық қарсы көрсетілімдердің бар болуын тексереді;

көрсетілетін қызметті алушыны суретке түсіреді;

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес жүргізуші куәлігін беруге электрондық өтініш қалыптастырады, ұсынылған құжаттарды сканерлейді, оларға өзінің ЭЦҚ-сымен қол қояды және көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Осыдан кейін көрсетілетін қызметті алушы теориялық емтихан тапсыру үшін емтихан сыныбына жіберіледі.

Теориялық емтиханды тапсыру рәсімі 40 минут ішінде компьютерлік тестілеу жолымен арнайы жабдықталған сыныпта жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы теориялық емтиханды тапсыру нәтижелері бойынша теріс баға алған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады және көрсетілетін қызметті алушыға қайтадан теориялық емтиханды тағайындау күні туралы хабарлайды.

Көрсетілетін қызметті алушы теориялық емтихан тапсыру нәтижелері бойынша оң баға алған кезде көрсетілетін қызметті алушы практикалық емтихан тапсыруға жіберіледі (көлік құралдарын басқару құқығынан айырылғаннан кейін жүргізуші куәлігін алу жағдайларын қоспағанда).

Мемлекеттік қызмет көрсету уақыты практикалық емтихан тапсырғанға дейін тоқтатылады.

Практикалық емтиханның ұзақтығы 20 минуттан аспайды.

Көрсетілетін қызметті алушы практикалық емтиханды тапсыру нәтижелері бойынша теріс баға алған кезде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады және қайтадан практикалық емтиханды тағайындау күні туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.

Көлік құралдарын басқару құқығынан айырылғаннан кейін жүргізуші куәлігін алған адамдар теориялық емтихан тапсырудың оң нәтижесі болған жағдайда, сондай-ақ жүргізуші куәлігін алғаш рет алған адамдар теориялық және практикалық емтихандарды тапсырудың оң нәтижелері болған жағдайда, онлайн режимінде қалыптастырылған өтініш көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне бекітуге түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны іздестіруде болу мәніне тексереді, сканерленген құжаттарды толтырудың дұрыстығына электрондық өтінішпен салыстырып тексереді және 15 минут ішінде жүргізуші куәлігін беруді бекіту немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының деректері іздестіру базасында болған кезде тиісті ақпаратты дереу аумақтық полиция бөлімшесінің кезекші бөліміне береді.

Жүргізуші куәлігі берілген жағдайда өтініш автоматты түрде жеткізушінің принтеріне келіп түседі, онда 5 минут ішінде жүргізуші куәлігі басып шығарылады.

Өнім беруші дайындалған жүргізуші куәлігін мемлекеттік корпорация қызметкеріне құжаттарды беру секторына 5 минут ішінде береді.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері дайындалған жүргізуші куәлігін көрсетілетін қызметті алушыға 10 минут ішінде береді.

105-3. Осы Қағидалардың 105-2-тармағында көзделген іс-әрекеттер орындалғаннан кейін мемлекеттік қызмет аяқталды деп есептеледі.

Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушылардан қағаз түрінде қабылдаған, мемлекеттік қызметтер көрсету үшін негіз болған құжаттар номенклатуралық іске тігіледі, нөмірленеді, мемлекеттік корпорация филиалының басшысы қол қояды және Мемлекеттік корпорация филиалында үш жыл бойы сақталады, құжаттардың сканерленген көшірмелері Мемлекеттік корпорация серверінде тұрақты негізде сақталады.

Ақпараттандыру объектілері арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде жасалған іс-әрекеттер туралы мәліметтер ақпараттандыру объектісі меншік иесінің серверінде тұрақты негізде сақталады.

105-4. Мемлекеттік қызметті Мемлекеттік корпорацияда портал және ақпараттандыру объектілері арқылы алған кезде мемлекеттік бажды төлеу ЭҮП төлем шлюзі арқылы жүргізіледі.

5-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. Қағидалар 5-тараумен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешімі, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 26.09.2022 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

107. Егер заңда өзге көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіпте шағымданғаннан кейін жол беріледі.

*Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а.
20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларына 1-қосымша

НЫСАН

Теориялық емтихан тапсыру парағы КҚ санаты _____

Тегі _____ Аты _____

Әкесінің аты _____ Туған күні _____

Күні _____	Сұрақтардың нөмірлері	Жүргізушілікке үміткердің қолы																																								
Билет _____	<table border="0"> <tr> <td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td><td>9</td><td>1</td><td>1</td><td>1</td><td>1</td><td>1</td><td>1</td><td>1</td><td>1</td><td>1</td><td>1</td><td>2</td> </tr> <tr> <td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>0</td><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td><td>9</td><td>0</td> </tr> </table>	1	2	3	4	5	6	7	8	9	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	2										0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	0	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	2																							
									0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	0																							
жауаптардың нөмірлері																																										
Емтихан қабылдаушының бағалары																																										
Қорытынды баға																																										
Қолы																																										
Емтихан қабылдаушының тегі																																										

Сұрақтардың нөмірлері																																								
<table border="0"> <tr> <td>2</td><td>2</td><td>2</td><td>2</td><td>2</td><td>2</td><td>2</td><td>2</td><td>2</td><td>3</td><td>3</td><td>3</td><td>3</td><td>3</td><td>3</td><td>3</td><td>3</td><td>3</td><td>3</td><td>4</td> </tr> <tr> <td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td><td>9</td><td>0</td><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td><td>9</td><td>0</td> </tr> </table>	2	2	2	2	2	2	2	2	2	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	4	1	2	3	4	5	6	7	8	9	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	0
2	2	2	2	2	2	2	2	2	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	4																					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	0																					

Қорытынды баға, қолы, емтихан қабылдаушының тегі	Жүргізушілікке үміткердің қолы
---	--------------------------------

Емтихандар қабылдау және жүргізуші
куәліктерін беру қағидаларына
2-қосымша

НЫСАН

Емтихандар нәтижелерінің хаттамасы 20____ жылғы "____" _____
№_____

Комиссияның құрамы:

төраға _____

мүшелері _____

№ № р /с	Емтихан тапсырушының тегі, аты, әкесінің аты	Ту- ған жы- лы	Көлік құралдарының қай санатын басқаруға емтихан тапсыруда	Емтихан тапсырушы оқыған оқу ұйымы	Емтихандардың нәти- желері	
					Теориялық\ практика- лық	
					ал- ғаш\ қайта	Тапсырды \тапсырған жоқ
1	2	3	4	5	6	7

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларына 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

НЫСАН

Практикалық емтихан тапсыру парағы

Айыппұл баллы

Тегі _____ Аты _____

Әкесінің аты (болған жағдайда) _____ Туған күні _____

Санаты _____

Емтихан тапсыру күні _____
Баллдар шкаласы _____

1	Қозғалыстың басталуы. Қозғалыстың басталуына дайындық, басқа көлік құралдарына ықыластылығы	5
	Ескерту сигналдарын қосу және оларды беру уақтылылығы	5
	Артқы көру айналарын пайдалану.	5
	Екпін алу және берілісті біреуінен басқасына ауыстыру	5
2	Тура жүру.	5
	Жүріс бөлігімен дұрыс жүру.	20
3	Тиісті қозғалыс жылдамдығын сақтау: көлік құралдары арасында қашықтық пен ара қашықтықты таңдауы	10
	Осы бағытта қозғалу үшін екі немесе одан да көп жолағы бар жолда маневр жасау.	5
	Ескерту сигналдарын уақтылы қосу.	5
	Тұрған көлік құралдарын, оның ішінде жалпы пайдаланымдағы және басқа да кедергілерді дұрыс айналып өту	5
	Бір жолақтан екіншісіне дұрыс ауысу.	5
	Басқа да жолдарды пайдаланушылар беретін сигналдарға тиісінше ден қою	5
	Реттелетін қиылыстарды жүріп өту:	
4	Қиылысқа жақындаған кезде жолдың жағдайын бағалау	5
	Қажеттілігіне қарай ескерту сигналдарын беру.	5
	Қиылыстарда дұрыс аялдау	5
	Аялдағаннан кейін орнынан жайлап қозғалу	5
	Бағдаршамның немесе реттеушінің сигналын сақтау.	100
5	Реттелмейтін қиылыстардан жүріп өту: Қиылысқа жақындаған кезде жолдың жағдайын бағалау, белгілердің, таңбалаудың талаптарын, басқа да қозғалысқа қатысушылардың сигналдарын есепке алу.	5
	Басымдықпен жүріп өту құқығын сақтау	10
	Қиылысқа жақындаған кездегі жылдамдық және жаяу жүргіншілер өтпесінен жүріп өту	5
6	Басып озу: Басып озу алдында жол жағдайын бағалау.	10

	Белгілердің, таңбалау талаптарын, басқа да қозғалысқа қатысушылардың сигналдарын есепке алу.	5
	Ескерту сигналдарын алдын ала беру	10
	Нақты жағдайларға байланысты басып озу кезіндегі жылдамдық режимі	20
	Басып озудың басы мен соңының траекториясы, бұл ретте қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету	20
7	Аялдау: ескерту сигналдарын алдын ала беру және дұрыс сап түзеу.	5
	Қозғалыс жылдамдығын жайлап азайту	5
	Аялдағаннан кейін автомобильдің жүріс бөлігіне дұрыс шығуы.	5
	Апаттылық жағдай тудыру	100
8	Айыппұл баллдарының сомасы Емтихан тапсыру нәтижесі тапсырды/тапсырған жоқ	

Уәкілетті адамның қолы

_____ 20__ жылғы «__» _____
(Т.А.Ә. болған кезде, қолы)

_____ 20__ жылғы «__» _____
(Т.А.Ә. болған кезде, қолы)

Емтихандарды қабылдау және
жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
4-қосымша

**«А», «А1» санаттарына практикалық емтихан тапсыру кезінде
есептелетін айыппұл балдары**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-бақылау кестесі (Старт)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
«Старт» сигналынан кейін 30 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ	100
«Старт» сигналынан кейін 20 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ	25
Сол жақ бұрылыс сигналын өшіріп, «Старт» сызығын кесіп өтті	10
Сөндірілген жақын жарық шамымен «Старт» сызығын кесіп өтті	10
Жаттығудың орындалуын аяқтау сызығын кесіп өткенге дейін сол жақ бұрылыстың жарық көрсеткішін сөндірген жоқ	10

2-бақылау кестесі (Габаритті дәліз)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Алаңның бетіне аяғын тигізді	100
Дөңгелекпен бақылау сызықтарын басып кетті	25

3-бақылау кестесі (Реттелетін қиылыстан өту)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Бағдаршамның тыйым салу сигналы немесе «Тоқтату» сызығын кесіп өтіп қиылысқа шығу	100
Бағдаршамның рұқсат беру сигналы кезінде қиылыстың өтуіне 30 секундтан астам уақыт жұмсалды	100
Бағдаршамның рұқсат беру сигналы кезінде қиылыстың өтуіне 20 секундтан астам уақыт жұмсалды	20
Оңға немесе солға бұрылыс көрсеткішін қоспай қиылыстан өту	5

4-бақылау кестесі (Реттелмейтін теміржол өтпесінен өту)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
«Тоқта» сызығын басып кетті немесе тоқтаған кезде оны кесіп өтті	25
Тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте қозғала бастады	25

5-бақылау кестесі (Габаритті жарты шеңбер)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары

Аяғы алаңның үстіңгі бетіне тиді	100
Дөңгелекпен бақылау сызықтарын басып кетті	25
Сол жақ бұрылыс сигналы өшірілген күйі жаттығудың басталу сызығын кесіп өтті	10
Солға бұрылу сигналы қосылған күйі жаттығудың аяқталу сызығын кесіп өтті	10

6-бақылау кестесі (Тік көтерілу және түсу)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Көлік құралы тоқтаған кезде көлік құралының артқы габаритінің проекциясы бойынша жаттығуды орындауды бекіту сызығынан өтпеді немесе «Тоқтату» сызығынан өтті	25
Қозғалысты тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте бастады	25
Тоқтағаннан кейін 30 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ	25
Көлік құралын тоқтағаннан немесе қозғалыс басталғаннан кейін 0,2 метрден асатын мөлшерге «Кері жүру» жасады	25

7-бақылау кестесі (Габаритті сегіздік)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Аяғын алаңның үстіңгі бетіне тигізді	100
Дөңгелекпен бақылау сызықтарын басып кетті	25
Берілген қозғалыс траекториясынан ауытқып кетті	25

8-бақылау кестесі (Реттелетін қиылыстан кейін жаяу жүргіншілер өтпесінен өту)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
1.14.3 жол белгісін басып өтті немесе тоқтаған кезде оны кесіп өтті	25
Қозғалысты тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте бастады	25
Тоқтағаннан кейін 30 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ	25

9-бақылау кестесі (Қалыптасқан жол)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Аяғын алаңның үстіңгі бетіне тигізді	100
Дөңгелекпен бақылау сызықтарын басып кетті	25

10-бақылау кестесі (Мәре)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
«Мәре» сызығын кесіп өтер алдында оң жақ бұрылыстың жарық көрсеткішін қосқан жоқ	10

11-бақылау кестесі

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Нақты автодром үшін белгіленген сынақ жаттығуларының жалпы уақытынан асып кетті	100
Кешенде көзделген сынақ жаттығуларының кем дегенде біреуін өткізіп жіберді	100
Басқа көлікпен соқтығысты немесе кедергіге соқтығысты	100
Сынақ жаттығуларын орындау кезінде қозғалтқыш тоқтап қалды	20 (әрбір қате үшін)

Жүру жылдамдығын сағатына жиырма километрден асырды

5 (жылдамдықпен қозғалыстың әрбір 5 секунд-
дында)

Емтихандарды қабылдау және
жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
5-қосымша

**«B», «B1», «C», «C1» және «D», «D1» санаттарына
практикалық емтихан тапсыру кезінде
есептелетін айыппұл балдары**

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2018 № 459 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-бақылау кестесі (Старт)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
«Старт» сигналынан кейін 30 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ	100
«Старт» сигналынан кейін 20 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ	25
Қауіпсіздік белдігін таққан жоқ	5
Солға бұрылу көрсеткіші қосылған «Старт» сызығын кесіп өтті	5
«Старт» сызығынан кейін 10 метрден аспайтын учаскеде солға бұрылу көрсеткішін сөндірген жоқ	5

2-бақылау кестесі (Тік көтерілу және түсу)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Көлік құралы тоқтаған кезде көлік құралының артқы габаритінің проекциясы бойынша жаттығуды орындауды бекіту сызығын кесіп өткен жоқ немесе «Тоқта» сызығын кесіп өтті	25
Тоқтағаннан кейін 3 секундтан ертерек қозғала бастады	25
Тоқтағаннан кейін 30 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ	25
Көлік құралын тоқтағаннан немесе қозғалыс басталғаннан кейін 0,2 метрден астам көлемде кері артқа жүрді	20

3-бақылау кестесі (Реттелетін қиылыстан кейін жаяу жүргіншілер өтпесінен өту)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
1.14.3 жол белгісін басып өтті немесе тоқтаған кезде оны кесіп өтті	25
Қозғалысты тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте бастады	25
Тоқтағаннан кейін 30 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ	25

4-бақылау кестесі (Реттелмейтін қиылыстардағы бұрылыс)

--	--

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Дөңгелекпен бақылау сызықтарын басып кетті	20
Жаттығуларды орындауға 2 минуттан астам уақыт жұмсады	15

5-бақылау кестесі (Бұрылу және тұраққа қою)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Көлік құралының артқы доңғалақтарымен жаттығуды орындау сызығына тиген жоқ	20
Дөңгелекпен бақылау сызықтарын басып кетті	20
Жаттығуды орындауға 2 минуттан астам уақыт жұмсады	15

6-бақылау кестесі (Артқы жүріспен паралель тұраққа қою)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Көлік құралын оң жақ алдыңғы және артқы дөңгелектермен жаттығуды орындау сызығына тоқтатқан жоқ	20
Дөңгелекпен бақылау сызықтарын басып кетті	20
Жаттығуды орындауға 2 минуттан астам уақыт жұмсалды	15

7-бақылау кестесі (Реттелетін қиылыстан өту)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Жол қиылысына шықты немесе бағдаршамның тыйым салу сигналы кезінде «Токта» сызығын кесіп өтті	100
Бағдаршамның рұқсат беру сигналы кезінде қиылыстың өтуіне 30 секундтан астам уақыт жұмсалды	100
Бағдаршамның рұқсат беру сигналы кезінде қиылыстың өтуіне 20 секундтан астам уақыт жұмсалды	20
Оңға немесе солға бұрылыспен қиылысқан кезде тиісті бұрылыс көрсеткішін қоспады	5

8-бақылау кестесі (Реттелмейтін теміржол өтпесінен өту)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
«Токта» сызығын басты немесе оны аялдамаға дейін кесіп өтті	25
Қозғалысты тоқтағаннан кейін 3 секундтан ерте бастады	25

9-бақылау кестесі (Авариялық аялдау)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Көлік құралының салонында жарық және/немесе дыбыстық сигнал қосылғаннан кейін 2 секунд ішінде көлік құралын тоқтатқан жоқ, тоқтағаннан кейін 3 секунд ішінде авариялық жарық сигнализациясын қосқан жоқ	20
Қозғалысты бастамас бұрын авариялық жарық сигнализациясын қосқан жоқ	10

10-бақылау кестесі (Мәре)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
«Мәре» сызығын кесіп өтер алдында оң жақ бұрылыстың жарық көрсеткішін қосқан жоқ	5

11-бақылау кестесі

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Сынақ жаттығуларын орындаудың жалпы уақытынан асып кетті	100
	100

Кешенде көзделген сынақ жаттығуларының кем дегенде біреуін өткізіп жібер- ді	
Басқа көлікпен соқтығысты немесе кедергіге соқтығысты	100
Сынақ жаттығуларын орындау кезінде қозғалтқыш тоқтап қалды	20 (әрбір қате үшін)
Жүру жылдамдығын сағатына жиырма километрден асырды	5 (жылдамдықпен қозғалыстың әрбір 5 секундын- да)

Емтихандарды қабылдау және
жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
6-қосымша

«BE», «CE», «C1E» «DE», «D1E» санаттарына практикалық емтихан
тапсыру кезінде есептелетін айыппұл баллдары

*Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а.
20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

1-бақылау кестесі (Старт)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл баллдары
«Старт» сигналынан кейін 30 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ	100
«Старт» сигналынан кейін 20 секунд ішінде қозғалысты бастаған жоқ	25
Қауіпсіздік белдігін таққан жоқ	5
Көлік құралының алдыңғы доңғалақтарымен жаттығудың аяқталу сызығын кесіп өткенге дейін солға бұрылу көрсеткішін өшірген жоқ	5

2-бақылау кестесі (Артқы жүріспен платформаға қою)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл баллдары
Көлік құралының артқы доңғалақтарымен жаттығуды орындау сызығына тиген жоқ	100
Дөңгелекпен бақылау сызықтарын басып кетті	25
Жаттығуды орындауға 2 минуттан астам уақыт жұмсалды	15

3-бақылау кестесі (Платформадан жол учаскесіне шығу)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл баллдары
Дөңгелекпен бақылау сызықтарын басып кетті	20
«Старт-мәре» сызығын кесіп өтті	5
Көлік құралын «Старт-мәре» сызығына дейін 1 метрден астам қашықтықта тоқтатты	5

4-бақылау кестесі (Артқы жүріспен габаритті дәлізде тура қозғалу)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл баллдары
Дөңгелекпен бақылау сызықтарын басып кетті	20
«Старт-мәре» сызығын кесіп өтті	5
Көлік құралын «Старт-мәре» сызығына дейін 1 метрден астам қашықтықта тоқтатты	5

5-бақылау кестесі (Мәре)

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл баллдары

«Старт-финиш» сызығын кесіп өтті	5
Көлік құралын «Старт-финиш» сызығына дейін 1 метрден астам қашықтықта тоқтатты	5
Жаттығудың басталу сызығын кесіп өткенге дейін оңға бұрылу көрсеткішін қосқан жоқ	5

6-бақылау кестесі

Жүргізуші болуға үміткердің қателіктері	Айыппұл балдары
Сынақ жаттығуларын орындаудың жалпы уақытынан асып кетті	100
Кешенде қарастырылған сынақ жаттығуларының кем дегенде біреуін өткізіп жіберді	100
Сынақ жаттығуларын орындау кезінде қозғалтқыш тоқтап қалды	20 (әрбір қате үшін)

Емтихандар қабылдау және
жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
7-қосымша

*Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің
07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Жүргізуші куәлігін беру бланкісі

Мемлекеттік корпорацияға _____

_____ (облыс, қала, аудан)

туған жылы _____ ЖСН _____

туған жері _____

_____ (облыс, қала)

_____ тұратын,

_____ жұмыс істейтін

жеке басты куәландыратын құжаттың сериясы _____, № _____

_____ берілген

_____ (қашан, кім)

Т.А.Ә (ол болған жағдайда)

_____ жүргізуші куәлігі ауыстырылсын, телнұсқасы берілсін _____

_____ (керек емесі сызылып тасталсын)

жүргізуші куәлігінің сериясы _____, № _____

_____ (облыс, өлке, республика)

_____ алған

_____ (күні, айы, жылы)

20__ жылғы «__» _____ жүргізуші куәлігі мынадай жағдайларда _____

_____ (баяндау)

жоғалды (ұрланды), төмендегі құжаттарды қоса беремін:
Ұрлық фактісі бойынша АПБ-ден анықтама (егер ұрланса) _____
ЖК жоғалған (ұрланған) кезде қажетті белгілер:
Өтініш берушінің қолы _____
Ауыстыру, телнұсқаны беру үшін құжаттарды қабылдаған ТЕБ лауазымды
адамы _____

_____ (қолы)

Қызметтік белгілер:
Сериясы _____, № _____ жүргізуші куәлігі 20__ жылғы «__» _____ берілді.
Оператор _____

_____ (қолы)

Осымен ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны
құрайтын жеке мәліметтерді пайдалануға, Мемлекеттік корпорация қызметкерінің
менің атымнан осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуына электрондық құжат

нысанындағы сұрау салуға қол қоюына, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация қызметкерінің менің фотосуретімді дайындауына және осы мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде оны одан әрі пайдалануына өз келісімімді беремін.

Көрсетілетін қызметті алушы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы))

Емтихандар қабылдау және жүргізуші
куәліктерін беру қағидаларына
8-қосымша

*Ескерту. 8-қосымша алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің
20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Емтихандар қабылдау және жүргізуші
куәліктерін беру қағидаларына
9-қосымша

*Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің
07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

НЫСАН

Жүргізуші куәліктерін беру тізілімі

№ р /с	Тегі, аты, әке- сінің аты (болса)	ЖСН (же- ке сәй- кестендіру нөмірі)	Ту- ған күні мен жері	Тұр- ғы- лық- ты жері	Бе- ру негі- зі	Хат- тама- ның нөмі- рі	Рұқсат етіл- ген са- наттар	Төлемді рас- тайтын құ- жаттың ата- уы, №	Со- ма- сы, тең- ге	ЖК сери- ясы, нөмі- рі	ЖК мерзі- мінің аяқта- луы	Алға- ны ту- ралы қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Уәкілетті адам:

(Т.А.Ә. (болған жағдайда))

(қолы)

20__ жылғы «__» _____

№ _____ парақ

Емтихандар қабылдау және жүргізуші
куәліктерін беру қағидаларына
10-қосымша

*Ескерту. 10-қосымша алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің
07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Емтихандар қабылдау және жүргізуші
куәліктерін беру қағидаларына
11-қосымша

*Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің
07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

НЫСАН

Ақаулы өнімді есепке алу актісі

20__ жылғы _____ үшін

Құжат- тың атауы	Сериясы мен нөмірі	Ақаулы өнімнің орны- на берілгені	Ақаудың туын- дау себептері	Т.А.Ә. (болған жағдайда) және ақауға жол берген адамның лауазымы	Қо- лы
1	2	3	4	5	6

Ақауы бар өнімнің орнына берілгені

Уәкілетті адам: _____
(қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))Жеткізушінің өкілі _____
(Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша
көлік құралдарының жекелеген түрлерін
мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларына
12-қосымша

*Ескерту. Қағидалар 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер
министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

НЫСАН

Құжаттарды қабылдау туралы № қолхат

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы көрсетіледі)

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның
атауы немесе олардың өкілдері)

Қабылданған құжаттардың тізбесі:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____

Қабылдады:

_____ / _____ / _____

Мемкорпорация қызметкері (қолы) (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

_____ жылғы «__» _____

Берілген уақыты мен күні: ____ сағ. ____ мин.

Емтихандарды қабылдау
және жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
13-қосымша

(қызмет алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. Қағидалар 13-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

«Мемлекеттік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік корпорация
қызметкері _____

(мекенжайын көрсету)

сіздің мемлекеттік қызмет тізілімінде көзделген құжаттар тізбесін, атап айтқанда:

1. _____;

2. _____;

3. _____ толық ұсынбауыңызға

байланысты

(мемлекеттік қызметтің атауын көрсету)

мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттар қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әр тарап үшін біреуден 2 данада жасалды.

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

Алдым: _____

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

Емтихандарды қабылдау
және жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
14-қосымша

**«Жүргізуші куәлігін беру» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың тізбесі**

Ескерту. Қағидалар 14-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.03.2020 № 280 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 26.09.2022 № 764 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Ішкі істер министрінің 10.04.2024 № 315 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.10.2024 № 743 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы: 1. Жүргізуші куәліктерін беру; 2. Алғаш рет және көлік құралдарын басқару құқығынан айырылғаннан кейін жүргізуші куәліктерін беру.		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Аумақтық полиция органдары
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау: 1) Мемлекеттік корпорация; 2) ЭҮП (www.egov.kz); 3) ақпараттандыру объектілері арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Мемлекеттік корпорация арқылы – 120 минут; ЭҮП, ақпараттандыру объектілері арқылы – 60 минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған) /қағаз.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жүргізуші куәлігіне мемлекеттік қызметті көрсетуден бастарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Жүргізуші куәлігін беру үшін мемлекеттік баж – 1,25 АЕК

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпараттандыру объектілерінің жұмыс кестесі	1) Дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. 2) ЭҮП, ақпараттандыру объектілері– жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	1) Жүргізуші куәлігін беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде: Жеке басты куәландыратын құжатты (жеке басты сәйкестендіру үшін), оның ішінде цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды нысанда; денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы медициналық анықтама (егер жүргізуші куәлігі оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін алмастыру жүзеге асырылса, ұсынылмайды); мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат; көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіби бірлестіктің ақпараттық жүйесі не «Авто-мектеп» ААЖ арқылы курстарды аяқтағаны туралы куәлікұсынылады. 2) ЭҮП, ақпараттандыру объектілері арқылы жүргізуші куәлігін беру үшін жүгінген кезде (жүргізуші куәлігін алғаш рет беру жағдайларын қоспағанда және көлік құралдарын басқару құқығынан айырылғаннан кейін): жеке басты куәландыратын құжат, оның ішінде цифрлық құжаттар сервисі арқылы электронды нысанда; денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы медициналық анықтама (егер жүргізуші куәлігі оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін алмастыру жүзеге асырылса, ұсынылмайды); мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат ұсынылады.
9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 тіркелген) Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыда айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы уақтылы орындалмаған қаулы және (немесе) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама болғанда; 4) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электронды нысанда және Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпараттық ашықтан қолжеткізу режимінде ЭҮП «жеке кабинеті» арқылы, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777 арқылы алу мүмкіндіктері бар. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары www.mvd.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Емтихандарды қабылдау және
жүргізуші куәліктерін
беру қағидаларына
15-қосымша

**Тестілеуді өткізу кезінде техникалық жарақтандыру бойынша ең төменгі
техникалық талаптар**

Ескерту. Қағидалар 15-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2023 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Тестілеуді өткізу кезінде жүргізушілікке үміткер адамдар жеке басын куәландыратын құжат бойынша сәйкестендіруден өтеді.
2. Тестілеу кезінде қолмен немесе жақтау түріндегі металл іздегіштер қолданылады. Тестілеуге іске қосу кезінде металл іздегіштерді қолдану тестілеуді өткізу кезінде жүргізушілікке үміткерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде, сондай-ақ олардың ғимаратқа байланыс құралдарын, электрондық-есептеу техникасын, фото-, аудио-және бейнеаппаратураны, анықтамалық материалдарды, жазбаша жазбаларды және ақпаратты сақтау мен берудің өзге де құралдарын алып кіруіне жол бермеу шеңберінде жүзеге асырылады.
3. Тестілеуді бастау үшін жүргізушілікке үміткер биометриялық сәйкестендіру арқылы жеке басын растауы қажет.
4. Тестілеу залдары жұмыс станцияларымен (кемінде Intel Core i3 процессоры, кемінде 4 Гб жедел жады), үй-жайлардынауасын баптағыш жүйелермен, диспенсермен жабдықталуы тиіс. Күту залы қарастырылуы тиіс.
5. Әрбір жұмыс станциясы тестілеу процесінің бейнежазбасын жүргізу үшін веб-камералармен жабдықталуы қажет.
6. Тестілеу залдары заманауи цифрлық бейне және аудио бақылау жүйесімен жабдықталуы тиіс. Тестілеуді өткізудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін аудиториялар өткізу пункттерінде жалпы бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.
7. Әрбір тестілеу залында басып шығару мүмкіндігі бар принтер орнатылуы қажет.

8. Әрбір тестілеу залы басқарылатын коммутатормен және жергілікті желімен жабдықталуы және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сай болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2014 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 862 бұйрығына
4-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күші жойылған кейбір
бұйрықтарының тізбесі**

1. "Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу, оларды тапсыру және куәліктер беру туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 бұйрығы, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6103 болып тіркелген және Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2010 жыл, № 4, 372-құжат.

2. "Көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу ережесін және Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу және куәліктер беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 5 тамыздағы № 394 бұйрығы, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7138 болып тіркелген және "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 138-142 (27215) санында жарияланған.

3. "Көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу ережесін және Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу және куәліктер беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 371 бұйрығы, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8511 болып тіркелген және "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 19 қазандағы № 235 (28174) санында жарияланған.

4. "Көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу ережесін және Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу және куәліктер беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 бұйрығының 1-тармағы 1) тармақшасының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 581 бұйрығы және "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 237 (28176) санында жарияланған.

5. "Көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу ережесін және Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу және куәліктер беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 11 бұйрығы, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9164 болып тіркелген және "Егемен Қазақстан" газетінің 2014 жылғы 7 маусымдағы № 111 (28335) санында жарияланған.

6. "Сенімхат негізінде көлік құралдарын пайдаланатын адамдарды тіркеу және есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 тамыздағы № 504 бұйрығы, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3840 болып тіркелген және "Юридическая газета" газетінің 2006 жылғы 14 қаңтардағы № 3 (264) санында жарияланған.